

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ ТІЛДІК
БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

ӘОЖ 81-13

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

**Қазақ тілі сабағында оқушылардың зияткерлік қабілетін арттырудың
тиімді жолдары**

7М01701– «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша

Торешова Қарлығаш Мұратқызы

Қаскелең, 2022

Сулейман Демирель атындағы университет
«Педагогика және гуманитарлық ғылымдар» факультеті
«Тілдік білім беру» кафедрасы

Бекітемін Кафедра меңгерушісі

PhD., ассистент профессор

Ногайбаева А.

« 04 » 06 2021 ж.

Диссертациялық жұмысты дайындау тапсырмасы

Магистрант: Торешова Қарлығаш Мұратқызы

Білім беру бағдарламасы: Қазақ тілі және әдебиеті

Тақырыбы: Қазақ тілі сабағында оқушылардың зияткерлік қабілетін арттырудың тиімді жолдары

Ғылыми кеңестің бұйрығымен бекітілген №093-05/84 « 26 » 01 2021 ж.

Диссертациялық жұмысты аяқтау мерзімі « 01 » 06 2020 22 ж.

Тапсырмалар мен диссертациялық жұмыстың қысқаша сипаттамасы:
Диссертациялық жұмыста қазақ тілі сабақтарында оқушылардың зияткерлік қабілетін арттырудың жолдары анықталды. Зияткерлік қабілеттің мәні ашылып, оны арттыру жолдары қарастырылды. Осы үрдістің қиындықтарын талқылау арқылы оқушылардың қазақ тілі сабақтарында білімді игеру дәрежесіне сәйкес зияткерлікті дамытуға бағытталған дидактикалық тапсырмалар жасалынды. Еліміздегі дарынды балаларға арналған мектеп бағдарламалары зерделеніп, сараланды.

Ұсынылатын әдебиеттер: Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Оқулық. - Алматы: 2014., Жарықбаев Қ.Б. Психология. Оқулық. - Алматы: 2004., Намазбаева Ж.И. Психология. Оқулық, - Алматы: 2006

Тапсырмалар бекітілген мерзім «21» 10 2021 ж.

Ғылыми жетекші: Ш.Л. Ерхожина П.ғ.к., СДУ профессор,

Ерхожина Ш.Л.

Магистрант: Қ.М. Торешова Торешова Қ.М.

АНДАТПА

Диссертация жұмысының тақырыбы: Қазақ тілі сабағында оқушылардың зияткерлік қабілетін арттырудың тиімді жолдары.

Жұмыстың құрылымы: зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан (тараушалардан), қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Диссертациялық жұмыстың көлемі: 79 бет, 2 кестеден, 3 диаграммадан тұрады. Зерттеу барысында 50 әдебиет қаралды.

Кілт сөздер: дарындылық, зияткерлік, зияткерлік әлеует, технология.

Диссертация жұмысының бірінші бөлімінде қазақ тілін терең оқытатын мектептер мен жалпы білім беретін мектептердегі қазақ тілінің білім бағдарламасына, білім беру мазмұнына талдау, салыстыру жасалды. Қазақ тілі бойынша ұзақ және қысқа мерзімді жоспарлар талқыланды. Қазақ тілі бойынша оқу мақсаттарына шолу жасалынды.

Диссертация жұмысының екінші бөлімінде қазақ тілін оқытуда қолданылатын технологияларға шолу жасалынды. Соның ішінен қазақ тілін оқытуда оқушылардың зияткерлік қабілетін арттыратын әдіс-тәсілдер жүйеленіп, тапсырмалар жасалынды. Сол тапсырмалар бойынша эксперимент жасалынып, нәтижесі көрсетілді.

Диссертация жұмысының қорытынды бөлімінде жалпы жұмыс мазмұны тиянақталып, зерттеу жұмысы бойынша жасалған тұжырымдамалар берілді. Диплом жұмысы бойынша қойылған мақсат-міндеттер орындалды.

АННОТАЦИЯ

Тема диссертационной работы: Эффективные способы повышения интеллектуальных способностей учащихся на уроках казахского языка.

Структура работы: исследовательская работа состоит из введения, двух глав (подглав), заключения и списка использованной литературы.

Объем диссертационной работы: имеет 79 страниц, 2 таблиц, 3 диаграмм, в ходе исследования было рассмотрено 50 литературы.

Ключевые слова: одаренность, интеллект, интеллектуальный потенциал, технология.

В первой части диссертационной работы анализ и сравнение образовательной программы казахского языка, содержания образования в школах с углубленным изучением казахского языка и школах со средним образованием. Обсуждены долгосрочные и краткосрочные планы по казахскому языку. Обзор целей обучения казахскому языку.

Во второй части диссертационной работы обзор технологий используемых в обучении казахскому языку. В частности, были разработаны методики и задачи по совершенствованию интеллектуальных способностей учащихся при обучении казахскому языку. Над этими задачами был проведен эксперимент и показаны результаты.

В заключительной части диссертационной работы подведено общее содержание работы и представлены концепции исследования. Цели и задачи дипломной работы выполнены.

ABSTRACT

Topic of the dissertation: Effective ways to improve the intellectual abilities of students in the lessons of the Kazakh language.

Structure of the dissertation: research work consists of an introduction, two chapters sub chapters, conclusion and last of references.

Volume of the dissertation: there are 79 pages, 2 tables, of three charts and during reference were 50 considered.

Keywords: giftedness, intellect, intellectual potential, technology.

In the first chapter of the dissertation analysis and comparison of the educational program of the Kazakh language, the content of education in schools with in-depth study of the Kazakh language and schools with secondary education. Long-term and short-term plans for the Kazakh language were discussed. Overview of the objectives of teaching the Kazakh language.

In the second chapter of the dissertation review of technologies used in teaching the Kazakh language. In particular, methods and tasks were developed to improve the intellectual abilities of students in teaching the Kazakh language. An experiment was conducted on these tasks and the results are shown.

In the final chapter of the dissertation summed up the general content of the work and presented the concept of the study. The goals and objectives of the thesis are fulfilled.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	8
1 БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Дарынды балаларға арналған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері ...	10
1.2 Дарындылықты анықтаудың шарттары және олардың зияткерлік әлеуетін айқындау	29
2 ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ЗИЯТКЕРЛІК ҚАБІЛЕТТІ ДАМЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ	
2.1 Қазақ тілі пәні арқылы зияткерлік қабілетті дамытудың әдіс-тәсілдері...	48
2.2 Қазақ тілі бойынша дарынды балаларға арналған жаттығу тапсырмалары үлгілері.....	60
2.3 Қазақ тілі пәні бойынша дарынды балалармен жүргізілген эксперимент нәтижелері	70
ҚОРЫТЫНДЫ	76
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	77

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Зерттеу жұмысында қазақ тілі сабақтарында оқушылардың зияткерлік қабілетін арттырудың жолдары анықталды. Зияткерлік қабілеттің мәні ашылып, оны арттыру жолдары қарастырылды. Осы үрдістің қиындықтарын талқылау арқылы оқушылардың қазақ тілі сабақтарында білімді игеру дәрежесіне сәйкес зияткерлікті дамытуға бағытталған дидактикалық тапсырмалар жасалынды. Еліміздегі дарынды балаларға арналған мектеп бағдарламалары салыстырылды.

Зерттеудің өзектілігі. Психология және педагогика ғылымдарының негізінде дарынды балаларды тәрбиелеп дамыту мәселесі қашанда өзекті. Осыған сәйкес, білім беру саласында озық тәжірибелер мен зерттеу еңбектері бар. Оқу-тәрбие үрдісінде тұлғаның зияткерлік әлеуетін дамыту мәселесіне барлық тарихи дәуірде көптеген философтар, педагогтар, психологтар, әлеуметтанушылар, түрлі ғылым өкілдері үлес қосты. Зерттеу барысында неміс классик, философтары Э.Кант [1,б.736] және Г.Гегельдің [2, б.457] еңбектерінде тұлғаның ақыл-ойын, ашылмаған мүмкіндіктерін дамыту жайлы идеялар, құнды пікірлер білдіргендері анықталды. Тұлғаның танымдық іс-әрекеттері мен зияткерлік мәселелері психолог-педагог ғалымдардың Я.А.Коменский [3, б.360], И.Г.Песталоцци [4, б. 255], А.М.Матюшкин [5, б.168], К.Д.Ушинский [6, б.475] зерттеулерінде қарастырылған, отандық ғалымдар Қ.Б.Жарықбаев [7,б.158] және Л.М.Нарикбаева [8,б.15] ж.т. басқа ғалымдардың ғылыми еңбектерінде тұлғаның зияткерлік әлеуетін дамыту мәселелерінің зерттелу деңгейін талдау негізінде әртүрлі аспектіде қарастырылғандығы анықталды. Ғылым мен техника дамыған заманда сапалы білімді, саналы тәрбиелі, бәсекеқабілетті, жан-жақты дамыған, функционалды сауатты тұлға қалыптастыру басты назарда. Осы аталған қабілеттерді оқушы бойына қазақ тілі пәні арқылы дарытып, олардың зияткерлік әлеуетін арттыруды маңызды деп санаймыз.

Зерттеу нысаны. Дарынды балаларға арналған мектептердегі қазақ тілі пәні.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы. Диссертациялық жұмыста зияткерлік ұғымына анықтамалар берілді. Зерттеу жұмысында қазақ тілі сабақтарында оқушылардың зияткерлік қабілетін арттырудың жолдары анықталды. Зияткерлік қабілеттің мәні ашылып, оны арттыру жолдары қарастырылды. Осы үрдістің қиындықтарын талқылау арқылы оқушылардың қазақ тілі сабақтарында білімді игеру дәрежесіне сәйкес зияткерлікті дамытуға бағытталған дидактикалық тапсырмалар жасалынды. Еліміздегі дарынды балаларға арналған мектеп бағдарламалары салыстырылды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Қазақ тілі пәні арқылы дарынды балалардың зияткерлік қабілетін анықтау, дамыту және оның әдістемелік жүйесін құру - жұмыстың негізгі мақсаты. Осы мақсаттардың негізінде төмендегідей міндеттер туындайды:

- орта білім беру жүйесіндегі дарынды балаларға арналған мектептерді анықтау;

- дарынды балаларға арналған мектептердің қазақ тілі білім бағдарламаларына шолу жасау;
- зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп, дарынды балаларды анықтаудың өлшемдерін айқындау;
- қазақ тілі пәні арқылы зияткерлік қабілетті дамытудың жолдарын айқындау, әдіс-тәсілдерін жүйелеу;
- зияткерлік қабілетті дамытудың әдістемесін құру, ұсыну.

Зерттеу тәсілдері мен әдістері. Жүйелеу, анализ: құрылымдық, контенттік, сандық әдіс, сапалық әдіс, салыстыру, синтез.

Зерттеу жұмысының жаңалығы.

- орта білім беру жүйесіндегі дарынды балаларға арналған мектептер анықталды;
- дарынды балаларға арналған мектептердің қазақ тілі білім бағдарламаларына шолу жасалды;
- зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды;
- дарынды балаларды анықтаудың өлшемдері айқындалды;
- зияткерлік қабілетті дамытудың әдістемесі жүйеленді;
- қазақ тілі пәні арқылы зияткерлік қабілетті дамытудың жолдары айқындалды;
- зияткерлік қабілетті дамытатын әдіс-тәсілдері жүйеленіп және әдістемесі ұсынылды.

Зерттеудің жариялануы мен мақұлданыуы. Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері 2-ғылыми мақалада көрініс тапты.

«Зияткерлік қабілетті арттырудың тиімді жолдары». 2021 International Young Scholars Conference, 477-483 бб. С.Демирель атындағы университет Қаскелең 2021;

«Қазақ тілін оқытуда қолданылатын тиімді технологиялар». «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми- педагогикалық, әдістемелік журналы №73,47-56 бб. 2022 ж;

Зерттеудің құрылымы мен көлемі. Зерттеу жұмысы кіріспеден, анықтамадан, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер бөлімнен тұрады.

1 БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Дарынды балаларға арналған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері

Әр дәуірде дарынды балалар ерекше әлеуметтік құқықтарға ие болуға құқылы ұлттық байлық ретінде қарастырылған. Антикалық дәуірдің өзінде дарынды балалар білім беру үдерісінің ерекше субъектісі болған. Сократ, Аристотель, Конфуций өмір сүрген ғасырларда дарынды балалар үлгі-өнеге және элиталық білім алған. Платон дарынды балаларды «Алтын балалар» деп атап оларға қолдау көрсетуге шақырған [8,б.315]. Қайта өрлеу дәуірінде дарындылық және оны танып білу мәселесімен Еуропалық ғалымдар айналысты. Батыста 1970 жылдары Америка Құрама Штаттары, Ұлыбританияда дарынды балаларға арналған арнайы білім беру бағдарламалары құрылып іске асса, ал Франция, Германия мемлекеттерінде дарынды балаларға арналған арнайы сыныптар мен гимназиялар ашылып жұмыс істей бастаған. 1980 жылдары Сингапур мемлекеті білім жөнінен жоғары жетістіктерге жеткен мемлекеттердің бірі болған. Сингапур мемлекетінде 1984 жылы дарынды балаларға арналған арнайы оқыту бағдарламасын енгізген. 1995 жылы Халықаралық қауымдастық өткізген ғылыми білімді бағалаудың халықаралық зерттеулерінің қорытындысы бойынша, білім жөнінен ең жоғары көрсеткішті Сингапур оқушылары көрсеткен.

Кеңес өкіметі кезінде де оқушыларға арналған сыныптан тыс, мектептен тыс жұмыстар жүйесі болған. Ресей Федерациясында «Ресей балалары» атты Президенттік бағдарлама негізінде «Дарынды балалар» бағдарламасы іске асқан. Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігін алғаннан кейін, 1998 жылдан бастап дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептер, дарынды балалармен жұмыс жөніндегі өңірлік ғылыми практикалық орталықтар жұмыс істей бастады. Республикалық деңгейде «Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы» Қазақстан Республикасының тұңғыш Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы №3002 өкіміне сәйкес және «Қазақстан Республикасы Білім» мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі жүйесінің ұйымдарын басқаруды жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 наурыздағы №256 Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық, ғылыми-практикалық орталығы құрылды [10]. Еліміздің өңірлерінде жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық, көп бейінді, музыкалық-эстетикалық, әскери және спорттық бағыттар бойынша дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдарын біріктіретін «Дарын» мектептерінің желісі жұмыс істейді.

2006 жылы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы үкіметтің №480 қаулысымен «Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды

балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаты» және оның желілері ашылды. 2008 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «Дарынды балаларға арналған жаратылыстану-математика бағытындағы зияткерлік мектептер» жобасы іске қосылды. Осы жобаны жүзеге асыру, зияткерлік мектептер желісін құру және олардың қызметін қамтамасыз ету, білім беру саласындағы инновациялық технологияларды енгізу мақсатында «Өркен» акционерлік қоғамы құрылған [11]. Дарынды балаларға арналған арнаулы мектеп-интеллектуалдық қызметтің әртүрлі түрлерінде қабілеттің жоғары деңгейін немесе жекелеген сабақтар (пәндер) бойынша ерекше дарындық көрсететін балаларды оқыту мен тәрбиелеуге бағытталған орта жалпы білім беретін оқу орындары үлгілерінің бірі.

Дарынды балаларға арналған арнаулы мектеп өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады. Арнаулы мектептің мақсаты - әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін дамыту, қабілеттіліктің тек осы оқушыға ғана тән ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашыл тұлға қалыптастыру үшін ерекше жағдайлар жасау. Мемлекеттің негізгі тірегі білімді де білікті азаматтар. Сондықтан, қоғам талабына сай ол қоғамды дамытатын жастар тәрбиелеу ең басты мәселе.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізілген. Бұл мәселелерді, сонау ХІХ ғасырда ағылшын, неміс педагог-психологтары: Гальтон, Э.Мейман, В.Штерн, ХХ ғасырда Д.Ж.Гильфорд, П.Торренс, К.Тейлор сияқты, Ресей психологтары Л.С.Выгодский, Б.Т.Ананьев, С.Рубинштейн ж.т.б. зерттеген. Қазақстанда бұл мәселе бойынша еңбек сіңірген ағартушы ғалымдары: Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Т.Тәжібаев, Ү.Жексенбаева және тағы басқалар. Қазақстанның барлық өңірінде дарынды балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдары бар. Арнаулы білім беру ұйымдарына түсу үшін оқушылар келесі жылдың 1 сәуіріне дейін конкурстық іріктеуден өтулері қажет. Арнаулы білім беру ұйымдарына 5,6,7- сынып оқушылары қабылданады. Ол үшін баланың ата-анасы немесе заңды өкілі қалаған арнаулы мектепке барып, арнайы құжаттарды тапсыру керек. Арнаулы мектептерге түсу үшін оқушылар арнайы емтихан тапсырады.

Емтихандар тестілеу форматында өтеді. Тестілеу форматтары қазақ тілі немесе оқу сауаттылығы, математика, ағылшын, логика, Қазақстан тарихы пәндері бойынша тапсырады. Конкурстық іріктеудің барлық тест тапсырмалары логикалық тапсырмаларды қамтитын оқу бағдарламасы негізінде құрастырылады. Талапкердің арнаулы білім беру ұйымына оқуға қабылдау талапкерлер арасындағы ең жоғары балл санына қарай жүзеге асырылады. Дарынды балаларға арналған арнаулы мектептердің қабылдау талаптары бойынша, білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар 2007 жылғы 27шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің

2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылы 19 шілдедегі №289 бұйрығымен бекітілген Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді [12]. Қор конкурстық емтихан материалдарын дайындау үшін білім беру, оқыту орталықтарымен, ұйымдарымен келісім-шарт жасайды. Конкурстық іріктеу тапсырмаларына қойылатын талаптар жасалатын келісім-шарттың талаптарында көрсетіледі. Барлық қағаз және электронды емтихан материалдары авторлық құқықпен қорғалып, тек емтиханда ғана пайдаланылады. Конкурс екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңнен жоғары балл жинаған талапкер екінші кезеңге өткізіледі. Екінші кезеңнен ең жоғары ұпайды иеленгендер мектепке қабылданады. Конкурстық нәтиже кезінде екі үміткердің ұпай сандары бірдей болған жағдайда мынадай санаттағы үміткерлерге басымдық беріледі: Республикалық немесе Халықаралық пәндік олимпиада, шығармашылық байқау мен спорттық жарыстардың жеңімпаздары қабылданады, қабылданбаған оқушы резервке кетеді.

Ерекше қажеттіліктері бар (ерекше білім беру қажеттіліктері бар) оқуға түсуге арналған конкурсқа қатысушылары үшін, егер де емтиханға тіркелер алдында тиісті құжатпен ерекше қажеттіліктері бар екендігі расталған болса, оқуға қабылдау конкурсын өткізудің ерекше шарттары болуы мүмкін. Оқуға қабылдау туралы шешім педагогикалық кеңес хаттамасымен рәсімделіп, директордың бұйрығымен бекітіледі. Білім деңгейі жоғары оқушылар мектепке қабылданған соң, мектепшілік тест және психологиялық тест тапсырады. Осы тест нәтижелеріне қарай жаңадан түскен оқушылар мықты қабілеттері бойынша олимпиада топтарына бөлінеді. 7 сыныптан бастап оқушылар, өз қабілетіне қарай күнделікті, сабақтан тыс олимпиада дайындықтарына қатысып, білімін жетілдіреді. Мектепшілік олимпиада тесттерінен жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушылар тікелей облыстық олимпиадаға жолдама алады. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымында оқығысы келетін талапкерлердің оқуына ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының «Өркен» білім беру грантын тағайындайды.

Елбасының «Өркен» білім беру грантын тағайындау қағидалары мен мөлшерлері «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес әзірленді. Орта білім беру ұйымдарында білім алатын, мектептердің 7-9 және 11 сыныптарында оқуға үміткер және жұмыс органы айқындаған талаптарға сәйкес құжаттар берген Қазақстан Республикасының азаматтары (бұдан әрі – үміткерлер) конкурсқа қатысуға жіберіледі. Құжаттарды қабылдау мерзімі мен орнын, сондай-ақ конкурсты өткізу мерзімін жұмыс органы айқындайды және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды. 7-сыныпта оқуға үміткерлер үшін конкурс жұмыс органы айқындайтын тәртіппен өткізілетін екі кешенді тестілеуден тұрады: 1) жаратылыстану-математикалық бағыттағы

пәндерді зерделеу қабілеттерін бағалау бойынша тест; 2) тілдік тест. Конкурстың қорытындысы бойынша комиссия нақты мектептер бойынша бөлінген гранттардың шегінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді зерделеу қабілеттерін бағалау бойынша тестілеуден және тілдік тестілеуден барынша неғұрлым жоғары жалпы балл жинаған 7-сыныпта оқуға үміткерлерге грант тағайындайды. Оқуға түскен оқушылар тест тапсырып, гуманитарлық және жаратылыстану бағыттары бойынша тереңдетіліп білім алады. Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі үздік олимпиада оқушылары бірден республикалық жарыстарға жолдама алады. Сабақ және олимпиададан бөлек, оқушылар түрлі үйірмелерге қатысып, өз қабілеттерін шыңдайды. Дарынды балаларға арналған мектептерге түскен білім алушылар мен ата-аналарына және педагогтарына жыл бойы міндетті түрде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүргізіледі. Негізінен, қазақ жеріндегі мектептердің ашылуына шолу жасар болсақ.

Қазақ жерінде 7-8 ғасырда Сайрам, Түркістан, Отырар, Испиджаб қалаларында, отырықшы аудандарында мұсылманша бастауыш мектеп, медреселер болған. Ауылдық мектептерде татар, башқұрт молдалары ұстаздық қызмет атқарған. Оқушылар мектепке 7 жастан бастап қабылданып, 4 жыл оқыған. Медреседе діни білімнен бөлек заңтану, тарих, философия, математика, астрология, медицина пәндері оқытылған. Қала медреселерінде ислам дінін үйретіп уағыздайтын бастаушын мұсылман мектептерінің молдаларын, қазиларды, жоғары лауазымды дін қызметшілерін даярлаған. Қалалардағы медреселер ірі мәдениет орталығы болған.

Белгілі ағартушы-демократтар, ақындар, зиялы қауымдардың көбісі осындай медреселерде оқып білім алған. Мысалы: Әбу Насыр әл-Фараби, бертін келе Семейдегі Ахмет Риза медресесінде Абай Құнанбаев, Уфадағы Ғалия медресесінде М.Жұмабаев, М.Сералин, Б.Майлин оқыды. Оқу мерзімі шәкірттің алғырлығына, үлгеріміне байланысты болған. Қалалық мектептердің жанында кітапханалар болған. Ал, ауылдық мектептер киіз үйде оқытылатындықтан, мұсылман мектептері ауылдармен көшіп жүретін. Қала мектептерін бай саудагерлер салып бегендіктен, арнайы үйлерде тұрақталған. Бірақ, бұл мектептерде оқу жоспары, білім бағдарламалары, тұрақты сабақ кестелері, жалпы жүйе болмаған.

Ресей империясы кезеңінде, патша үкіметінің әкімшілік жүйелері енгізіле бастауынан, тіл түсінетін, басқару орындарында істейтін тілмаштар мен шенеуніктер үшін арнайы орыс-қазақ мектептері ашыла бастады. 1789 жылы «Азиялық училище» оқу орны ашылып, ол оқу орнына қазақ балалары да қабылданды. 1841 жылы Бөкей Ордасында Жәңгір хан қазақ балалары үшін орыс мектебін ашты. 1825 жылы Кадет корпусы, 1846 жылы Шоқан Уәлиханов, Халиолла Оскенбаев, Садық Бабажанов оқыған Омбы кадет корпусы ашылды. 1850 жылы Орынбор жақтан 7 жылдық мектеп ашылды. 1864 жылы Ыбырай Алтынсарин тұңғыш интернаты бар қазақ мектебін ашты. Алғаш білім жүйесі құрылып, қазақ бабалары қабылданды. Білім беру жүйесі педагог-психолог Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский гуманистік идеяларына негізделіп жасалды. Ы.Алтынсарин әдістемелік нұсқаулық, кітаптар жаза бастады. Соның бірі:

«Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы», сонымен қоса діни кітап «Мұсылмандық шарттары». 1879-89 жылдары Емен, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерінде 2 сыныптық орыс-қазақ мектептерін, 1888 жылы Орскіде мұғалімдерін мектебін ашты. Келесі ұлт зиялылары, 1912 жылы Ахмет Байтұрсынов қазақ балаларына арнап тұңғыш «Әліппе» оқу құралын жазды. 1892 жылы жазған «Букварь для киргизов» 1925 жылға дейін 7 рет қайта басылып, қазақ мектептерінде оқу құралы ретінде пайдаланылған. 1922-23 жылы ұлт мектептерін төл оқулықпен, өз оқу бағдарламасымен қамту үшін ұлт зиялылары біраз іс-шараларды іске асырды. А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Қ.Сәтпаев және тағы басқалары алғашқы оқулықтардың жазылуына ат салысты. Олар: физика, грамматика, педагогика, математика, мектеп гигиенасы кітаптарын жазып, сонымен қоса балаларды қорғау, мектеп жүйесін құру, кәсіптік-техникалық тәрбие ісі туралы мәселелерді талқылады.

1920-30 жылдары республика мектептерінің оқу базасын күшейту үшін мемлекет тарапынан көп қаражат бөлінді. Жаңадан 367 мектеп салынып, 361 мектеп күрделі жөндеу жұмыстарын өткізді. Қазақ оқушыларының саны арта түсті. Бірақ бастауыш мектепте оқитын қазақ қыздарының саны өте аз болды. 1929 жылы араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшірілді. Ежелден ғылым, әдебиет, мәдени мұра болып келе жатқан араб тілінде жазылған оқулықтардың бәрі өртелді. Бұл оқиға оқу-ағарту ісіне тиген үлкен соққы болды.

1940 жылы латын әліпбиінен кириллицаға көшу елдегі оқу ағарту ісіне кері септігін тигізіп, елдегі ағарту ісі тағы да көп жылға шегеріліп қалды. 1954 ж. тың игеру науқаны кезінде елде 1960 жаңа кеңшар орнап, жүздеген жаңа мектеп салынды. 1960 ж. республика бюджетінен оқу-ағарту ісіне 2 миллиард сомға таяу қаржы жұмсалды. Қазақстанда төл оқулықтар жасау мәселесі мықтап қолға алынды. Бұл іспен Е.Бекмаханов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, І.Кенесбаев, А.Ысқақов, Т.Қордабаев, Ә.Маманов, М.Балақаев, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, т.б. республикаға белгілі ғалымдар айналысты.

Алайда бұл жылдары оқу-ағарту саласында жаңа мәселелер де туындады. Орталық Қазақстанға Ресей, Украина, Молдова, Беларусь республикаларынан тың көтеру науқанымен мыңдаған отбасылардың қоныс аударуына байланысты көптеген қазақ мектептері жабылып, аралас орыс-қазақ немесе таза орыс мектептеріне айналдырылды. Соның салдарынан Қазақстанда 700-ден астам қазақ мектебі жабылды, қазақ тіліндегі газет, журнал, кітап таралымы құлдырап кетті. 600 мыңнан астам қазақ баласы орыс мектептерінде оқуға мәжбүр болды.

Мың жарымнан астам аралас орыс-қазақ мектептері пайда болды. Осыған байланысты Қазақстан үкіметі орыс тілін 1-сыныптан бастап оқыту жөнінде қаулы алды. Бұл қазақ тілінің рөлін төмендетіп жіберді. Мектеп реформасын жүзеге асыру бағытында бірлескен кешенді шаралар белгіленді. Жоғары сынып оқушыларына кәсіптік бағдар берумен қатар электронды-есептеуіш микропроцессорлы техникамен қоса металлургия өндірісін, автоматика, телемеханика негіздерін оқыту қолға алынды. Ауыл мектептеріндегі оқушылар мал шаруашылығында жұмыс істеуге үйренді. Оқушылардың өндірістік бригадалары, дала қостары өмірге келді. Олар экономикалық жағынан тиімді

болып, кезінде елдің азық-түлік бағдарламасына елеулі үлес қосты. 1991 жылы жаңа үлгідегі мектептер мен арнаулы орта білім беретін оқу орындары: лицей, гимназия, кәсіптік-техникалық мектептер, колледждер өмірге келді. 2003 ж. республикада – 108 гимназия, 63 лицей, 289 лицейлік және гимназиялық сыныптары бар мектептер, дарынды балаларға арналған 30 мектеп жұмыс істеді. Сондай-ақ, 312 кәсіптік-техникалық мектепте 89 мыңнан астам оқушы, 382 колледжде 207 мыңнан астам студент оқыды.

1995 жылы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Ата заңда орта білім беру бағыты тегін әрі міндетті екендігі жарияланды. ҚР 1999 жылы 7 маусымда қабылданған «Білім беру туралы» жаңа заңында да жалпы білім беретін мектептердің 3сатыдан: 1-4 сыныптар бастауыш сыныптар, 5-9 сыныптар негізгі, 10-12 сыныптар жоғары сыныптар деп аталып, тұратындығы бекітілді. Жалпы білім беретін күндізгі және кешкі мектептер, кәсіптік мектептер, колледждерге орта білім лауазымы берілді. Орта білім алатын құзырлы орындарында оқушы мамандық алып қана қоймай, оқуын мектеп бағдарламасы бойынша аяқтайды.

«Білім беру туралы» Заңға сәйкес бұрынғы нормативтік құқықтық негіздер жаңартылып, мемлекеттік «Білім» беру бағдарламасы жасалды. «Білім беру бағдарламасында» білім беру жүйесінің жаңа реформаларға, қазіргі экономикалық және әлеуметтік, саяси жағдайларға сәйкестендірді. 1990 – 99 жылдары Қазақстан Республикасында білім саласына қатысты оннан астам мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Ол жоғарыда айтылып кеткен: «Дарын» мемлекеттік бағдарламасы. Дарынды балалардың шығармашылық дамуын қолдау мақсатын көздейді. Осы бағдарлама шеңберінде 1997 жылы республиканың сегіз облысында дарынды балалар үшін арнаулы мектептер мен мектеп-интернаттары бар республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығы құрылды [10]. 1996 жылдың соңында шет елдерде тұратын отандастарды қолдау мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Оның шеңберіне тарихи отанына оралған қандастарды оқыту мен қайта оқыту кіреді.

1997 ж. Орта білім жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Оның мақсаты – оқушылардың компьютерлік сауатын ашу, республика мектептерін мультимедиялық компьютерлік сыныптармен қамтамасыз ету, компьютерлік оқу бағдарламаларын, электрондық оқулықтар жасау, білім беруді басқару жүйесін ақпараттандыру. «Жалпы білім беретін мектептер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау және басып шығару туралы» кешенді бағдарлама қабылданды. Жалпы білім беретін мектептер үшін жаңа үлгідегі оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар жасауды мақсат етілді. Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы тілдерді оқытудың түпнұсқа бағдарламалары мен жаңа технологиясын дайындауды, қазақ тілін оқытуды тиімді жүргізуге байланысты оқулықтар, аудиокөру, компьютерлік бағдарламалар шығаруды көздейді. ҚР-да 1998 –2000 ж. кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кешенді бағдарлама, т.б. бағдарламалар бар. Жалпы, Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдардан бергі білім беру жүйесін келесі кезеңдерге бөліп қарастырамыз:

1991-1994 жж. - жоғары білімнің заңнамалық және нормативтік- құқықтық базасының қалыптасуы;

1995-1998 жж. - жоғары білім беру жүйесін және оның мазмұнын жаңарту;

1999-2004 жж. - білім беруді басқару мен қаржыландыру, білім беру ұйымдарына академиялық еркіндік беру;

2005-2010 жж. - «2015 жылға дейінгі Қазақстанның білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасы» негізінде нарықтық экономикаға жоғары білім беру жүйесін бейімдеу;

2011 жж. қазіргі уақытқа дейін - жаңа кезең, инновациялық дамуға бейімделген, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаудың ұлттық моделін қалыптастыру. Білім беру саласында жүргізілген реформаға сәйкес, 90-шы жылдары бірқатар өзгерістерге қол жетті:

- білім беру мекемелерінің күзиреті кеңейді;
- жалпы орта білім мен мемлекеттік оқу орындарында кәсіби білімді тегін оқытуға мемлекет кепілдігі берілді;

- үш тілде оқыту жүйесі енгізілді;
- мемлекеттік емес оқу орындарына рұқсат беріліп, басқа мемлекет азаматтарына ҚР азаматымен тең дәрежеде білім алуға рұқсат берілді;

- кредиттік жүйе мен тегін оқу гранты бөлінді;
- жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарына кәсіби білім алу мен мобильділік бойынша оқуға мүмкіндік берілді;

- ЖОО жоғары білімді шыңдауға мүмкіндік беретін негізгі әлеуметтік орын ретінде дербестікке ие болды.

1997 жылы Қазақстанда жаңа әлеуметтік стратегияның құрылуына негіз болған ұлттық жобалар дайындалды. Бұл бағдарламалар адами капиталды дамыту, оның білімі, денсаулығы, игілігіне қатысты сұрақтардың шешімін табуымен маңызды. Білім сапасын көтеруге байланысты елімізде 2005 жылға дейін шалғайда орналасқан ауылдық мектептерді қолдау негізімен «Ауыл мектебі» атты мемлекеттік бағдарлама жүргізілді. Бағдарламаның негізгі мақсаты еліміздегі ауылдық мектептерді белгілі бағыттар бойынша дамыту болды. Көптеген аймақта мектептер жетіспегендіктен, жауапты министрлік ауыл мектептерін білікті мамандармен қамтуды қолға алды. Осы шаралар «Білім» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жалғасын тапты.

Қазіргі кезде дарынды балаларға арналған мектептер ауылдық мектептермен бауырлас мектеп болып, әдістемелік жағынан қолдау көрсетіп отырады. 2004 жылы «ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» қабылданды. Ол мемлекеттің білім беру саясатын дамытудың ұзақмерзімді құжаты. Білім беру жүйесін дамытудың мақсаттары мен міндеттерін құрайтын, құрылымы мен мазмұнын және негізгі стратегиялық бағыттарын айқындайтын ғылыми-теориялық, әдіснамалық құжатты-тұжырымдама деп атаймыз. Тұжырымдама ҚР Конституциясына, «Білім туралы» ҚР Заңына, «Ғылым туралы» Заңға, «Қазақстан-2030» Стратегиясына, «Қазақстанның 2015 жылға дейінгі индустриалдық-инновациялық даму стратегиясына», «Білім» мемлекеттік бағдарламасына, Балалардың құқықтары

туралы конвенцияға және т.б отандық және халықаралық маңызды құжаттарға сәйкес әзірленді. Білім беруге байланысты қабылданған құжаттар экономикалық, қоғамдық жаңғыртудың барлық қажеттіліктеріне жауап береді және білім жүйесіне деген халықаралық талапты ескереді. Қазақстандық жүйенің құрылымы ЮНЕСКО ұсынған Халықаралық стандарттық білім беру бағдарламасының классификация өлшемдеріне сәйкес келтірілген. Білім туралы жаңа заңның 8-ші бабына сәйкес, білім алу жүйесі жеті сатыдан тұрады: мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім.

Жоғары білім саласын халықаралық дәрежеге көтеру Қазақстанның халықаралық аренада бәсекеге қабілетті мемлекет болуына тікелей ықпал етеді. Оны жүзеге асыру үшін 2012 жылдан бастап Қазақстанда көптілді білім беру жүйесі енгізілді. Әр мемлекеттің өзіндік білім беру жүйесі болады. Білім беру жүйесі арнайы мемлекеттік бағдарламаға сүйеніп жасалады. Қазақстан Республикасының өзіндік білім беру жүйесі бар. «Білім» беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының Үкіметінің нормативтік заңдарына сәйкес әзірленеді. Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының «Білім» туралы заңына сәйкес болуы керек және білім беру мазмұнын қамтуы тиіс. Мектептерде әр пән бойынша «Тақырыптық-күнтізбелік жоспар» жасалынады. Тақырыптық-күнтізбелік жоспар ҚР БҒМ «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» үлгілік оқу жоспарлары негізінде жасалынды. Білім беру бағдарламасының құрылымы түсінік хаттан, негізгі мәтіннен, авторлық бөлімдерден тұрады. Түсінік хат бөлімінде - мектепке дейінгі білім берудің мақсаттарын қысқа, ауқымды негізделген түрде көрсетеді, оқылатын материалдың құрылымы мен мазмұнын, іс-әрекет түрлерін, олардың функцияларын баяндайды. Бағдарламаның мәтінін, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру принциптері, оқушылардың жасерекшеліктерін, қойылған мақсатқа жетудің әдістемелік жүйесі мен құралдары, жүзеге асыруға қажетті шарттар, бағдарлама жасаудың тұжырымдамалық негіздері, оның авторының ойын, басқа бағдарламалардан айырмашылығы- түсінік хатта анық көрсетіледі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту, тәрбиелеу мазмұны, тақырып, бөлім, жас кезеңі, оқыту мен тәрбиелеудің әрбір бағыты бойынша педагогикалық іс—әрекеттің мақсат, міндеттері, балаларға қажетті білік, білім, дағдылар қалыптастыратын тұлғалық қасиет, қабілеттер, айналасындағымен орнатылатын қарым-қатынас тәжірибелері бағдарламаның негізгі мәтінінде баяндалады. Негізгі мәтінде айқын, жасы және жұмыс бағыттары бойынша балалармен істелетін жұмыстың негізгі мазмұны, оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдері мен құралдары жазылып көрсетілуі керек.

Бағдарламалардың авторлық бөлімі негізгі мәтінді нақтылайды. Мұнда бағдарлама бойынша жұмыс нәтижелерін диагностикалауға арналған материалдар болуы мүмкін; дамытушы ортаны, қажетті өзіндік ерекшелігі бар материалдарды бейнелеп жазу; педагогтардың өздік білімін көтеру үшін әдебиеттер, бұл бағдарлама бойынша педагогтар мен балалардың іс-

әрекеттерінің үлгілері; оны жүзеге асыруға әдістемелік ұсыныстар болады. «Білім беру бағдарламасына» әдістемелік ұсыныстар бағдарлама мәтініне жеке басылым болуы мүмкін. Бүгінде мектепке дейін білім беру жүйесінде әртүрлі көптеген авторлық кешенді, парциалды білім бағдарламалары бар, олар білім беру жүйесінде бар бағдарламаларға балама ретінде пайда болған, пайда бола береді де және апробацияланады. Әрбір бағдарлама педагогикалық процесті ұйымдастыруға әртүрлі көзқарасты негіздейді. Бүгінде мектепке дейінгі мекеменің бағдарламаны және оны іске асыру технологиясын таңдауына құқығы бар (мұның жағымды да, жағымсыз да жақтары бар).

Мемлекеттік білім беру стандарты педагогикалық процесті шектемейді, белгілі бір қалыппен жүргізбейді, оны біліксіздіктен қорғайды және белгіленген минимуммен қатар әртүрлі қосымшаларды да беруді көздейді. Стандарт орындау-мемлекеттің бәріне бірдей тең білім беруді қамтамасыз етумен байланысты баланың, отбасының, қоғамның алдындағы міндеттемесін орындау.

Білім беру бағдарламалары жасалу кезеңінде мемлекеттік деңгейдегі сараптамадан, тәжірибе эксперименттік апробациядан өтеді, содан кейін ғана енгізілуге жіберіледі. Мектепке дейінгі мекеме мамандары кешенді білім беру бағдарламасын таңдауда ерікті. Ол парциалдық бағдарламалармен толықтырылуы мүмкін (дайын немесе авторлық), бірақ бұл балалардың жүктемесінің олардың денсаулығын сақтау нормаларын сақтау және кешенді бағдарламаны орындау жағдайында болуы тиіс. Ұзақ уақыт мектепке дейін білім беру жүйесінде бір бағдарлама М. А. Васильеваның «Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы» (ол түзетулерімен 1962 жылдан) қолданылып келді. Бүгінде бағдарламалардың көптігі жағдайында мектепке дейінгі мекемелер білім беру траекторияларын және бағдарламаларын өздері таңдайды, оған өзгерістер енгізеді, мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес авторлық бағдарламалар енгізеді. Бұл траекторияны анықтау кезеңінде мамандарға бірқатар ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарды орындау маңызды.

Дарынды балаларға арналған мектептердегі қазақ тілі пәнінің білім мазмұнына шолу жасайтын болсақ: Оқу бағдарламасы мемлекеттік стандарттық құжаттар мен нормативтік құқықтық актілерге сай жасалған. Қазақ тілі пәнін оқытудың мақсаты – Мектепке сай лингвистикалық білім беру, қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана алатын, тілді қастерлейтін, шығармашыл тұлға қалыптастыру [13]. «Қазақ тілі» оқу пәнін тереңдетіп оқытудың негізгі міндеттері: Қазақстан аумағында қазақ тілін еркін қолдана алуы, коммуникативтік дағдыларды жетілдіріп, сауатты жазып, еркін сөйлету үшін. Оқушылардың мәтіннің тип, стиль, жанрын тану үшін мәтінді құрайтын барлық тілдік құралдарды, синтаксистік құрылымдарды, лексикалық бірліктерді, сөздің дыбыстық және морфемдік құрамын тануға үйрету. Ауызша және жазбаша мәтін тудыру дағдыларын жетілдіру үшін орфоэпия және орфография нормаларын білу, сөйлеу мәдениетін және шешендік өнерді меңгерту. Түрлі стильдер мен жанрларда мәтін тудырудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру. Мәтіндерге қойылған мақсатқа сәйкес қорытынды синтез, анализ жасау, бағалау дағдыларын

қалыптастыру. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлеміне тоқталар болсақ: 5-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат; 6-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат; 7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат; 8-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат; 9-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат. Оқу мақсаттары қазақ тілін ғылыми пән ретінде оқитын білім алушыларға мәтінтану мен мәтінтудыру дағдыларын жетілдіру арқылы өмірге қажет функционалды білім беруді көздейді. Мұның өзі орта мектеп деңгейіне сай лингвистикалық білім алуға негізделеді.

Оқу мазмұны 3 бөлімнен тұрады: мәтінтану, мәтінтудыру, әдеби тіл нормалары.

Мәтінтану аты айтып тұрғандай мәтінді тыңдау және оқу арқылы мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі, қосымша ойды таба білу, мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу, әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алып мәтіннің стилі мен жанрын, мәтіннің типтерін және әр типке тиісті қолданылатын тілдік құралдарын ажырата білуден тұрады;

Мәтінтудыру бойынша оқушылар мәтіннің мазмұнын айту кезінде орфоэпиялық нормаларды сақтаудан бастап, тіл мәдениетінің талаптарын орындай отырып, шешен сөйлеу деңгейіне жетуді көздейді. Білім алушы орфография және пунктуация талаптарын сақтай отырып, барлық стильдер мен жанрларда мәтін жаза алу арқылы мәтінтудыру дағдысын жетілдіруді көздейді;

Әдеби тіл нормалары: айту және жазу әрекеті кезінде лексика-грамматикалық нормаларды, оның ережелерін және ерекшеліктерін қатаң сақтауды үйретуді көздейді.

Мәтінтану бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады: мәтіннің мазмұнын тану; мәтіннің стилі мен жанрын тану.

Мәтінтудыру бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады: ауызекі сөйлеу және көркем әдебиет стильдерінде мәтінтудыру; ауызекі және көркем әдебиет стилінде ауызша сөйлеу; ресми стильде мәтінтудыру, сөйлеу; публицистикалық стильде мәтінтудыру, сөйлеу; ғылыми стильде мәтінтудыру, сөйлеу.

Әдеби тіл нормаларын сақтау бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады: лексика-грамматикалық норма; орфографиялық норма; орфоэпиялық норма; пунктуациялық норма.

7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

Мәтінтану: оқушылар оқылым стратегияларын қолданып, мәтінді зерттеп оқиды. Тыңдалым мәтіндерін тыңдап сол мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастырады; мәтіннің қарым-қатынас формасын диалогтік мәтін, монологтық мәтін, полилогтық мәтін қылып ажыратуды үйренеді. Мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстырып, сол мәтін арқылы негізгі ойды анықтап үйренеді. Мәтіннің функционалды-мағыналық типін талқылап, көркем әдебиет пен публицистикалық стильдің өзіне тән белгілерін салыстырады. Публицистикалық стильге тән жанрларды ажыратуды үйреніп және публицистикалық стильге тән тілдік ерекшеліктерді танып, талдайды;

Мәтінтудыру бойынша оқушылар әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, өлеңдерді сюжетті мәтінге айналдырып үйренеді. Нешетүрлі бейнебаян желісіне сүйеніп оқиғаны көркем мәтін стилінде мазмұндау дағдыларын қалыптастырады және тілдік қарым-қатынас кезінде бейвербалды құралдарды ұлттық талаптарға сай қолданып, берілген үлгі бойынша іс-қағаздар :өмірбаян, мінездеме, түйіндеме стиль түрінде мәтін жазады. Публицистикалық стильге тән ерекшеліктерді сақтай отырып, монолог айту немесе диалогқа белсене қатысу дағдыларын жетілдіреді. Тақырыпқа сәйкес сипаттау, баяндау түрінде эссе жазып, ғылыми мәтінді жинақтап аннотация жазу және оны тезиске айналдырып баяндайды.

Келесі әдеби тіл нормалары: Лексика-грамматикалық норма бойынша: атауыш және көмекші сөздерді ажыратып үйренеді. Етістіктің түрлері мен категорияларының ерекшеліктерін танып сөз таптарына (сын есім, етістік) морфологиялық талдау жасауды үйренеді. Айтылым, жазылым кезіндегі үндестік заңын тану, фонологиялық талдау жасайды. Сөздердің түпкі және туынды мағынасын ажыратуды үйреніп, лексикалық талдаулар жасап, сөйлем мүшелерінің сөйлемдегі қызметін ажырата білуді үйреніп, синтаксистік талдау жасауды жетік меңгереді.

Тілдік төрт дағдының келесісі айтылым-жазылым нормалары:

Бірінші, орфографиялық норма. Оқушылар буын үндестігінің нормасын және оларға жалғанатын қосымшалар мен буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалардың жазылу ерекшеліктерін үйренеді; Келесісі: пунктуациялық норма: сөйлем соңына қабаттаса қойылатын тыныс белгілерді үйреніп, сауатты жазуға машықтанады; Соңғысы, орфоэпиялық норма: сөздердің жуан-жіңішкелік үндесімі мен ерін үндестігі нормаларын дұрыс қолдануды үйренеді.

8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

Мәтінтану: оқылым стратегияларын қолданып, талдап оқу; тыңдалым мәтіні бойынша альтернативті сұрақтар құрастыру; тақырыбы ұқсас әртүрлі стильдегі мәтіндердің түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау, пайымдау) салыстыра талдау; мәтіннің коммуникациялық табиғатына талдау жасау арқылы негізгі ойды анықтау; мәтінді ақпараттың өзектілігі мен құндылығы тұрғысынан бағалау; ресми стильдің қызметі мен өзіне тән рәсімделу үлгілерін білу; ресми стильге тән жанрларды ажырата білу; ресми іс-қағаздар стиліне тән тілдік ерекшеліктерді тану және талдау;

Мәтінтудыру: берілген тақырыптардың бірін таңдап, пайымдау мәтінін жазу; көркем мәтін стилінің тілдік ерекшеліктерін сақтап, түрлі жанрларда мәтін тудыру дағдыларын қалыптастыру; ауызша сөйлеу және өлең оқу кезінде интонацияның құрамдас бөліктерін сақтау; берілген үлгі бойынша іс-қағаздар стилінде (алғыс хат, сұраныс хат) мәтін жазу; публицистикалық стильге тән ерекшеліктерді сақтай отырып, көпшілік алдында оқуға арналған үндеу, уағыз, үгіт-насихат мәтіндерін құрастыру; автордың негізгі ойын сақтай отырып, сұхбат құрастыру; берілген тақырып бойынша презентация дайындау және оны көпшілік алдында қорғау;

Әдеби тіл нормаларын сақтау: лексика-грамматикалық норма: сөз таптары (одағай, еліктеу, оқшау сөздер) және оның мағыналық түрлерін ажырату; сөз таптарының сөйлемдегі қызметін тану; сөз таптарына (еліктеу, одағай, оқшау сөздер) морфологиялық талдау жасау; сөз арасындағы дыбыстық өзгерістерді ажырата білу; етістіктерді лексика-грамматикалық топтарға ажырата білу, лексикалық мағынасын ашу; сөз тіркесінің сөйлемдегі байланысу тәсілдері мен түрлерін ажырата білу, синтаксистік талдау жасау.

Айтылым-жазылым нормалары: орфографиялық норма: дыбыстардың түрленімі, құранды дауысты дыбыстар, буын жігі және тасымал, күрделі атаулар мен қысқарған сөздер емлесі; пунктуациялық норма: сөйлем ішіне қабаттаса қойылатын тыныс белгілерді білу; орфоэпиялық норма: сөйлеу ішіндегі, сөз арасындағы дыбыс өзгерістерінің орфоэпиялық нормаларын сақтау.

9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

Мәтінтану: белгілі мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу; тыңдалым мәтіні бойынша соқраттық сұрақтар құрастыру; мәтіннің мағыналық құрылымын қамтамасыз ететін талаптарына талдау жасау (байланыстылық, бүтіндік, қисындылық, ақпараттылық); мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; проблемалық мәтіннің мазмұнын сыни тұрғыдан бағалау, оны шешу жөнінде өз болжамын айту; ресми стиль мен ғылыми стильдің өзіне тән ерекшеліктерін салыстыру; мәтіннің құрылымы мен рәсімделуі арқылы ғылыми стильге тән жанрлық ерекшеліктерін ажырату; ғылыми стильге тән ерекшеліктерді білу және қолдану;

Мәтінтудыру: берілген шығарманы талқылап, сыни мәтін тудыру; түрлі жанрларда көркем мәтін тудыру кезінде паймыдау және қорытындылау дағдыларын қалыптастыру; сөздің композициясын, сөйлеу техникасын, сөз өнерін игеру дағдыларын жетілдіру; берілген үлгі бойынша іс-қағаздар стилінде (заң баптарын құрастыру) мәтін жазу; көпшілік алдында сөйлеу техникасын жетілдіру, келтірген фактілерге сендіру қабілетін және суырыпсалма өнерін, ділмарлықты жетілдіру; берілген тақырыпта салыстыру, дәлелдеу эссесін жазу; терминдер мен кәсіби сөздерді қолданып ғылыми жұмыс жазу және қорғау;

Әдеби тіл нормаларын сақтау: лексика-грамматикалық норма: сөз таптары және оның мағыналық түрлерін ажырату; грамматикалық ұғымдарды (форма, мағына, категория) ажырату; мәтіндегі барлық сөздердің морфологиялық құрамын білу, барлық сөз таптарына морфологиялық талдау жасау; сөйлемдерді сөз сазына қарай ырғақтық топтарға бөлу; сөз мағынасының түрлері және оларды типтендіре білу, лексикалық талдау жасау; сөйлемнің құрылымдық, мағыналық түрлерін білу, сөйлемдерге кешенді синтаксистік талдау жасау.

Айтылым-жазылым нормалары: орфографиялық норма: кірме сөздердің игерілген және игерілмеген түрлерін жазу ережелерін және жалпы қазақ тілінің емле ережелерін сақтау; пунктуациялық норма: тыныс белгілердің қойылым ұстанымдарын (мағыналық, грамматикалық, интонациялық) білу; орфоэпиялық норма: сөйлемді ырғақты топтарға бөліп, сөйлеу сазын сақтап айту дағдыларын жетілдіру.

Оқыту мақсаттарының жүйесі. Бағдарламада оқыту мақсаттары сан мен әріптен тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім мен бөлімше, төртінші сан бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік номерін көрсетеді. 5.1.2.1 кодында: «5» – сынып, «1.2» – бөлім мен бөлімше, «1» – оқыту мақсатының реттік саны. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген. Мысалы: Мәтінтану бойынша 7сынып. 7.1.1.1 оқылым стратегияларын қолданып, зерттеп оқу, 7.1.1.2 тыңдалым мәтіні бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру, 7.1.1.3 мәтіннің қарым-қатынас формасы ажырату (диалогтік, монологтік, полилогтік), 7.1.1.4 мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыру арқылы негізгі ойды анықтау, 7.1.1.5 мәтіннің функционалдық-мағыналық типін талқылау. 7.1.2.1 көркем әдебиет пен публицистикалық стильдің өзіне тән белгілерін салыстыру, 7.1.2.2 публицистикалық стильге тән жанрларды ажырата білу, 7.1.2.3 публицистикалық стильге тән тілдік ерекшеліктерді тану және талдау. Көркем әдебиет және ауызекі сөйлеу стильдерінде айтылым, жазылым дағдыларын жетілдіру: 7.2.1.1 әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, өлеңдерді сюжетті мәтінге айналдыру 7.2.1.2 бейнебаян желісіне сүйеніп, оқиғаны көркем мәтін стилінде мазмұндау дағдыларын қалыптастыру 7.2.1.3 тілдік қарым-қатынас кезінде бейвербалды құралдарды ұлттық талаптарға сай қолдану. Ресми іс-қағаздар стилінде жазылым дағдыларын жетілдіру: Публицистикалық стильде айтылым, жазылым дағдыларын жетілдіру: 7.2.2.1 берілген үлгі бойынша іс-қағаздар стилінде (өмірбаян, мінездеме, түйіндеме) мәтін жазу;

7.2.3.1 публицистикалық стильге тән ерекшеліктерді сақтай отырып, монолог айту немесе диалогқа белсене қатысу дағдыларын жетілдіру; 7.2.3.2 тақырыпқа сәйкес сипаттау, баяндау түрінде эссе жазу; Лексика-грамматикалық норма: 7.3.1.1 атауыш және көмекші сөздерді ажырату; 7.3.1.2 етістіктің түрлері мен категорияларының ерекшеліктерін тану; 7.3.1.3 сөз таптарына (сын есім, етістік) морфологиялық талдау жасау; 7.3.1.4 айтылым, жазылым кезіндегі үндестік заңын тану, фонологиялық талдау жасау; 7.3.1.5 сөздердің түпкі және туынды мағынасын ажырата білу, лексикалық талдау жасау; 7.3.1.6 сөйлем мүшелерінің сөйлемдегі қызметін ажырата білу, синтаксистік талдау жасау. Айтылым- жазылым нормалары: 7.3.2.1 буын үндестігінің нормасын және оларға жалғанатын қосымшалар буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалардың жазылу ерекшеліктерін білу 7.3.2.2 сөйлем соңына қабаттаса қойылатын тыныс белгілерді білу 7.3.2.3 сөздердің жуан-жіңішкелік үндесімі мен ерін үндестігі нормаларын сақтауға дағдылану.

Оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр тарауда қамтылуы тиіс оқу мақсаттарының көлемі белгіленген. Тоқсандағы бөлімдер мен бөлімшелер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

8-сынып. Қазақ тілі пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарға шолу жасайтын болсақ, 8-сыныптарда қазақ тілі пәні аптасына 4 сағат өткізіледі. Барлығы, 136сағат. Күнтізбелік тақырыптық жоспар лексикалық және грамматикалық тақырыптар болып екіге бөлінеді. Бірінші тоқсанға 36 сағат бөлінген. I бөлімнің тақырыбы «Тілге жеңіл, құлаққа жылы тиіп...» Фонетика бойынша 18 сағат бөлінген. Бірінші бөлім бойынша өтілетін тақырыптар тізімі: Қазақ руханиятының көсемі, қазақ тіл білімінің атасы, А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегі, қазақ сөзіндегі дыбыстар һәм олардың харіфтері, жазу қағидалары, дыбыс қалай пайда болады? дыбыс айту кемшіліктері мен оны түзету жолдары, дыбыс толқындары, дыбыс қалай таралады? қазақ тілі дыбыстарының естілімі, дыбыстық ақпарат, диктант және нәтиже сабақ.

Грамматикалық тақырыптар бойынша бірінші тоқсанға арналған тақырыптар: Қазақ фонетикасы, дауысты дыбыстар, кірме әріптердің дыбыс мәні, құранды дауысты дыбыстар, фонологиялық талдау үлгісі, дауыссыз дыбыстар, дауыссыз дыбыстардың жіктелімі, қазақ тілі дыбыстарының түрленімі,фонологиялық талдау үлгісі, тілдік талдау жұмыстары, тілдік талдау жұмыстары. Әр фонетикалық тақырып пен грамматикалық тақырыпқа екі сағаттан бөлінген. Бірінші тоқсан бойынша оқу мақсаттарының мазмұны: 8.1.1.1 оқылым стратегияларын қолданып, талдап оқу, 8.3.1.4 сөз арасындағы дыбыстық өзгерістерді ажырата білу; 8.2.1.1 берілген тақырыптардың бірін тандап, пайымдау мәтінін жазу, 8.1.1.3 тақырыбы ұқсас әртүрлі стильдегі мәтіндердің түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау, пайымдау) салыстыра талдау, 8.1.1.1 оқылым стратегияларын қолданып, талдап оқу, 8.2.1.2 көркем мәтін стилінің тілдік ерекшеліктерін сақтап, түрлі жанрларда мәтін тудыру дағдыларын қалыптастыру, 8.1.1.2 тыңдалым мәтіні бойынша альтернативті сұрақтар құрастыру, 8.2.3.2 автордың негізгі ойын сақтай отырып, сұхбат құрастыру, 8.3.2.1 дыбыстардың түрленімі, құранды дауысты дыбыстар, буын жігі және тасымал, күрделі атаулар мен қысқарған сөздер емлесі, 8.1.1.3 тақырыбы ұқсас әртүрлі стильдегі мәтіндердің түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау, пайымдау) салыстыра талдау, 8.2.1.2 көркем мәтін стилінің тілдік ерекшеліктерін сақтап, түрлі жанрларда мәтін тудыру дағдыларын қалыптастыру, 8.3.1.4 сөз арасындағы дыбыстық өзгерістерді ажырата білу, 8.1.2.1 ресми стильдің қызметі мен өзіне тән рәсімделу үлгілерін білу, 8.2.3.2 автордың негізгі ойын сақтай отырып, сұхбат құрастыру, 8.3.1.4 сөз арасындағы дыбыстық өзгерістерді ажырата білу, 8.3.2.1 дыбыстардың түрленімі, құранды дауысты дыбыстар, буын жігі және тасымал, күрделі атаулар мен қысқарған сөздер емлесі, 8.3.2.1 дыбыстардың түрленімі, құранды дауысты дыбыстар, буын жігі және тасымал, күрделі атаулар мен қысқарған сөздер емлесі, 8.2.1.3 ауызша сөйлеу және өлең оқу кезінде интонацияның құрамдас бөліктерін сақтау.

II бөлім қазақтың айтыс өнері және сөз мағынасы барлығы 18 сағат. Лексикалық тақырыптар: Сөз барымтасы, сөз майданы, жұмбақ айтыс, жануарлар мен адам айтысы, айтыс мектептері, бәдік айтыс, жар-жар айтыс, осы күнгі айтыс, тәуелсіздік тұсындағы айтыскерлер, диктант, тжб, нәтиже сабақ. Екінші тоқсанға 32 сағат бөлінген. Үшінші бөлім тақырыбы: «Жақсы сөз жан

семіртеді». Ұлттық этикет – 16 сағат. Лексикалық тақырыптар: Қазақ қалай амандасқан? әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі, сөз – әдет – мінез – тағдыр, жақсы сөз – жарым ырыс, сөз қадірі – өз қадірім, сөз тапқанға қолқа жоқ, бірінші көргенде, безін сыйлайды, танысқаннан кейін өзін сыйлайды, қоштасу – қазақтың салт жыры, қоштасу формалары, диктант, нәтиже сабақ.

Грамматикалық тақырыптар: сәлемдесу этикеті, қаратпа сөздерді қолданудың этикеті, рұқсат сұрау этикеті, алғыс айту этикеті, құттықтау үлгілері, өтініш айту этикеті, танысу этикеті, қоштасу этикеті, қоштасу этикеті, тілдік талдау жұмыстары. Екінші бөлім бойынша қамтылатын оқу мақсаттары: 8.1.1.4 мәтіннің коммуникациялық табиғатына талдау жасау арқылы негізгі ойды анықтау; 8.2.3.1 публицистикалық стильге тән ерекшеліктерді сақтай отырып, көпшілік алдында оқуға арналған үндеу, уағыз, үгіт-насихат мәтіндерін құрастыру; 8.1.2.3 ресми іс-қағаздар стиліне тән тілдік ерекшеліктерді тану және талдау; 8.3.1.3 сөз таптарына (еліктеу, одағай, оқшау сөздер) морфологиялық талдау жасау; 8.1.2.3 ресми іс-қағаздар стиліне тән тілдік ерекшеліктерді тану және талдау; 8.2.4.1 берілген тақырып бойынша презентация дайындау және оны көпшілік алдында қорғау; 8.1.1.4 мәтіннің коммуникациялық табиғатына талдау жасау арқылы негізгі ойды анықтау; 8.3.1.3 сөз таптарына (еліктеу, одағай, оқшау сөздер) морфологиялық талдау жасау; 8.1.2.3 ресми іс-қағаздар стиліне тән тілдік ерекшеліктерді тану және талдау; 8.2.3.1 публицистикалық стильге тән ерекшеліктерді сақтай отырып, көпшілік алдында оқуға арналған үндеу, уағыз, үгіт-насихат мәтіндерін құрастыру; 8.2.3.1 публицистикалық стильге тән ерекшеліктерді сақтай отырып, көпшілік алдында оқуға арналған үндеу, уағыз, үгіт-насихат мәтіндерін құрастыру; 8.3.1.3 сөз таптарына (еліктеу, одағай, оқшау сөздер) морфологиялық талдау жасау; 8.1.1.4 мәтіннің коммуникациялық табиғатына талдау жасау арқылы негізгі ойды анықтау; 8.1.2.3 ресми іс-қағаздар стиліне тән тілдік ерекшеліктерді тану және талдау; 8.3.2.1 дыбыстардың түрленімі, құранды дауысты дыбыстар, буын жігі және тасымал, күрделі атаулар мен қысқарған сөздер емлесі; 8.3.1.3 сөз таптарына (еліктеу, одағай, оқшау сөздер) морфологиялық талдау жасау;

Төртінші бөлім тақырыбы: алғашқы махаббат. Қимылдың өту сипаты бойынша 16 сағат бөлінген. Лексикалық тақырыптар: Абай танымындағы «Үш сүю», «Менің атым - Қожа», Қыз Жібек пен Төлеген, Мұңлық пен Зарлық, Ләйлі мен Мәжнүн, Еңлік пен Кебек, Қалқаман мен Мамыр, Махаббатқа арналған өнер туындылары, Диктант, ТЖБ, Нәтиже сабақ. Грамматикалық тақырыптар: Қимылдың қайталануы, қимылдың тез, бірден жасалуы, қимылдың күтпеген жерден, кенеттен болуы, қимылдың ықылассыз, ынтасыз жасалуы, қимылдың созылықты тәсілі, көмекші етістіктер, еді, екен көмекші етістіктерінің қолданысы, отыр, тұр, жатыр, жүр етістіктерінің көмекші етістік формасында қолданылуы, тілдік талдау жұмыстары 2сағат.

Оқу мақсаттары: 8.1.1.5 мәтінді ақпараттың өзектілігі мен құндылығы тұрғысынан бағалау; 8.2.1.1 берілген тақырыптардың бірін тандап, пайымдау мәтінін жазу; 8.3.1.5 етістіктерді лексика-грамматикалық топтарға ажырата білу, лексикалық мағынасын ашу; 8.3.2.1 дыбыстардың түрленімі, құранды дауысты

дыбыстар, буын жігі және тасымал, күрделі атаулар мен қысқарған сөздер емлесі; 8.2.1.2 көркем мәтін стилінің тілдік ерекшеліктерін сақтап, түрлі жанрларда мәтін тудыру дағдыларын қалыптастыру; 8.1.1.3 тақырыбы ұқсас әртүрлі стильдегі мәтіндердің түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау, пайымдау) салыстыра талдау; 8.2.3.2 автордың негізгі ойын сақтай отырып, сұхбат құрастыру; 8.1.1.1 оқылым стратегияларын қолданып, талдап оқу; 8.2.1.3 ауызша сөйлеу және өлең оқу кезінде интонацияның құрамдас бөліктерін сақтау; 8.1.1.3 тақырыбы ұқсас әртүрлі стильдегі мәтіндердің түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау, пайымдау) салыстыра талдау; 8.3.1.3 сөз таптарына морфологиялық талдау жасау; 8.1.1.2 тыңдалым мәтіні бойынша альтернативті сұрақтар құрастыру; 8.2.4.1 берілген тақырып бойынша презентация дайындау және оны көпшілік алдында қорғау; 8.3.2.1 дыбыстардың түрленімі, құранды дауысты дыбыстар, буын жігі және тасымал, күрделі атаулар мен қысқарған сөздер емлесі; 8.3.1.3 сөз таптарына морфологиялық талдау жасау;

Үшінші тоқсанда 36 сағат. Оқушылар бесінші бөлімді оқиды. Бесінші бөлімнің тақырыбы : Ауызекі сөйлеу стилі. Еліктеу және оқшау сөздер барлығы 10 сағат. Лексикалық тақырыптарына келер болсақ: Деген екен; бұратана сөздер; отбасы, ошақ қасы; жастар тілі, тұрмыстық қарым-қатынас; Абай туындыларындағы оқшау сөздер; нәтиже сабақ. Грамматикалық тақырыптар: Еліктеу сөздердің түрлері; еліктеу сөздердің емлесі, оқшау сөздер: одағай; одағайдың түрлері: көңіл-күй одағайлары, жекіру және шақыру одағайлары; одағайдың емлесі; қаратпа сөздер; аратпа сөздің емлесі; қыстырма сөздер; қыстырма сөздердің емлесі; тілдік талдау жұмыстары.

Оқу мақсаттары: 8.1.1.1 оқылым стратегияларын қолданып, талдап оқу; 8.2.1.2 көркем мәтін стилінің тілдік ерекшеліктерін сақтап, түрлі жанрларда мәтін тудыру дағдыларын қалыптастыру; 8.3.1.3 сөз таптарына (еліктеу, одағай, оқшау сөздер) морфологиялық талдау жасау; 8.3.1.1 сөз таптары (одағай, еліктеу, оқшау сөздер) және оның мағыналық түрлерін ажырату; 8.1.2.2 ресми стильге тән жанрларды ажырата білу; 8.2.1.3 ауызша сөйлеу және өлең оқу кезінде интонацияның құрамдас бөліктерін сақтау; 8.3.2.2 сөйлем ішіне қабаттаса қойылатын тыныс белгілерді білу; 8.1.1.1 оқылым стратегияларын қолданып, талдап оқу; 8.3.1.3 сөз таптарына (еліктеу, одағай, оқшау сөздер) морфологиялық талдау жасау 8.2.1.1 берілген тақырыптардың бірін таңдап, пайымдау мәтінін жазу;

Алтыншы бөлім тақырыбы: Ұлы дала өркениеті. Грамматика бойынша сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Барлығы 13 сағат. Лексикалық тақырыптар: Көшпелілер мәдениеті – өркениеттің бастауы, көшпелілер салтанаты, көшпелілер кәсібі, көшпелілер тұрмысы, көшпелілердің мемлекеттік құрылымы, көшпелілер әскери мәдениеті, көшпелілердің киіну мәдениеті, диктант, нәтиже сабақ. Грамматикалық тақырыптар: Сөйлемнің бірыңғай мүшелері, зат есімнен болған бірыңғай мүшелердің қызметі, етістіктен болған бірыңғай мүшелердің қызметі, сын есімнен болған бірыңғай мүшелердің қызметі, сан есімнен болған бірыңғай мүшелердің қызметі, сөйлемнің үйірлі мүшелері, айқындауыш мүшелер, тілдік талдау жұмыстары. 8.1.1.2 тыңдалым мәтіні бойынша

альтернативті сұрақтар құрастыру; 8.2.2.1 берілген үлгі бойынша іс-қағаздар стилінде (алғыс хат, сұраныс хат) мәтін жазу; 8.3.1.2 сөз таптарының сөйлемдегі қызметін тану; 8.1.2.3 ресми іс-қағазда стиліне тән тілдік ерекшеліктерді тану және талдау; 8.2.3.1 публицистикалық стильге тән ерекшеліктерді сақтай отырып, көпшілік алдында оқуға арналған үндеу, уағыз, үгіт-насихат мәтіндерін құрастыру 8.3.1.2 сөз таптарының сөйлемдегі қызметін тану; 8.2.1.1 берілген тақырыптардың бірін таңдап, пайымдау мәтінін жазу; 8.3.2.2 сөйлем ішіне қабаттаса қойылатын тыныс белгілерді білу; 8.3.1.3 сөз таптарына (еліктеу, одағай, оқшау сөздер) морфологиялық талдау жасау; 8.1.1.2 тыңдалым мәтіні бойынша альтернативті сұрақтар құрастыру; 8.2.2.1 берілген үлгі бойынша іс-қағаздар стилінде (алғыс хат, сұраныс хат) мәтін жазу; 8.3.2.2 сөйлем ішіне қабаттаса қойылатын тыныс белгілерді білу; 8.3.1.2 сөз таптарының сөйлемдегі қызметін тану.

Жетінші бөлімнің лексикалық тақырыбы - Өркениет көрсеткіші - жазу. Жазу нормалары 13 сағат. Өркениет таңбасы, жазудың шығу тарихы, көне түркі ескерткіштері, ислам дәуір әдебиетінің жазба ескерткіштері, қазақ жазуының реформалары, ұлы Даладағы өркениеттердің үн қатысуы, ұлы даладағы өркениеттердің үн қатысуы, латын әліпбиі - өмір талабы, диктант, ТЖБ, Нәтиже сабақ. Грамматикалық тақырыптар: Орфографиялық сөздіктер, орфографиясы қиын сөздер, жиі кездесетін орфографиялық қателер, орфографиялық принциптер, фонетикалық принцип, морфологиялық принцип, тарихи-дәстүрлі принцип, тілдік талдау жұмыстары.

Оқу мақсаттары: 8.1.1.3 тақырыбы ұқсас әртүрлі стильдегі мәтіндердің түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау, пайымдау) салыстыра талдау; 8.2.3.2 автордың негізгі ойын сақтай отырып, сұхбат құрастыру; 8.3.1.4 сөз арасындағы дыбыстық өзгерістерді ажырата білу; 8.1.2.1 ресми стильдің қызметі мен өзіне тән рәсімделу үлгілерін білу; 8.3.1.3 сөз таптарына (еліктеу, одағай, оқшау сөздер) морфологиялық талдау жасау; 8.2.4.1 берілген тақырып бойынша презентация дайындау және оны көпшілік алдында қорғау; 8.2.3.2 автордың негізгі ойын сақтай отырып, сұхбат құрастыру; 8.3.1.3 сөз таптарына (еліктеу, одағай, оқшау сөздер) морфологиялық талдау жасау; 8.1.1.1 оқылым стратегияларын қолданып, талдап оқу; 8.2.4.1 берілген тақырып бойынша презентация дайындау және оны көпшілік алдында қорғау; 8.3.2.1 дыбыстардың түрленімі, құранды дауысты дыбыстар, буын жігі және тасымал, күрделі атаулар мен қысқарған сөздер емлесі, 8.3.1.3 сөз таптарына (еліктеу, одағай, оқшау сөздер) морфологиялық талдау жасау; 4-тоқсан – 32 сағат. Сегізінші бөлімнің лексикалық тақырыбы: Саяхат және туризм.

Грамматикалық тақырып: Сөз таптарының сөйлемдегі қызметі, барлығы 16 сағат. Табиғат және адам, саяхаттау мәдениеті, әлемнің жеті кереметі, ұлы Дала табиғаты, Қазақстандағы туризм, Қазақстандық саяхатшылар, Әлемдік саяхатшылар, диктант, этиже сабақ. Грамматикалық тақырыптар: Зат есімнің сөйлемдегі қызметі, сын есімнің сөйлемдегі қызметі, сан есімнің сөйлемдегі қызметі, етістіктің сөйлемдегі қызметі, есімшенің сөйлемдегі қызметі, көсемшенің сөйлемдегі қызметі, есімдіктің сөйлемдегі қызметі, үстеудің

сөйлемдегі қызметі, еліктеу сөздердің сөйлемдегі қызметі, сөйлем мүшесі бола алмайтын сөз таптары, тілдік талдау жұмыстары.

Оқу мақсаттары: 8.1.1.4 мәтіннің коммуникациялық табиғатына талдау жасау арқылы негізгі ойды анықтау; 8.2.1.1 берілген тақырыптардың бірін тандап, пайымдау мәтінін жазу; 8.3.1.2 сөз таптарының сөйлемдегі қызметін тану; 8.2.1.2 көркем мәтін стилінің тілдік ерекшеліктерін сақтап, түрлі жанрларда мәтін тудыру дағдыларын қалыптастыру; 8.1.2.2 ресми стильге тән жанрларды ажырата білу; 8.2.1.2 көркем мәтін стилінің тілдік ерекшеліктерін сақтап, түрлі жанрларда мәтін тудыру дағдыларын қалыптастыру; 8.3.2.3 сөйлеу ішіндегі сөз арасындағы дыбыс өзгерістерінің орфоэпиялық нормаларын сақтау; 8.1.1.4 мәтіннің коммуникациялық табиғатына талдау жасау арқылы негізгі ойды анықтау;

8.3.1.2 сөз таптарының сөйлемдегі қызметін тану; 8.2.1.2 көркем мәтін стилінің тілдік ерекшеліктерін сақтап, түрлі жанрларда мәтін тудыру дағдыларын қалыптастыру; 8.3.2.3 сөйлеу ішіндегі сөз арасындағы дыбыс өзгерістерінің орфоэпиялық нормаларын сақтау; 8.1.1.4 мәтіннің коммуникациялық табиғатына талдау жасау арқылы негізгі ойды анықтау; 8.2.1.2 көркем мәтін стилінің тілдік ерекшеліктерін сақтап, түрлі жанрларда мәтін тудыру дағдыларын қалыптастыру; 8.3.1.2 сөз таптарының сөйлемдегі қызметін тану; 8.3.2.2 сөйлем ішіне қабаттаса қойылатын тыныс белгілерді білу; 8.3.1.2 сөз таптарының сөйлемдегі қызметін тану;

Алаш арыстары. Сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері – 16 сағат. Алаш және арыс, Алаш арыстары, Алаштың жолы, Алаш ұстанымы, Алаш арыстары: соңғы сөз, соңғы сурет, Алаш ізбасарлары, Диктант, ТЖБ, Нәтиже сабақ, Жылдық қорытынды сабақ. Сөздердің байланысу тәсілдері, Есімді және етістікті сөз тіркестері, Сөздердің байланысу түрлері, Қиысу (сөйлемге тән), Матасу, Меңгеру, Матаса және меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері, Жанасу (сөйлемге тән), Қабысу, Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері.

Тілдік талдау жұмыстары. 8.1.1.5 мәтінді ақпараттың өзектілігі мен құндылығы тұрғысынан бағалау; 8.2.1.3 ауызша сөйлеу және өлең оқу кезінде интонацияның құрамдас бөліктерін сақтау; 8.3.1.6 сөз тіркесінің сөйлемдегі байланысу тәсілдері мен түрлерін ажырата білу, синтаксистік талдау жасау; 8.1.1.3 тақырыбы ұқсас әртүрлі стильдегі мәтіндердің түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау, пайымдау) салыстыра талдау; 8.2.2.1 берілген үлгі бойынша іс-қағаздар стилінде (алғыс хат, сұраныс хат) мәтін жазу; 8.1.2.3 ресми іс-қағаздар стиліне тән тілдік ерекшеліктерді тану және талдау; 8.2.2.1 берілген үлгі бойынша іс-қағаздар стилінде (алғыс хат, сұраныс хат) мәтін жазу; 8.3.1.6 сөз тіркесінің сөйлемдегі байланысу тәсілдері мен түрлерін ажырата білу, синтаксистік талдау жасау; 8.1.1.1 оқылым стратегияларын қолданып, талдап оқу; 8.2.1.3 ауызша сөйлеу және өлең оқу кезінде интонацияның құрамдас бөліктерін сақтау; 8.1.1.5 мәтінді ақпараттың өзектілігі мен құндылығы тұрғысынан бағалау; 8.3.1.6 сөз тіркесінің сөйлемдегі байланысу тәсілдері мен түрлерін ажырата білу, синтаксистік талдау жасау; 8.3.2.2 сөйлем ішіне қабаттаса қойылатын тыныс белгілерді білу; 8.3.1.6 сөз тіркесінің сөйлемдегі байланысу

тәсілдері мен түрлерін ажырата білу, синтаксистік талдау жасау; 8.2.4.1 берілген тақырып бойынша презентация дайындау және оны көпшілік алдында қорғау;

Қазақ тілін тереңдетіп оқытатын мектептер мен жалпы білім беретін немесе жаратылыстану бағытындағы мектептердің білім мазмұны мен сағат сандарында айырмашылық бар. Абай атындағы мектепте қазақ тілі пәні аптасына 4 рет өтілетін болса, жалпы білім беретін мектептерде 2-3 сағаттан, ал жаратылыстану бағытындағы мектептерде аптасына 2 сағаттан ғана. Жаратылыстану бағыты және жалпы білім беретін мектептердің білім мазмұнына шолу жасайтын болсақ.

Дарынды балаларға арналған «Білім-Инновация» лицейінің «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі [14]: 7 -сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат [14]. «Қазақ тілі» пәнін оқыту мақсаты – жалпы білім беретін негізгі мектептерде ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру және қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

Оқу мақсаттары мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары туралы өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады және олардың жүйесі бірізді, оңайдан қиынға қарай, шиыршық принципі сақталып жасалған: тыңдалым және айтылым; оқылым; жазылым; әдеби тіл нормаларын сақтау.

«Қазақ тілі» пәнінің 7-сыныптағы базалық мазмұны бойынша білім алушылар: тыңдалым және айтылым дағдылары бойынша мәтін негізінде оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжайды; әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдайды; факті мен көзқарасты ажыратады; дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтайды; дәлелді жауап береді, салыстырады, талқылайды; коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысады, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білуді үйренеді; оқылым дағдысы бойынша мәтіндік және графиктік ақпаратты интерпретациялайды; тілдік құралдар арқылы публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін таниды; хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының қызметтік жазбалардың құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратады; мәтіннің тақырыбын, құрылымын, мақсатты аудиториясын, тілдік ерекшеліктеріне талдау жасайды; мәтін негізінде проблемалық сұрақтар құрастырады; комментарий жасауды, іріктеп оқу, зерттеп оқу; сілтеме жасауды үйренеді.

Жазылым дағдысы бойынша күрделі жоспар құруды; шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазуды; графиктік мәтін түрінде берілген процесті сипаттап жазуды; дискуссивті эссе жазуды; жинақы мәтін жазуды; мәтін негізінде лексикалық түзетулер енгізуді, редакциялауды үйренеді.

Әдеби тіл нормалары дағдысы бойынша: орфографиялық норма бойынша жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына

сәйкес орфографиялық нормаға сай жазады; орфоэпиялық норма бойынша сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолданады; лексикалық норма бойынша фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолданады; грамматикалық норма бойынша есімше; көсемше; тұйық етістік; шақ, рай түрлерін; еліктеу сөздер; шылау түрлерін; одағай; оқшау сөздер туралы білімдерін кеңейтеді; пунктуациялық норма бойынша сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдануды үйренеді.

Осы күнтізбелік жоспар жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқулығы бойынша дайындалды. Оқулық авторлары: Б.Қапалбек, С.Жантасова, Т.Мадиева. Алматы. «Мектеп» баспасы, 2017 ж. 1-тоқсан бойынша 18 сағат бөлінген. 1 тоқсанның тараулары 3 бөлімнен тұрады. 1-бөлім: Ауа-райы және климаттық өзгерістер және тіл білімінің фонетика саласы өтіледі. 2-ші бөлімде: Көшпенділер мәдениеті және тіл білімінің лексика саласы, 3-ші бөлімде: Денсаулық зор байлық тақырыбы және тіл білімінің лексика саласы, соның ішінде: үндестік заңы, екпін, фразеология, мақал-мәтелдер, өтіледі. 2 тоқсанда 14 сағат бөлінген. 4-ші бөлім тақырыбы: «Сүйіспеншілік пен достық» және тіл білімінің морфология саласы өтіледі. 5-ші бөлім тақырыбы: «Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы» морфология бойынша ережелер. 6-шы бөлім «Ғаламтор және әлеуметтік -желілер», 7-бөлім: «Қазақстандағы ұлттар достастығы», 8-бөлім : «Дұрыс тамақтану, Гендік өзгеріске ұшыраған тағамдар» тақырыптары өтіледі. 4-тоқсан бойынша 16 сағат. 9-бөлім: «Жеңіс күні, Ұлы ерлікке тағзым». 10-бөлім: «Ғылыми фантастика жанрымен аяқталады». Барлығы 68 сағат. Бұл мектептер жаратылыстану бағытындағы мектептер болғандықтан қазақ тілі және әдебиет пәндерінің сағат саны орта мектептер мен қазақ тілін тереңдетіп оқытатын мектептерге қарағанда аз.

1.2 Дарындылықты анықтаудың шарттары және олардың зияткерлік әлеуетін айқындау.

Дарындылық терминіне көп түсіндірме бар. Ғалымдар дарындылықты ген арқылы берілетін тума қасиет десе, бірілері адам бойындағы қабілеттіліктің жоғары деңгейі деген тұжырымдамалар береді. Әрбір өркениетті қоғамға дарынды тұлғалар қажет болғанымен, дарындылық қасиетін ғалымдар ХХ ғасырдан бастап терең зерттей бастаған. Антикалық дәуірде грек философтары дарындылықты құдай берген қабілет деп білген. Біздің эрамызға дейін (428/427 немесе 424/423 -348-347 жылдары)өмір сүрген философ, афиналық Платон мектебі мен академиясының негізін қалаушы Платон дарындылықты құдайдың берген күдіреті деп ойлап, өзінің қабілетін құдайдың бір бөлігі деп санаған[15, б.315]. Себебі, антикалық дәуірде адамның дарындылық қабілеттерін, оның психикасын танып білу қиынға соққан.

интеллектуалды қабілеттерді тығыз байланыстыра келе интеллектуалды мәдениетті, таным мотивтерін, іс-әрекет, ақыл-ойды дамыту дағдыларын дамыту керектігін айтады [19,б.201]. Ресей педагог-психологтарының (В.А.Ананев, Л.Г.Выготский, В.А.Крутецкий, Н.Лейтес, В.Теплов) еңбектерінде дарындылық теориясы жақсы көрініс тапқан [20]. Осындай ғалымдардың психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерін талдап, оқу нәтижесінде балалардың дарындылықты зерттеудің негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен, қандай балаларды дарынды деп атаймыз деген сұрақ өзекті. Осы жерде ғалымдардың пікіріне сүйене отыра анализ жасай аламыз.

Дарынды бала деп: Интеллектуалдық, шығармашылық, көшбасшылық қабілеттілік, белгілі бір салада жетістікке жеткен оқушыларды дарынды деп атаймыз. (Джейкоб Джавиц)[21,б.343], Басқа балаларға қарағанда жетістікке тез қол жеткізетін оқушыларды дарынды деп атаймыз.(Элен Уиннер)[22,б.195]. Саналы, сезімтал, интеллектуалдық, эмоциялық сезімдері жоғары оқушыларды дарынды деп атаймыз. (Аннемари Ропер)[23,б.304]. Кез-келген салаға потенциалы жоғары оқушыны дарынды деп атаймыз.(Холлитнгворт) [24,б.537]. Қандай да бір қабілеттері жағынан басқаларға қарағанда алда болатын балалар. (В.Б. Колесников) [25,б.47]. Қандай да бір қоғамдық салада ерекше үміт көрсететін, ерекше балаларды дарынды деп атаймыз.(Р.Дж. Хавингхурст)[26,б.343]. Өз білімін кез-келген жағдайда қолдана алатын, білімнің кеңдігі, жас ерекшелігіне сәйкес, психологиялық процестердің дамуының жоғары белсенділігін, дұрыс ой-түйіндерге сүйенетін, жұмысты жемісті орындауды қамтамасыз ететін балаларды-дарынды деп атаймыз. (С.В.Кузнецова) [27,б.47]. Неше түрлі қабілеттерге ие балаларды дарынды деп атаймыз. (Б.М.Теплов)[28,б.359].

Дарындылық- адамның кез-келген іс-әрекет түріне ерекше қабілетті болуы, жеке тұлғаның көп аспектілі қыры. С.В.Кузнецова «Формирование умственных действий» атты кітабында, оқушы дарындылығы өз білімін кез-келген жағдайда қолдана алатын, білімнің кеңдігі, жас ерекшелігіне сәйкес, психологиялық процестердің дамуының жоғары белсенділігі, дұрыс ой-түйіндерге сүйеніп, жұмысты жемісті орындауды қамтамасыз ететін психикалық қасиеттердің жиынтығы деген анықтаманы береді. Дарындылық пен қабілет ұғымдары өте жақын. Қабілет- аданың белгілі бір іс-әрекетті орындау барысында көрінетін индивидуалды, жеке-дара психологисының ерекшелігі немесе тұлғаның қандай да бір істі табысты орындауын айтамыз. Ғалым Б.М.Теплов болса «қабілеттердің дамуының негізін құрайтын нышандардың жиынтығын дарындылық» деп айтады. Осы жерден дарындылық тұқым қуалау арқылы емес, қабілет тұқымқуалау арқылы беріледі деген тұжырымдама береді. Ғалымдардың ой пікірін жинақтай келе, дарын адам бойына ана сүтімен, ата тегімен даритын құбылыс. Адам бойындағы қабілеттілікті дер кезінде, уақытымен анықтап дамыта білу қажет. Дарындылық мәселесінде зият өте маңызды.

Психологиялық мектептердің немесе бағыттардың зерттеу нысаны интеллект, зияткерлік әлеует тақырыптары болған. Тұлғаның оқуға деген қабілеттілігін, өзекті мәселелерді танып, оларды шеше алу қабілеттілігін, жалпы

ақыл-ой қабілеттілігін – интеллект деп атаймыз. Швейцар психологы Ж.Пиаже зияткерлікті білімді меңгерудің тәсілі ретінде анықтап, жас ерекшелік ерекшеліктеріне мынадай талдау жасайды [29,б.14]. Бала когнитивті даму барысында мына кезеңдерден өтеді: сенсомоторлы кезең: 0-2 жас дейін;операционалды кезең: 2-6 жасқа дейін; нақты операциялар кезеңі: 6-7, 11-12 жасқа дейін; (1-6 сынып); формалды операциялар кезеңі:14-15 жасқа дейін; (7-8 сыныптар). Сенсомоторлы кезеңде балада ым тілі пайда болады. Баланың іс-әрекеттері топтама құрайды. Операционалды кезеңде баланың тілі шығып, тіл ойлаумен байланысады. Тіл шыққаннан ересектермен байланыс жасағанға дейінгі кезең 2-6 жасқа дейін, Когнитивтік құрылымдардың қалыптасуы, баланы сөзді түсінуі 3-4 жастан, 6-7 жас аралығын қамтиды.

Нақты оперциялар кезеңінде балада логика дами бастайды. Мұндағы формалды операция кезеңі логика, интеллект дамуының жоғарғы сатысы. Баланың зияткерлік дамуы төменнен жоғарыға қарай бағытталуы тиіс. Американдық психолог Х.Гарднер адам интеллектісінің сегіз орталығы: лингвистикалық, логика-математикалық, көру кеңістігі, музыкалық, кинестетикалық, натуралды, тұлғааралық, ішкітұлғалық болатынын, осының ішінде адамның қабілеті мен мүмкіндіктеріне қарай біреуі үстемдік ететінін атап көрсеткен. Бала бойындағы дарындылықты жас ерекшелігімен физиологиясына сай анықтау ата-ана, мұғалім, психологтың және оқушылар арасынан дарынды оқушыларды анықтап, оларды шығару, дамыту, білім беру ортасында оларға жағдай жасау, дарынды балаларды қолдап, білімдерін көрсету үшін әртүрлі пән олимпиадаларына, ғылыми жобаларға, интеллектуалды шығармашылық сайыстарға, халықаралық, дүниежүзілік білім бәйгелеріне қатыстыру, ұстаз, мектеп алдында тұрған жауапкершілік. Ерекше қабілетті оқушыларды анықтау, оқушы қабілеттілігінің бағытын анықтау, ой өрісін дамыту үшін жұмыс жүйесін құру, дарынды оқушылардың жетістіктері- мұғалімнің жұмыс жоспарына кіруі қажет. Дарынды баланы танудың әдіс-тәсілдері: баланың отбасылық жағдайын зерттеу, шығармашылық қабілетін тану, психологиялық-педагогикалық сауалнамалар алу, тренинг жүргізу, ата-анасымен сұқбаттасу. Ғалымдардың еңбектеріне сүйене отыра дарынды баланы анықтаудың алғышарттары:

- ойлау ерекшелігі: тез нәтижеге жетеді, тез ойлайды, ылғи алдыға ілгерілейді, қызығушылығы жоғары, кең көлемді білім меңгеруі, есте сақтау қабілетінің жоғары болуы, зерттей алуы.

- ішкі сезім ерекшелігі: сезім мүшелерінің ерекше қабылдауы, мысалы дыбысты, түсті, иісті, кейбір пәндер бойынша өте үздік үлгерім таныту, жан дүниесінің тереңдігі, интеллектуалды дамуды сыныптастарынан ілгері, өз білімін кез-келген уақытта еске түсіріп, білімін пайдалана алады.

- әлеуметтік тұрғыдағы ерекшелігі : жоғары дәрежедегі әділдік сезімі, жауапкершілігі жоғары, өз талап-тілектерін орындауда, адамгершілік мәселесінде ерте дамған;

- академиялық тұрғыдағы ерекшелігі: білімді есте ұзақ сақтап, жаңғырта алады, шығармашылық жұмыстарда мәселені өз бетімен шеше алады, көбіне ерекше заттар жасайды, зерттеулер жасауда өз мақсатына жетеді.

Жалпы дарындылық түрлері:

- Көркем дарындылық- дарындылықтың бұл түрі арнайы мектептерде, үйірмелерде, сабақтарда, сабақтан тыс дамытылады. Музыка, бейнелеу өнері, әртісті, сәулет өнері саласындағы жоғары жетістіктерінен көрінеді.

- Шығармашылық дарындылық-шығармашылық бағыттағы балалар жатады. Жарқын темперамент, жұмысты ұйымдастыра алу, көшбасшылық, пікі айтуда еркін әрі тәуелсіз.

- Академиялық дарындылық: ақпаратты өңдеу бейімділігі аса зор. Барлық пән бойынша үздік нәтиже көрсетеді.

- Интеллектуалды дарындылық: ойының ұшқырлығымен, сөйлеу белсенділігінің жоғарылығымен, интеллектісі жоғары, шешім қабылдай алады, жауапкершілік, өз біліміне, өзіне деген сенімділігімен ерекшеленеді.

- Спорттық, психомоторлық дарындылық- спорт өмірінде бәлгілі бір жетістікке жеткен оқушылар. Олардың ерік жігері жоғары болады, физикалық дайындылығы.

Дарынды тұлғаны дамытудың әдістер кешені:

- Шығармашылыққа жақын дарынды оқушылар ғылыми-практикалық конференция, жобаларға қатысып жетістіктерге жетеді;

- Көркемдік дарындылық бойынша шығармашылық жарыстарға, би, театр үйірмелеріне қатысып, жетістіктерге қол жеткізеді;

- Интеллектуалдық дарындылық бағыты бойынша интеллектуалды жарыстарға қатысып жетістіктерге жетеді. Ақбота, кенгуру ж.т.б.

- Психомоторлық бағыт бойынша спортакиадалар, турслеттер, президенттік жарыстар;

- Академиялық дарындылық бағыты бойынша таңдамалы, қолданбалы курстаар, олимпиадалар.

Дарынды балалармен жұмыс жасауда мектеп әкімшілігі немесе бірлестік мүшелері дарынды балалармен жұмыс жасауға қабілетті, шебер мұғалімдерді анықтау қажет. Олимпиада резервтерін дайындау. Дарынды балаларды дамытуда мектеп пен отбасы байланысын жүзеге асыру. Жаңа педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, дарынды балалармен сабақтарды ұйымдастыру, жүргізу. Оқушылардың ғылыми қоғамын ұйымдастыру. Дарынды оқушылар апталығын ұйымдастыру. Мектептің материалдық базасын дамыту. Кеңейтілген, тереңдетілген тапсырмалар базасын дайындау, құру. Қосымша сабақтарды тиімді ұйымдастыру. Пәндерді таңдауда, практикумдарды, жеке кеңес беруді енгізу.

Дарынды оқушылармен жұмыс бұрышын жабдықтау (ақпарат стенді). Дарынды балалармен жұмыс істеуге арналған бағдарламаларды жүйелеп, жетілдіру. Дарынды оқушыларды олимпиадаларға, байқауларға, мектепшілік, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық, дүниежүзілік деңгейдегі білім сайыстарына қатыстыру. Оқушылардың дарындылығының байқалуының критерийлері бойынша айқын дарындылық және жасырын дарындылық болып екіге бөлінеді. Айқын дарындылық баланың іс-әрекетінен нақты байқалады. Баланы дарындылығы күмән тудырмайды. Олар бірден көзге түсіп, жетістіктері

бірден байқалады. Ал жасырын дарындылық болса, ол дарындылық жасырын формада болады.

Мұғалім дұрыс зерттеп, сол баланың дарынды екенін анықтамаса ол баланы дарынды емес деген қорытындыға келуі мүмкін. Бірақ, мұғалім жасырын дарынды оқушыларды анықтап, қолдау көрсетіп, дамытуы тиіс. Дарындылығы жасырын оқушылар дарындылығы айқын оқушыларға қарағанда пассив болады. Жасырын дарындылық табиғаты жағынан күрделі құбылыс. Олардың дарындылығының жасырын болу себебі мәдени ортасына, қоршаған айналасына, тәрбиесіне байланысты болады. Мұндай типтегі дарынды балалардың мінез-құлқы талдаудың көп деңгейлі әдістер кешеніне негізделген ұзақ процесс. Дарындылық мәселесін зерттегенде зият тақырыбына тоқталып өткен жөн. Зият-көпмағыналы ұғым. Зият сөзі- ақыл-ой, пайым, түсінік, жад, ес, зерде ұғымдары арқылы анықталады. «Интеллект» латын тілінен аударылғанда -таным, түсініп ұғыну деген мағынаны білдіреді. Көне грек сөзінен шыққан нус «ақыл» түбірінен шыққан. Ойлана алу қабілеті, рационалды таным деген мағынаны білдіреді. Интеллектінің базалық қасиеттері М.А.Хлодная зерттеулеерінде сипатталады [30,6.205]. М.А.Холодная Интеллект табиғатын түсінудің сегіз тұғырын (кесте1) атап көрсетеді:

1-кесте. Интеллект феноменінің табиғатын түсінудегі негізгі тұғырлар (М.А.Холодная бойынша)

Тұғырлар атауы	Интеллект ұғымының атауы
Генетикалық	Адамның қоршаған орта ның талаптарына күрделенген бейімделу.
Феноменологиялық	Сана мазмұнының ерекше формасы.
Әлеуметтік-мәдени	Әлеуметтену үрдісінің және мәдениет ықпалының нәтижесі.
Процессуалды-әрекеттік	Адам іс-әрекетінің ерекше формасы
Білімділік	Интеллект мақсатты оқытудың кнімі ретіне.
Ақпараттық	Ақпаратты өңдеудегі қарапайым үрдістердің жиынтығы.
Қызметтік-деңгейлік	Көпдеңгейлі таным үрдістерінің нәтижесі ретінде.
Басқарушы	Психикалық белсенділікті өздігінен басқару факторы ретінде.

Феноменологиялық-сана мазмұнының ерекше формасы бойынша үйренудің гештальт теориясы өнімді ойлауға жетелейтін аймақ теориясы, гештальт және инсайт идеяларына сай негізделеді. Гештальтпсихология мектебі ойлауды, қабылдауды, үйренуді біртұтас құрылым түрінде зерттеуді ұсынады. Гештальт-форма, бейне, құрылым дегенді білдіреді. Яғни форма психологиясы дегенді білдіреді. Танымдық процестерді зерттеу негізінде пайда болған. Гештальт бойынша үйрену когнитивті феномен. Кез-келген мәселемен

ұшырасқанда тәніміз оны шешу жолын іздеп, көре бастайды. Мысалы, оқушы мәселені шешуге қажет барлық құрылымдық бөліктерді ойластырады да, мәселе шешілмегенше, оларды әртүрлі тәсілдермен бірге жинақтайды. Шешім табылғанның өзінде де, кенеттен болады, яғни инсайт негізінде мәселенің шешімі, амалы пайда болады. Шешім табылуы да, табылмауы да мүмкін болғандықтан, гештальттықтар бойынша үйрену бұл үзікті үрдіс. Сөйтіп, интеллект гештальтпсихология тұрғысынан қарағанда қабылдау мүмкіндіктері мен оның сипаттамасы ретінде танылды. Ал бихевиоризм бағытында интеллектіні бейімделгіштік қабілет ретінде түсініреді. Вюрцбургдық мектеп өкілдері интеллектіні ойлаудың абстрактілі формасына теңейді. Л.С.Выготский интеллект теориясын: вербализация, категоризация, рационализация деп сипаттайды [31,б.114].

Ақыл-ой, іс-әрекетінің алгоритмикалық тәсілдері логикалық ойлаудың негізі, шығармашылық ойлаудың негізі. Эвристикалық ойлау тәсілдерінің ерекшелігі абстракциялау, аналогия, бақылау, бұлар адам бойында бірдей дамымайды, сондықтан оларға осы тәсілдерді үйрету қажеттілігі туындайды. Лингвистикалық, логико-математикалық, көру кеңістігі кинестетикалық, музыкалық, натуралды яғни табиғи, ішкітұлғалық, тұлғараралық деп адам интеллектісінің сегіз орталығын Х.Гарднер анықтаған. Ол, зияткерлік күнделікті әртүрлі іс-әрекеттердің барысында яғни мектепте, жұмыс істеу барысында, кәсіби білім алу кезінде тағы басқа іс-әрекеттер негізінде дамитытын атаған. Ойлаудың типтерін Гарднер беске бөлген. Олар:

1. Ойлаудың пәндік типі-адам ойлау моделінің кем дегенде бір моделін (нақты оқу пәні немесе мамандыққа қажет қабылдау тәсілін) меңгеру деп түсіндіреді;

2. Ойлаудың синтездік типі-әртүрлі пәндер және білімдер салаларынан идеяларды, кейін соның негізінде жаңа идеяларды, тұжырымдамаларды, тұғырларды байланыстыра алу қабілеті;

3. Ойлаудың креативті типі-жаңа идеялар және тұжырымдамдар тудыру, өзекті мәселелердің дәстүрлі емес шешімдерін табу, жаңа сұрақтарға жауап беру және жаңа феномендерді түсіндіру;

4. Ойлаудың респектологиялық типі-әртүрлі елдердің мәдениетін қабылдай алу, ұлттық және кәсіби ерекшеліктеріне қарамастан адамдарды сыйлау, әртіпті индивидуумдармен және әлеуметтік құрылымдармен өзара әрекеттесуге дайындығы;

5. Ойлаудың этикалық (әдептік) типі-адами, адамзаттық және кәсіби парызын өтеу, оларды орындау қажеттілігін түсіну және кез келген салаларда өз әрекетіне жауап беруді білдіреді. Жалпы, ойлаудың типтері өзара байланысты, біртұтас және олар адам дамуының нақты кезеңдерінде жүзеге асады. Белгілі бір пәнді меңгермей, бір жаңа өнім шығару мүмкін емес, ал шығармашылықсыз пән-тек практикалық білімдердің себепсіз жүгі. Яғни, зияткерлік іс-әрекетке белгілі дәрежеде жиналған білім, білік, дағдының қоры, адамның тәжірибесінің болуын қажет етеді. Сонымен, адамның жеке зияткерлік қыры әрқашан бірегей дүние екендігін айтуға болады.

Б.Г. Ананьев адамның дамуындағы әлеуеттердің жалпы жиынтығының ішінде интеллектке ерекше мән береді және оны тұлғаның психофизиологикалық үрдістерін, қалпын және қасиеттерін қамтитын танымдық күштердің көпдеңгейлі ұйымы ретінде қарастырады [32,б.287]. Бұл ұйым адамның нейродинамикалық, вегетативтік сипаттамаларымен тығыз байланысты. Олар интеллекттің әртүрлі эквивалеттері болып табылады және ақыл-ой қабілеттілігінің өлшемін, зияткерлік қуаттылықтың құнын, оның адам денсаулығына пайдасы мен зиянының дәрежесін анықтайды. Іс-әрекеттік тұғырғылыми бағдар жүйесінде зиятты зерттеу мәселелері адамзаттың жадысын әдіснамалық, психологиялық аспектіде зерттеумен тығыз байланысты. Біздің зерттеуіміз үшін жас ерекшелік психологиясы саласындағы бірқатар ғалымдардың зерттеу нәтижесінде алынған эмпирикалық материалдары құндылығымен ерекшеленді. Осыған орай әйгілі ғалым А.Н. Леонтьевтің іргелі әзірлемесін атап кетуге болады. Ол өзі жады үдерісін зерттеуде жасанды интеллект мәселесіне қатты қызыққанын, осыдан барып жадының молекулярлы негіздерін зерттеумен айналысқанын жасырмайды .

Бұнымен қоса оның әртүрлі жас ерекшеліктегі топтармен жүргізген зерттеуі интеллект зерттеулерін ілгері дамытуға негіз болды. Топқа жүргізген зерттеуінің басты мақсаты – тұлғаның зияткерлік даму факторларын анықтау болды. Осы мақсат нәтижесінде 22-25 жастан бастап алғанда әртүрлі ойлау қызметтері арасындағы корреляциялық байланыстың өсу фактісі айқындалды. Бұл байланыстар екі орталықтың маңайына топтасады – мнемологиялық (жадының біртұтас құрылымы - ойлау) және аттенциондық (назар аудару факторы). Ал одан кейінгі жас шағында (30-35 жас) Б.Г. Ананьевтің пайымдауы бойынша, біртұтас мнемологиялық орталық екі өзінше жеке дара ойлау ядроларына ыдырайды – мнемониялық және логикалық. Бұлар назар аудару факторының маңызын сақтау барысында айқын көрінеді. Ғалымның ұсынған келесі тұжырымына назар аударайық: «ілім факторы ерекше мағынаға ие, себебі ол үздіксіз ақыл-ой жұмысы ретінде интеллектінің жалпы жоғары тонусын көрсетеді. Сондықтан интеллект құрылымында (оның корреляциялық байланысында) ойлау мен жады маңызды орынға ие болады. Дегенмен олардың түрлі сипаттамалары немесе қасиеттері асинхронды дамыса да, бір-бірімен сабақтаса, байланыса жетіледі.

Ойлаудың дамуы сияқты жадының дамуында да бірнеше кезеңдер болады. Оларды салыстыра келгенде ерекше феномен, тіпті мнемологиялық градиент құбылысы көрініс табады. 19, 24, 28 жаста мнемиялық қызметтер логикалық дамуды басып озады, ал 20,23,31 жаста, әсіресе 32 жаста ойлаумен салыстырмалы түрде алғанда мнемиялық қызметтер күрт төмендейді; тек 22, 26, 34 жаста екі қызметтің төмендеген сәттері теңеседі, ал 30 жаста екеуінің де өскен сәттері сәйкес келеді». Тұтастай алғанда бұл мәліметтер жады мен ойлау екеуі де ақпаратты өңдеудің, адам интеллектісін қалыптастыратын және оның оқу-тәрбие үрдісінде модельденуіне мүмкіндік беретін негізгі түр деген тұжырымды растайды. Интеллект адамзаттың бейнелейтін және практикалық қызметтерінің негізгі формаларын сіңірген ақыл-ой қабілеттерінің тұтастығы ретінде жан-

жақты дамыған тұлға серіппесін құрайды. Зияткерлікке қатысты эксперименттік зерттеулер Ф.Гальтон, А.Бине, Т.Симон еңбектерінен басталды. Осы ғалымдар тест көмегімен ақыл-ой үдерісіндегі шынайы табиғи фонды өлшеп; бағалауды мақсат етеді.

Бұл жерде білім деңгейі де, әлеуметтік- мәдени ортасы да негізге алынбады. Себебі білім басқа адамдардың кристалданған интеллектісі деп түсінілді. Ғалымдар ақыл-ой қабілеттерімен педагогикалық бағдарламаға бейімделіп алған білімдік деңгейді, оқудағы үлгірім қабілетін тез бөліп тастады. Осылайша, талданған психологиялық зерттеулер мынадай қорытынды жасауға негіз болды: зияткерлік тұлғаның туа біткен қабілеттерімен негізделеді. Сондықтан батыс ғылымында зияткерлік ұғымын өлшемдік процедуралармен байланыстырады. Оның негізінде туа бітті ақыл-ой әлеуетінің деңгейін анықтайтын әрі тұлғаның генетикалық жағдайын бағалайтын тест әдістері бар. Бұл көзқарас 1950 жылдарға дейін басымдық танытты, себебі сол жылдары оның толыққанды мәселені шеше алмайтындығы анықталды. Зерттеушілер интеллект коэффициентін өзгертіп қана қоймай, оқыту барысында оны екі еселеуге болатынын дәлелдеді. Алынған нәтижелерден тестілеу әдісі ақыл-ойды дамыту әлеуетінің генетикалық белгілерін емес, бұрыннан үйренгенін анықтайтыны айқын көрінді. Қорыта келе, егер батыстық ғылымның дәстүрі үшін интеллектідегі биологиялық берілген қабілеттерге баса назар аудару тән болса, ресей ғалымдары тұлғаның зияткерлік әлеуетін қалыптастырудағы әлеуметтік факторларға көбірек назар аударатындығы байқалады.

Сондықтан зияткерлікті дамыту - бұл индивидтің биогенетикалық нышандары мен әлеуметтік ортаның өзара қарым-қатынасы, әрекеттесуі. Бұндай қарым-қатынастың нәтижесінде алдыңғы айтылған детерминанттармен өлшенбейтін жаңа сапа пайда болады, яғни индивидтің биологиялық ерекшеліктері алынған, әлеуметтік ақиқат болмыста жүзеге асырылған адамзаттық интеллектіге тән сапа қалыптасады. Бірақ адам интеллектісі белгілі бір әлеуметтік қатынаста басқарыла тұрса да, зияткерлік даралыққа терістеуге, жоққа шығаруға болмайды. Психофизикалық және әлеуметтік басқарудың индивидуалды зияткерлік айырмашылықтары олардың айқындаушы тетіктеріне толыққанды сәйкес келе бермейді. Бұған қоса, индивидтердің биопсихологиялық фонының кең спектрі ең ұтымды нұсқаларын оларды зияткерлік ұйымдастыру кезінде белгіленеді.

Адамзаттық зияткерлікті зерттеу мәселесі педагогикалық-психологиялық негізге ие болып, оның тарихында адами интеллект мазмұны көптеген іргелі ұғымдармен түсіндірілген болатын. Философиялық, педагогикалық және психологиялық еңбектерді талдай келе, алдымен зерттеуде негізгі тірек ұғымы «зият» түсінігін әр түрлі тұрғыдан жан-жақты қарастыруды басшылыққа алдық. Өзімізге белгілі болғандай, қазіргі кезде зият деп аталған интеллект ұғымы көпмағыналы және ақыл-ой, пайым, түсінік, жады, ес, зерде сияқты ұғымдар арқылы анықталады. Интеллект» ұғымы (латын тілінен «*intellectus*» - таным, ұғыну), ойлау қабілеті, рационалды таным деген мағына береді, көне грек ұғымындағы *нус* («ақыл») сөзінен туындаған. Кейін ұғыну, пайымдау, белгілі бір

нәрсеге жету қабілеттері сөзіне синоним болды. «Пайымдау», «зерде», «ақыл», «ұғыну» сияқты синонимдік ұғымдардың жиі қолданылуымен қатар интеллект ұғымы да философияның орталық категориясы қатарына жатады. Аристотельдің ілімдерінде бұл ұғым - зерделі индивидуалды бастама не білдірсе, сол болып танылған. Философиялық ойдың әртүрлі кезеңдерінде интеллект төменгі танымдық қабілет ретінде де түсінілген. Соңғы жағдайда табиғи қабілет ретінде оған сезімдік-эмоционалды шабыттылық түрін қабылдайтын құдайшыл күдіретке қарама-қарсы қойылды.

Интеллектінің жетекші рөлі ретінде аффект пен интеллекттің бірігуі Б.Спинозаның рационалистік тұжырымдарында айтылды. XVIII ғасырдағы француз материалистерінің еңбегінде осы мәселелерді анықтауда «ойлау» мен «таным» ұғымдары қолданылды. Классикалық неміс философиясы үшін интеллект пен зердені ажырып көрсету тән. Осыған орай интеллект танымның аналитикалық-талқылау формасы ретінде есептелді. Себебі, ол зерденің диалектикалық жетістіктеріне мүмкіндігінше жол беріп отырды. «Интеллект» философиялық мағына ретінде маңызды жалпы ғылыми категория ретінде қала береді. Арнайы әдебиеттерде тұлғаның зияткерлік әлеуеті, тұрғындардың, жеке топтардың зияткерлік қоры және қоғамның зияткерлік қажеттіліктері ретінде талқыланады. Қазіргі болып жатқан ғылыми-техникалық төңкеріс символдарының бірі – ол «жасанды интеллект» ұғымы. Бұл ұғым міндетті шешуге және оны орындауға қабілетті техникалық жүйені белгілеуде қолданылады. Соның ішінде қабылдау, қозғалысты ұйымдастыру, ақпараттық іздеу, жады, мәтінді түсіну сияқты ойлау әрекеттері де жатады. Пайымдау мен зерде айырмашылықтары екі «қабілетті жандар» ретінде антикалық философияда көрініс тапқан болатын: егер пайымдау, яғни пайымдау қабілеті: «қатыстының барлығын тану, жерге қатыстыны да, көкке қатыстыны да тану» дегенді білдіретін болса, онда зерде мақсатты әрекеттерден құралған болмыс ретінде абсолютті, шексіз, рухани дүниенің мәнін ашады.

Көптеген зерттеулерде зерде туралы түсінік пайымдаумен салыстырғанда жоғары таным қабілеті ретінде түсіндіріледі. Яғни, зерде ұғымы пайымдаудың жан-жаққа ажыратқан қарама-қайшылықтарын біртұтастықта түбегейлі жинап алушы іс-әрекет ретінде танылған. Екі түрлі деңгейдегі ойлау әрекеті, яғни пайымдау мен зерде туралы таным-түсініктерді жік-жігімен жете қарастырған И. Кант «Критика чистого разума» атты еңбегінде былай деп жазған болатын: «біздің барлық біліміміз сезімнен басталады, одан кейін пайымға ауысады, соңында зердемен аяқталады, санаға келіп түскен материалды өңдейтін одан жоғары ой әрекеті жоқ және оны жүзеге асыратын осы ойлау тұтастығынан жоғары ой әрекет жоқ».

Таным саласындағы пайымдаудың негізгі қызметі – ойлау реттілігі, сезінген материалдарды, құбылыстарды жүйелендіру. Кант түсінігінше, пайымдау білімнің түрін қалыптастырады, оның мазмұны сезімдік меңзеудің нәтижесі [1]. Пайымдау әрқашан соңғы шектеулі сипатқа ие болады, себебі, сезімдік таныммен туған болмыс мәні шектеулі. Бұған қоса Кант зерттеулеріне сәйкес, ойлау әрекетіне шектелмеген тәжірибелердің арқасында сезімдік таным

шегінен шығуға деген талпыныс тән. Осындай ойлау әрекеттеріне зерде жатады. Себебі зерде шексіздікті, шартсыздықты, абсолюттіні іздеуге ұмтылады. Бірақ зерде көздеген мақсатына жетпейді, сондықтан шешілмейтін қарама-қайшылыққа – антонимияға ұшырайды. Ақиқат танымның екі түрлі деңгейі ретіндегі пайымдау мен зерде айырмашылықтарын канттық дәстүрмен зерттеуді жалғастырған Гегель зердені («шексіз ойлау әрекеті» ретінде) пайымдауға («шекті ойлау әрекеті ретінде») қарама-қарсы қояды [2]. Пайымдау шектілігі өзінің шектелген ойды анықтап белгілей алатын ерекшелігімен танылса да, ондағы мазмұнның шегінен шыға алмайды. Бірақ пайымдаудың тұрақтылығы, айқындылығы, шектілігі Гегельдің зерттеуі бойынша, ойлау әрекетінің жүйелендіру қызметі, қабылданған материал туралы ақпаратты реттеу қызметі негізінде жатыр. Пайымдаудың заңдылығын мойындай отырып, Гегель оған қоса ойлау мүмкіндіктерінің пайымдау әрекетіне еш нұқсан келтірмейтінін ескеріп өтеді. Гегель анықтамаларының Канттан ерекшелігі Гегель зерденің тағы бір қабілетін, яғни конструктивті қызметті тану әрекетін анықтап көрсетеді. Зерде деңгейіне жеткенде ойлау әрекеті белгілі бір сыртқы шектеулермен байланыспай, еркін, рух белсенділігі ретінде қызмет етеді. Ал зерде деңгейінде ойлау әрекеті өзінің танымындағы болмыстардың жеке, түрін қалыптастырады ондағы ойға анықтама береді, оларды дерексіздендіруге, біржақты етуге тырысады, «зерделі», немесе «нақты» ұғым тудырады. Зерде әрекетінде ұғым диалектикасы пайда болады. Мысалы, Гегель зерде деңгейіндегі ойлау әрекетін таным мазмұнының нақтылануына қарай даму деп таниды. Бірақ, Гегель бұл үрдісті ұғымның өз бетінше дамитын әрекеті ретінде тану көзқарасын таратты [2]. Ал пайымдаумен жедел өңдеу, деректер мен оқиғаларды дұрыс жіктеу, ол туралы санадағы білімдерді еске түсіру сияқты қабілеттер тығыз байланысты. Пайымдауға сүйене отырып, зерде ақиқат дүниенің мәнін ашатын зияткерлік, танымдық әрекет ретінде қызмет етеді. Зерде көмегімен ойлау әрекеті танымның нәтижелерін жинақтайды, құрылған жүйе аясынан тыс жаңа идеяларды тудырады. Психологиялық ғылым дәстүрінде пайымдау мен зерде адамзаттық ойлау әрекетін қалыптастыратын екі тип ретінде анықталады. Пайымдау ойлау әрекеттерінің ішінде ақиқатқа жетуші ой қызметі ретінде бойда жиналған тәжірибе мен санадағы білім аясында ақиқат дүниені өңдейді, оларды тұрақты белгіленген ереже бойынша реттейді.

Осы тәжірибеге айқындылықтағы тұрақтылық, шектіліктегі қатаңдық, жеңілдету және жүйелендіру үрдістері тән. Бұл болмыс пен құбылысты дұрыс жіктеуге, білімді жүйеге келтіруге мүмкіндік береді. Пайымдау тұлғаны әсіресе утилитарлы міндеттерді шешуде қалыпты танымдық жағдаятқа сәтті бейімдеуді қамтамасыз етеді. Атап өткеніміздей, пайымдаудың шектілігі мұқтаждық пен категориялығына, талданған мазмұн шегінен шығуға деген қабілетінің болмауына тікелей байланысты. Мұндай жағдайларда, яғни тұлғаның ақыл-ой әрекеті пайымдау саласында толық қалыптасып болса, онда ол дерексіз-формалды болып қалыптасады. Ал зерде терең, әрі жан-жақты білім бере алу сипатымен ерекшеленеді. Қарама-қарсылық тұтастығын игере отырып, зерде нысанның екі тарапын олардың айырмашылықтарына қарай жіктеуге және

олардың мәнді сипаттары мен ерекше белгілерінің өзара ауысуына мүмкіндік жасайды.

Зерде сезімдік тәжірибеден жиналған мәліметтер ретінде де, жеке ойдың даралық түрі ретінде де талдау және жалпылау қабілетіне ие. Ол жиналған ақпараттың біржақтылығын жеңе отырып, ақиқат дүниенің диалектикасын бейнелейтін ұғымды қалыптастыруға бейімді. Жеке дара білімнің шегінен шығу және жаңа ұғым қалыптастырудың өзі зердені пайымдаудан (таныс ұғымдарға сүйенетін ой әрекеті) ажырататын негізгі ерекшелігі болып табылады. Зерде конструктивті, рефлексивті, жоғары деңгейдегі әлеуметтік мақсаттарға бағытталған. Осы жұмыста, логикалық оймен қарайтын болса, пайымдау мен зерде іштей танымның біртұтас әрекеттерінің бір компоненттері ретінде өзара байланысты. Пайымдау – адамзаттық интеллектіге тән базалық қабілеттерді бірі, бұған қоса, оны жүзеге асырушы форма, ал нақты тарихи жағдайларда ол әртүрлі көрініс табуы мүмкін. Пайымдау ақпараттардың берілу жүйесі арқылы толыққан, дайын формалды білімді меңгеру арқылы пайда болатын – мектептегі біліммен мәдениеттенеді. Пайымдау өзінің тәжірибелік әрекетінде ақиқатты тікелей қабылдаудан жиналған білімнен емес, дайын игерілген білімнен, теориялық схемадан ой тудыруға бейім келеді. «Пайымдау – бұл әлеуметтік қызметтен кең тәжірибе жинаған, білім жүйесіне тікелей байланысты интеллект деңгейі.

Оның құрамын тұрмыстық және ғылыми білімнің тұрақты құрылымдары құрайды. Онда қоғамдағы адамның өзара қатынасын анықтайтын нормалар мен ережелер негізгі компонент болады. Пайымдауда адамзаттық білімнің тұтасты тұжырымдалған үлгісі бейнеленеді. Пайымдау қазіргі білім берудің негізін құрайды. Пайымдау өз бетінше дами алмайды, ол өзін қалыптастырған бастапқы эталондарға сүйенеді. Ал оның алгоритмдік жұмысы машинаның жұмысын еске түсіреді. Бұл өз кезегінде адамзаттық интеллектінің компьютерлік деңгейі деп танылады. «Зерде – бұл көпқырлы ойлау қабілеті, шешуші белгілерді анықтай алу қабілеті, сол белгілер арқылы оның дамуын басқаратын негізгі қарама-қайшылықтарға ықпал етуге болады». Зерде теориялық танымның жоғарғы формасы ретінде дерексіздіктен нақтылыққа өрлеу қағидасына сәйкес әртүрлі даму сатысында тұрған нысанның толық теориялық жаңғыртылуына қол жеткізеді.

Біржақты пайымдауға қарағанда зерде әрекеті көпқырлы сипатқа ие, сол қасиеті арқылы түрлі ойлау құрылымдары өзара тоғысқан жағдайда шығармашылық танымдық үрдісті қалыптастырады. Зерде санада тұнып қалған пайымдау түрлерін кеңейте отырып, бастапқы аксемиотикалық өрісті қайта құрастыру қабілетіне ие болады және бұл әрекетті пайымдау әрекетіне арналған жаңа матрицаларды тудыру арқылы жүзеге асырады. Зерттеушілер айқындап көрсеткендей, материалды танудың екі деңгейі бар: «механикалық», яғни студенттер жеңіл қабылдайтын жадыға негізделген ойлау әрекеттері және «терең» тану игерілген білімді өз бетінше және белсенді тануды қамтамасыз ететін ойлау әрекеттері.

Терең тану деңгейі адам интеллектісіндегі зерде әрекетімен түзетілуі мүмкін. Сонымен, зерде – бұл тек жоғары ақыл-ой қабілеті ғана емес, ол әлемге

деген мақсатты бағытталған тәжірибелік қатынас, ақиқат болмыстың өзара байланысын, бірін бірі нақтылайтынын ескерген тәжірибе арқылы жиналған терең білімнің әмбебаптық түрдегі таным-түсінігі. Орыс тілінде пайымдаудың тұрақты анықтамасы ойлау, пайымдау қабілеттерін білдіреді, ал «зерде – бұл логикалық және шығармашылық ойлау қабілеттері, адамның танымдық әрекетінің осы жоғары деңгейлері – ақыл және интеллект». Шынайы болмысты меңгерудің әмбебап түрімен тарихи, әлеуметтік-мәдени, сондай-ақ табиғи ақиқаттың мағыналық мазмұнын қайта жаңғырту, ұғыну деп танылады. Ұғыну мағынаның пайда болуы немесе қайта туындау үрдістерінің бірлігінде көрінеді, тұлға танымдығы әлеуметтік-мәдени ақиқат болмыстың заттану, заттанбау әрекетінен көрінеді, соның арқасында ақиқат болмыстың тарихтағы, мәдениеттегі, әлеуметтік өмірдегі ұғынылған ерекшелігі мен орны анықталуы мүмкін. Ұғыну – бұл адамнан ажыратылмайтын, тұлғалық мән мен феномен, бірақ ол индивидтің психологиялық қабілеттерімен ғана емес, сондай-ақ адамзаттың өмірдегі әртүрлі коммуникативтік жүйеге қатысуымен белгіленеді. Ұғыну қарым-қатынас үдерісінде дамиды, мәдени-тарихи мұралардың бірігуінде (ассимиляцияда) дамиды.

Ұғыну түрлерінің жалпы қыры ұғыну мен өздігінше ұғынулардың арасындағы байланыс, ұғыну үдерісіндегі ұғынудың жеке базисін кеңейту, ұғынудағы әлеуметтік-тарихи, мәдени алғышарттардың белгіленуі, біржақты және соңғы интерпретацияның жеткіліксіздігін толықтыратын, мәнмәтін мағынасын ашатын қажеттілігімен белгіленеді. Ұғынуды дамыту берілген мағынаны бүтін дүние ретінде таныған «алғашқы түсініктерден» басталады, одан кейін мағынаның ішкі құрылымдарына талдау жасалады, содан кейін терең әрі толық ұғыну қалыптасады. Толық ұғынуда бүтін мағына бірнеше бөлшектерге тармақталады немесе бірнеше мағына бөлшектері біртұтас мағына ретінде жинақталады. XX ғасырдың ортасынан бастап ұғыну әмбебап танымдық қабілет ретінде тұжырымдалды және кең мағынада әлемдегі адамның тіршілік ету қабілеті ретінде түсініле бастады. Ұғыну зерттелетін нысан, құбылыс, болмысты жатсынуды жеңуге, сол арқылы оның тұрмыстағы заңдылықтарын, табиғи дүниесін тануға, сезінуге мүмкіндік береді. Ұғынудың көпқырлы формалары түрлі рухани әрекеттердің болуымен сипатталады – рационалды, көркем, адамгершілік, т.б. Педагогикалық-психологиялық дәстүр бойынша, ақыл – зерде, рух ретінде анықталады.

Орыс тілінің ең ірі маманы С.И. Ожегов ақыл ұғымын адамның ойлау қабілеті ретінде, саналы зерделі өмірдің негізі ретінде анықтаған болатын [33,б.640]. Ақыл – бұл ойлау мен ұғыну қабілеттерінің сипаттамасы. Ақыл тұлғаның психологиялық әрекеттерінің ішіндегі ерекше қызметі болып саналады. Ол түрлі әрекеттер мен болмыстар туралы ақпаратты беру, қайта өңдеу, сақтау, ақпараттарды алу қабілеттері көмегімен жүзеге асырылады. Тұлға ақыл-ой қызметінің негізінде жаңа білімді өңдейді, шынайы негізделген шешім қабылдайды, мақсат қалыптастырады, оған жетудегі нәтижелерді бақылайды, қоршаған ортада пайда болған жағдаяттарды бағалайды. Осы тұрғыдан алғанда адамның ақыл-ой әрекеті немесе зияткерлік әрекеті ақиқат дүниенің шынайы

бейнесі болып саналады. Ал, еуропалық психологиялық дәстүр бойынша, зияткерлік қызметтің негізгі деңгейлері ретінде зерде мен пайым қабілеттері алынған. Пайымдау әлеуметтік-тарихи және мәдени үдерістерде қабылданған нормалар мен стандарт шеңберінен шықпайтын зияткерлік қызмет ретінде қарастырылады.

Ал зерде - заттар мен құбылыстардың түпкі терең мәнін анықтауға, түбегейлі жаңа білім тудыруға қабілетті жоғары шығармашылық ақыл-ой ретінде танылады. Ұғыну танымдық процедура ретінде кем дегенде үш мағынада түсіндірілуі мүмкін. Біріншіден, ұғыну ұғынылатын мағынаны меңгеру немесе анықтау. Белгілі бір нәрсені ұғыну – бұл мол дүниенің мағынасын тану. Бұл жағдайда ұғынуға ғылыми білімнің барлық сипатын қолдануға болады: ақиқаттылығы, растайтыны, терістейтіні, абсолюттілігі, қатыстылығы, т.б. Мағына «өз өзінше» болатын құбылыс, ол ұғушы субъектіге тәуелді емес, ал оны таныған кезде ондағы дүние ұғынылған болады. Ұғынудың екінші мағынасы бірінші мағынасына баламалы: ұғыну – бұл интерпретация, өздігінен оны иелене алмайтын мағыналардың толығы. Осылайша білім мен ұғыну арасы ажыратылады. Білім – объективті, ал ұғыну – субъективті. Субъект мәдениеттегі мағына үлгілерін қайталай отырып, немесе жаңа мағыналарды тудыра отырып, сол мағыналар арқылы сөз бен затты (табиғи және жасанды) ажыратады. И.С. Алексеевтің пікірінше, «сөз өз бойында мағынаны алып жүрмейді, керісінше олар мағынаны қолданыста қабылдайды [34,б.13]. Осылайша сөз бойында жиналған мағыналар сөйлеу актілерінде адам қалай ұғынды сол мағынасында көрініс табады, сөздік пішін – бұл мағына болмысының түрге айналуы, кейде ұғынушы адамнан жатсынған немесе мазмұны мағынасында хабарланып тұратын сөз бен мағына теңдестігі болады. Адам үшін әрбір тілдік қолданыс қана емес, сондай-ақ әлем үзіктері де мағынаны тану үшін аса қажетті. Мәдениет артефактісі тұрғысынан қарайтын болсақ, осы құбылыс кәдімгідей болғаны байқалады. Бірақ бұл табиғи нысандарға қатысты алғанда дұрыс әрі әділ». Бұл жағдайда адам мағына үлгілерін қайталау арқылы мәдениетпен қарым-қатынас жасай алады. Яғни жаңа мағына тудыру (шығармашылық тұрғыдан түсіну) мәдениетті байытады, ғылымның «мағыналық қорын» кеңейтеді. Ұғынудың осы екі мағынасы «субъект-объект» қатынасына негізделген. Ұғынудың үшінші мағынасы «субъект-объект» қатынасы аясында ақиқат әлемді түйсіну және оны мағыналарға бөлу арқылы ұғыну тәсілін қолданбайды. Ал, табиғи интеллект мәселесіне деген қызығушылық үнемі өсіп отырады. Зерттеулердің көпшілігі тұлғаның танымдық саласын зерттеуге арналған. Бірақ жиналған материалдар толық әрі терең теориялық анықтаманы дайындауға жеткілікті болмай отыр. Зиятты әртүрлі құрылымдарға бөліп қарастыру, талқылау түсініктері оның тұтастығын түсінуді жояды. Оның бір белгісі ретінде қазіргі таңдағы интеллект ұғымына берілген 60-тан аса анықтаманың болуы фактісін айтуға болады.

2-кесте. «Зият» (интеллект) ұғымының теориялық көзқарастардың негізіндегі салыстырмалы талдауы

<i>Тұғырдың атауы, бағыт өкілдері</i>	<i>Зият (интеллект) түсінігі</i>
Философиялық энциклопедиялық сөздікте	Интеллект» ұғымы латын тілінен («intellectus» таным, ұғыну), ойлау қабілеті, рационалды таным деген мағына береді, көне грек ұғымындағы нус («ақыл») сөзінен туындаған.
Б.Г. Ананьев	интеллект тұлғаның психофизиологиялық үрдістерін, қалпын және қасиеттерін қамтитын танымдық күштердің көпдеңгейлі ұйымы ретінде қарастырады
Гештальтпсихология тұрғысынан	интеллект қабылдау мүмкіндіктері мен оның сипаттамасы ретінде танылады.
Бихевиоризм бағытында	бейімделгіштік қабілет ретінде түсініледі
Вюрцбургдық мектеп өкілдері	интеллектіні ойлаудың абстрактілі формасына теңед
Векслер	зият абстрактты құрылым болып табылады
Ж.Пиаже	зияткерлік өзара үйлестірілген және қозғалмалы біртұтас құндылықтарды тудыратын операциялардың жиынтығы, субъект мен объекті арасындағы өзара әрекеттестіктің ерекше формасы
Психометриялық тұғыр	зиятты нақты таным қызметтерінің қалыптасуында, сонымен қатар білім мен дағдыларды меңгеру дәрежесінің көрсеткіштерінде көрінетін деңгей ретінде таниды
Мальцев А.А.	зият деп мидың бейнелеуші қызметінің бүтіндігін мен үйлесімділігін, адамның барлық ақыл-ой қабілеттерінің жиынтығын атайды.

Зиятты ойлауды интегралды және жоғары деңгейде дифференциациялайтын қабілет ретінде қарастыру қажет. Бұлайша ұғымда адамның ақыл-ой мүмкіндіктерінің негізгі кеңістігі бейнеленген. Себебі адамның ақыл-ой мүмкіндіктері арқылы ақпаратты талдау және бағалау, жаңа логикалық әрекет формаларын тудыру жүзеге асырылады. Ақыл-ой белсендігі ретінде танылатын ойлау, керісінше, интеллект тұтынушылары арқылы жүзеге асырылатын нақты әрекет деп түсініледі. Демек, ойлау қабілеті мен ойлау үрдістері арасындағы шекара айырмашылығы құрылымдық-функционалды сипатқа ие және әртүрлі жағдаяттық өзгерістермен, психикалық факторлармен

белгіленеді. Зияткерлік (ақыл-ой қабілеті) секілді ойлау (ақыл-ой белсенділігі) қабілеті де бір бірінен жеке алшақ тұрған формалар емес. Олардың арасында үнемі өзара байланыс, өзара ауысу болып тұрады. Ойлау зияткерлік мүмкіндіктерін алмастырмайды, оның жүзеге асырылуының басқаша формасын заттық әрекет ретінде көрініс береді. Зияткерлікте қоршаған ортаға қатысты қатынастардың негізгі типтері құрастырылған және бұл қатынастар зияткерлікті ұйымдастыруда күрделі сипатта болады. Себебі олар әртүрлі зияткерлік деңгейде жүзеге асады. Н.А. Менчинскаяның зияткерлік даму мәселесінің зерттеулерінде зияткерлік даму құбылыстарының екі категориямен байланыстылығы сипатталады. Біріншісі, жиналған білім қорының болуы, кезінде «Білімсіз адам талқылай алмайды: тәжірибе мен білім көп болған сайын, адам талдауға қабілеттірек болады» деп П.П. Блонский да айтқан еді [35,б.313]. Сонымен, білім-ойлаудың, зияткерлік әлеуеттің қажетті шарты деген тұжырым жасауға болады. Екіншіден, зияткерлік дамуға қажетті, білім жинақтауға ықпал ететін операциялар, зияткерлік әлеуетке, іскерлікке жататын тексерілген және берік бекіген тәсілдерді меңгеру қажет.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, зияткерлік дамудың мазмұндық критерийлері (белгілері, көрсеткіштері) жайлы мәселе туындайды. Жалпы критерийлердің тізімін Н.Д. Левитов ұсынған болатын. Оның пікірінше, зияткерлік әлеуеттің дамуы келесі көрсеткіштермен сипатталады: ойлаудың дербестігі, оқу материалын жылдам және анық меңгеру, стандартты емес міндеттерді шешу (яғни дивергенттік ойлау таныту), оның барысында зияткерлік бағыттылығы (тапқырлық) және жылдамдығы, зерттеу құбылыстарының мәнін терең ұғыну (шынайы түсінікті ажырата алуы, яғни қиылыстыруға қабілеттілігі), сыни ойлау (рефлексия), негізсіз пікірлерден аулақ болу [36,б.195]. С.И. Ожеговпен Н.Ю. Шведованың орыс тілі сөздігінде әлеует сөзіне «белгілі бір қатынастағы қуаттылық деңгейі, қасиеттері мен мүмкіндіктер жиынтығы» деп анықтама берілген. Әлеует үнемі оны жүзеге асыратын саламен тығыз байланыста болады және белгілі бір сипаттамалар мен қасиет элементтерінің жиынтығымен анықталады [37,б.944]. Ал жеке алып қарайтын болсақ, А.И. Савенков пікірінше, тұлға әлеуеті дегеніміз адамның зияткерлік-шығармашылық және уәжді мінездерінің, қасиеттерінің кешенді жиынтығы. Жоғары дәрежелі биік жетістіктерге талпындыратын қабілеттер кешені. Д.Н.Ушаковтың редакциясымен (1939 ж.) орыс тілі түсіндірме сөздігінде «әлеует» ауыспалы мағынада бір нәрсені жүргізуге, қолдауға, сақтауға қажетті амал-шарттардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді [38,б.320]. Кіші кеңес энциклопедиясында (1959 ж.) «әлеует» мүмкіндік, қолданыста болатын күш, қор, құрал сияқты анықтама беріледі. «Әлеует» термині адамның дамуына қатысты 80-нші жылдары «адами фактор» ұғымы идеологияға берік сінген кезде қоғамдық ғылымдар саласында кең қолданысқа ие болды.

Адами фактор(әлеуметтік мағынада-тұлғалық) тұлғаның жалпыадамдық қасиеттерінің іс-әрекетке, мінез-құлыққа әсер етуін сипаттайды. Зияткерлік әлеует – тұлғаның іс-әрекетінің табыстылығын қамтамасыз ететін тапқырлық, қиылыстыру қабілеттілігі, дивергенттік ойлау, ассоциация еркіндігі, мотивация

және зияткерлік бағыттылық қорынан құрылатын өзгеріске бейім психологиялық құрылым. Сонымен, *интеллектуалды дамыған тұлға* - интеллектуалды қабілеттің жоғары деңгейін меңгерген, түйінді құзыреттіліктері, жалпы мәдениеті, патриотизмі мен азаматтығы жоғары қалыптасқан адамның тәрбиелік идеалы деп түсіндіріледі. Оқу-тәрбие үрдісінде зияткерлік әлеует келесі жайттардың: зияткерлік әлеуетті тұтынушы субъекттің (білім беру ісінде оқытушы, студент), зияткерлік әлеуетті дамытуға ықпал ететін нысандардың (оқулық, студент, оқушы, т.б.) тәсілдер, механизмдердің, оқу-тәрбие үрдісінде зияткерлік ықпалдастықты жетілдіруге мүмкіндік жасайтын субъект пен объект арасындағы кері байланысты қалыптастыратын талаптар мен мүмкіндіктердің болуын талап етеді.

Сонымен, зияткерлік әлеует білім мен іскерліктің, дағды мен дәйектеудің даму деңгейлері, дәрежелері және оларды адамның практикалық қызметінде жүзеге асыру қабілеттері. Балалармен қарым-қатынас жасай отырып, біз олардың бойлары, дене бітімдері, жыныстары мен мінездері әртүрлі екенін түсінеміз. Әрқайсысының ұнататыны мен қызығушылықтары, оқу стилі мен дағдылары, даму сатылары мен қабілеттері, сондай-ақ, мықты және әлсіз тұстары болады. Балалар әртүрлі мәдениеттер мен тілдердің өкілдері болуы мүмкін. Алайда әрбір баланың оқуға деген өзіндік туа біткен қабілеті болады. Әрқайсысының ерекше дарыны, қабілеттері мен мықты жақтары бар. Олардың барлығы сыныптағы сенімділік, қауіпсіздік және табыстылық сезіміне мұқтаж. Сонымен бірге оларға басқа адамдарға керек болуы, басқалардың қабылдауы және жақсы көруі маңызды. Бүгінгі күні, білім беру мен психология салаларының дамуы кезеңінде, балалардың не істей алатынына емес, олардың не нәрсеге қабілетті екеніне ерекше көңіл аудару қажет. Дәл осы себепті көптік зият теориясы қарауға ұсынылды – жаңа педагогикалық әдістерді әзірлеу мақсатында.

Говард Гарднердің теориясы бойынша зияттың 8 түрлі түрі бар. Көптік зият теориясы: визуалды-кеңістіктік, музыкалық, тәндік-кинестетикалық, тұлғааралық, вербалды-тілтанымдық, логика -математикалық, натуралистік, ішкі тұлғалық [39,б.553]. Вербалды тілтанымдық зияты дамыған адамның ерекшелігі ауызекі сөйлеу мен жазуда үлкен лексикалық қорды тиімді және орынды пайдалану қабілеті дамыған болады. Олардың ерекшеліктері: жазбаша және вербалды материалдарды есте жақсы сақтайды. Оқығанды, жазғанды жақсы көреді, тыңдауы және тыңдай отыра үйренуі жақсы дамыған. Жаңылтпаш, оқиғалар мен әңгімелерді жақсы баяндаушылар. Логика-математикалық зияты дамыған оқушылардың ерекшеліктері: математикалық тапсырмаларды, стратегиялық ойындарды, логикалық ойжұмбақтарды шешу қабілеттілігі жақсы дамыған. Оларға инфографикамен, кесте, пішіндермен жұмыс істеген ұнайды. Детективтер оқыту арқылы, деректі фильмдер көрсету арқылы қабілетін ұштауға болады. Натуралистік зият: ол оқушылар табиғи құбылыстарға қызығады.

Шығармадағы пейзаждарды оқып талдаған, оны табиғатқа шығып зерттеген ұнайды. Ол оқушыларғатанымдық деректі фильм мен бағдарламалар көрсетіп, табиғатқа сапар ұйымдастыру, сурет салғызып, суретке түсіру арқылы

натуралистік зиятты дамытуға болады. Ішкі тұлғалық зияты дамыған оқушылардың ерекшеліктері: тәуелсіздік сезімі дамыған, Өзінің мықты, әлсіз тұстарын жақсы біледі. Олардың ойлары әрекеттеріне сәйкес келеді. Жеке жұмыста анағұрлым табысты. Күнделік жүргізу арқылы, анкета алу арқылы оқушының қабілетін арттыруға болады. Визуалды кеңістігі дамыған оқушының көзбен ойлау қабілеті жоғары дамыған. Шығарма, тапсырмалардағы бейнелерді есте ойша жаңғырту оңай болатындай етіп есте сақтайды. Қиялдау күшіне ие.

Оқығанын бір көргеннен жаттап, есте сақтайды. Сурет салғызу, 3д ойындар ойнатып, түрлі дизайндар жасата отырып бұл ерекшелікті ары қарай дамытуға болады. Музыкалық зият: құлақтармен көру, ырғақты сөйлеу, ырғақты қозғалу, дауысын жақсы басқара білу, жақсы есту қабілетіне ие. Тәндік-кинетикалық зият: дене тілін, дикциясы дамыған оқушылар. Физикалық істермен айналысу арқылы, жаттығулар арқылы қабілетті ары қарай дамытуға болады. Тұлғааралық зият: жақсы ұйымдастырушылар, көмекке дайын тұратын, коммуникацияны жақсы көретін оқушылар. Ғаламторда көптік зиятты анықтауға арналған тест түрлерін жасау арқылы оқушының қай зият мықты дамығандығын анықтауға болады. Психологиялық-педагогикалық қолдау барлық педагогикалық үрдіске қатынасушыларымен сол оқу жылының жұмыс жоспары бойынша жүргізіледі. Психологиялық қызмет жұмысы «Wisefull» халықаралық психологиялық орталығымен бірлесе қызмет атқарады. Педагог-психологтың жұмысы платформада тіркеледі. Диагностикалық жұмыс онлайн форматында ұсынылып отырады. Психологиялық қызметтің жұмыстары үш бағытта жүргізіледі. Эмоционалды интеллекті дамыту академиясы. Оқушылармен жұмыс[40]. Академиялық Коучинг Құралдары (Мұғалімдерге арналған психологиялық лекторий және практикum). Жасампаз ата-аналар Академиясы (Ата-аналарға арналған психологиялық лекторий). Оқу жылы басынан барлық 7-11 сынып оқушыларына жүргізілген воркшоптар тақырыптары: «Тимбилдинг. Командалық жұмыс», «Мектепке бейімделу. Мектепке бейімсіздену», «Өзін-өзі тану», «Болашаққа саяхат» 2 бөлім (Кәсіби бағыт-бағдыр қызығушылығы), «Мотивация», «Позитивті ойлау күші», «МИ туралы білім негізінде оқыту». «Эмоционалды зият», «Кітап оқудың күші, кітаптардың маңыздылығы», «Тиімді байланыс», «Уақытты басқару және мақсаттар қою», «Тілдесу өнері», «Кумирлер, оларды қалай құрметтеу керек, мен олардан не үйрене аламын», «Жайлы аймақ немесе қорқыныш аймағы?», «Жайлы аймақ немесе қорқыныш аймағы?», «Менің әдеттерім, менің өмірімнің сапасы және қалпы» және т.б.

Диагностикалық бағытта: WISEFULL платформасында онлайн диагностика келесі әдістемелер бойынша жүргізілді: Тұлғалық типті анықтау тесті, Қабылдау каналдарына арналған тест, Кәсіби бағдарлауға арналған тест, Бейімделуге арналған чек парақ (сынып жетекшілері толтырды), Мотивацияны анықтау тесті, Құндылықтарды анықтау тесті, Көпмәселелік зиятқа арналған тест. Зерттеу нәтижелері оқушылармен талқыланып, ұсыныстар беріледі. Сұраныс бойынша ата-аналарға және ұстаздарға тест нәтижелері бойынша кеңес, семинарлар жүргізіледі. Мұғалімдірге өткізілетін семинарлар тақырыптарына мысал: «Оқушылардың жаңа оқу жылына бейімделуіндегі

мұғалімдердің рөлі», «Оқушылардың мансабын жоспарлаудағы мұғалімнің рөлі», «Уақытты басқару», «Эмоцияларды басқару», «Оқушыны қалай жақсы тани аламыз және оның потенциалы», «Мектептегі үлгермеушілік және одан шығу жолдары», «Жасөспірім психологиясының ерекшеліктері. Жасөспірімдердің уәждемесі және жетістігі». Алдағы жоспарда бар семинарлар: «Жайлы аймақ немесе қорқыныш аймағы», «Оқушылардың өзін-өзі бағалауының қалыптасуындағы мұғалімдердің рөлі». Ата-аналарға өткізілетін семинарлар тақырыптары: «Балалардың жаңа оқу жылына бейімделуіндегі ата-аналардың рөлі», «Балалардың мансабын жоспарлаудағы ата-ананың рөлі», «Эмоцияларды басқару», «Отбасындағы қарым-қатынас ерекшеліктері», «Жасөспірім психологиясының ерекшеліктері. Жасөспірімдердің уәждемесі және жетістігі».

Алдағы жоспарда бар семинар: «Балалардың өзін-өзі бағалауының қалыптасуындағы ата-ананың рөлі». Дарынды мектептерге түскен білім алушыға психолог келесі диагностикалық жұмыстарды жүргізеді: тұлғалық ерекшеліктерің анықтау тесті, қабылдау каналдарына арналған тест, кәсіби бағыт-бағдарға арналған тест, бейімделуге арналған чекпарақ, құндылықтар тесті, мотивация тесті, зейінге арналған Бурдон тесті, эмоционалды зиятқа арналған тест, көптік зиятқа арналған тест, профильді анықтау тесті. Жыл сайын елімізде жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар ұйымдастырылады. БҒМ «Дарын» РҒПО 2021-2022 оқу жылында өткен Республикалық олимпиадаларының нәтижелерінің негізінде мектептер рейтингісі анықталды [10]. Медаль саны мен сапа коэффициентін ескере отырып, әр мектепке балдар беріледі. Алтын - 3 балл, күміс - 2балл, қола- 1 балл. Бұл есептеу әдісі бойынша мектептердің олимпиадаға сапалы дайындығы деңгейін көруге болады. Республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңіне барлығы 679 білім беру ұйымы қатысты. Үздік олимпиадалық мектеп «РФММ» КеАҚ Алматы қаласындағы филиалы атанды. 38 медаль иеленіп, оның 10 алтын, 9 күміс, 19 қола медаль иеленіп 67 балл жинады. Екінші орынды иеленген Атырау қаласындағы «Білім-Инновация» лицей-интернаты 31 медаль, оның ішінде 4 алтын, 7 күміс, 20 қола, барлығы 46 балл жинады. Рейтингтің үшінші орнында Ақтөбе қаласындағы Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-Инновация» лицей-интернаты атанды. 22 медаль иеленді, оның ішінде 6 алтын, 6 күміс, 10 қола медаль. Барлығы 40 балл. Осы Республикалық олимпиаданың қорытындысы бойынша әрбір өңірдің олимпиадаға дайынығының қаншалықты тиімді өтіп жатқанын көруге болады. Енді, сапалық рейтинг бойынша ең үздік команда «НЗМ» ДББҰ атанды, екінші орынды Алматы қаласы, үшінші орынды Ақтөбе облысы иеленді. Жалпы, елімізде дарынды балаларды анықтауға, қолдауға арналған түрлі олимпиадалар, ғылыми жобалар өте көп. Олимпиадалардан орын алған оқушылардың бағыттары көбіне жаратылыстану-математикалық бағытта.

2 ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ЗИЯТКЕРЛІК ҚАБІЛЕТТІ ДАМУТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

2.1 Қазақ тілі пәні арқылы зияткерлік қабілетті дамытудың әдіс-тәсілдері.

Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, білім берудің жаңа мазмұны жаңарды. Білімге деген жаңа көзқарас басталды. Қазақ тілі бойынша оққ бағдарламасының негізгі мақсаты пәннің мазмұнын сапалы меңгеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру, басқа пәндермен сабақтастық арқылы жалпыадамзаттық құндылықтардың, ұлттық әдебиет пен мәдениеттің үздік дәстүрлерінің негізінде оқушылардың шығармашылық және зияткерлік деңгейін дамыту болып табылады. Қазақ тілі пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасы білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған

Ұстаздардың алдына қойылған міндеттердің бірі оқытудың әдіс-тәсілдерін ылғи жетілдіріп отыру, жаңа педагогикалық технологияларды меңгеріп, оқушыларға үйрету. Мұғалім үшін оқыту әдісін дұрыс таңдау ең басты мәселе. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушылардың зияткерлік қабілетін арттырып, тұлғалық күшін дамытуға, мұғалімнің біліктілігін, кәсіби келбетінің қалыптасуына ықпал етеді. Қазіргі білім мен техниканың дамуы оқушыға сапалы білім мен саналы тәрбие беруге жағдай жасап отыр. Ғылым мен ақпарат және техниканың дамыған заманында «технология» терминімен жиі ұшырасамыз. АҚШ пен Англияда пайда болған бұл ұғым дүниежүзіне таралып кетті. Технология ұғымы педагогика саласында да пайдаланылады. Бұл ұғым педагогикада оқушының жоғары, оң нәтижеге аз күш жұмсап, жетудің тиімді әдістері мен принциптерін анықтауға бағытталған. Материялдық өндіріс саласын терең меңгеріп, әрекет ету арқылы еңбек өнімінің өседі. Ал, педагогика саласында технология мұғалімнің іс-әрекетінің жеке жақтарына сай жасанды, қолдан істелген конструкциялар ретінде жасалынады. Технология термині грек сөзінен шыққан. *Techné* – өнер, шеберлік, кәсіп және *logos* – ғылым, білім деген мағынада, білімді беретін немесе шеберлік туралы ғылым деген түсінікті білдіреді.

Қазіргі уақытта «педагогикалық технология» ұғымы кеңінен қолданылып жүр. Бұл ұғымды түсіндірмес бұрын «техника» терминінің мағынасын түсініп алған дұрыс. «Техника»: бірінші өндіріс құралдарының жиынтығы деген мағынаны берсе, екінші бір істі орындағанда қолданатын тәсілдер жиынтығын білдіреді. «Технология» термині сол тәсілдер жүйесі яғни ілім деген мағынаны білдіреді. «Технология» түсінігі біркелкі емес түсіндіріледі. С.Смирнов оны төмендегідей анықтайды: оқытуды ұйымдастыруда «форма» немесе «әдістеме» түсініктерінің синонимі ретінде (бақылау жұмысын орындау технологиясы, қарым-қатынас технологиясы); нақты педагогикалық жүйенің синонимі ретінде (оқытудың «дәстүрлі» технологиясы, В. В. Давыдов пен Д. Б. Элькониннің мектепке арналған жүйесі және т.б.). Бірақ бұл түсіндірулер «технология»

түсінігін ашпайды, сондықтан «білім беру технологиясы», «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» терминдерін қарастыру қажет. Берілген түсініктерді салыстырмалы талдау Л.А.Щукинаның еңбектерінде көрсетілген [41,б.57]. Педагогикалық әдебиеттерде «педагогикалық технология» тіркесін айқындайтын: оқу-үйрену, тәрбиелеу, оқыту технологиялары, дәстүрлі технология, бағдарламаланған, проблемалық, авторлық сияқты және тағы басқа көптеген терминдер ұштасады.

Алғашқы кезден гөрі қазіргі кезде бұл терминдердің мағынасы терең. Педагогикалық технология өз құрамына адам, идея, құрал, жоспар, бағалау, білім меңгертудің барша қырлары жөніндегі проблемаларын қамтитын кешенді үдеріс. Оның көп түріне қарамастан теориялық және практикалық негізде жүзеге асады. Теориялық негізде орындалуын В. Б. Беспалько, В. В. Данилов, В. К. Дьяченко және т.б. зерттесе, тәжірибе арқылы жүзеге асуын Е.Н. Ильина, С. Н. Лысенкова, В. Ф. Шаталов және т.б. зерттеген. Бұл ұғымды дәріптеген Я.А.Коменский[3]. Ол сол XVI ғасырдың өзінде оқытудың техникалық яғни технологиялық болатынын өз еңбектерінде сөз етіп кеткен.В. Беспалько «педагогикалық технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер – оның құрамды бөлігі ғана, оқыту үдерісін жүзеге асырудың мазмұндық техникада педагогикалық ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жобасы (алгоритмі)», -деп түсіндіреді.

Б.Т.Лихачев «педагогикалық технология – бұл оқытудың формасын, әдісін, тәсілін, тәрбиенің құралын жинақтауды анықтайтын психологиялық-педагогикалық құрылғылардың жинағы», деген анықтама берген [42,б.286]. Сонымен қатар, Б.Т. Лихачев: «педагогикалық технология түпкілікті өзгермейтін механикалық құрылым емес, қайта бала мен мұғалімнің үнемі түрленіп отыратын өзара қарым-қатынасының өзегі, мазмұнды ұйымдастырушы құрылым дейді. Педагогикалық технологияның мәні – шығармашылық қабілеттің дамуы үшін қажетті жағдай туғызу». В. В. Воронов «педагогикалық технология – бұл тиімді оқыту жүйесін құрумен айналысатын жаңа бағыт», деп есептейді. В. М. Шепель: «Технология – бұл өнер, шеберлік, ептілік, іскерлік, әдістердің жиынтығы, жағдайдың өзгеруі» – десе, М.Чошанов: «Технология – бұл дидактикалық жүйенің құрамды бөлігі» – деп анықтама береді [43].

Г. М. Құсайыновтың есебінше, педагогикалық технология әдеттегі түсініктерден басқа. Ол мұғалімнің жоспарланған оқыту мен тәрбиелеудегі мақсаттары мен нәтижелерге жетумен сабақ беру үдерісі емес, ол кәсіби ұстаздың басшылығымен оқушылардың өзінің және өзара оқыту үдерісі, ол білім берудің мазмұны мен оқу жоспарларының бағдарламаларында ескерілген іс-әрекеттердің сол түрлерін меңгеру жұмыстарының әрбір сатыларындағы болатын өзгерістер мен қайта құру болады. Педагогикалық технология деп мақсаттар қою, оқу жоспары мен оқу бағдарламасын үнемі жақсартып отырудың, педагогикалық жүйелерді бүтіндей бағалаудың және ол жүйелердің тиімділігі жөніндегі ақпарат туындауына байланысты жаңа мақсаттар қоюдың тұтас үдерісін айтамыз. Қазіргі кезде оқытудың дәстүрлі, дәсүрлі емес жаңа, даымта

оқыту әдістері кеңінен пайдаланылады. Я.А.Коменский дәстүрлі әдістің негізін сыныптың сабақ жүйесі ретінде салса [3], ал, педагогикалық жаңа әдістер 50-60-шы жылдарда пайда болды. Қазірге дейін Л. С. Выготский, М. Н. Скаткин, Д.Б.Эльконин, В.В. Давыдов, Л. В. Занков тағы басқаларының идеялары жалғасты. М. Н. Скаткин: «Бастауыш сыныпта оқушыларға өз беттерімен танымдық міндеттерді шештіруді, сабақ М.Н.Скаткин бастауыш сынып оқушыларына танымдық мәселелерді өз бетімен шешуді, сабақ мазмұнында қамтылған материалдарды проблемалық мәселе ретінде ұсынуды ұсынып, қолдайды[44,б.215].

Дидактик В.В.Давыдов бала психикасын дамыта оқытудың тиімді шешімін табуды қолға алады[45,б.247]. Оқушыда білім, білік және дүниеге деген көзқарас, қатынас танымдық міндеттерді шештірудің жолын іздестіру арқылы шығармашылық тәжірибені меңгертуге, осы жағдайда сыныпта тәрбиелеу мен оқыту баланың жеке дара ерекшеліктерін дамытады. Ғалымдардың пікірінше, мектептің алдындағы шешімін күтіп тұрған басты мәселелер: оқушыларды дамыта оқыту, оқушыны оқу әрекетін қалыптастыру, олардың оқуға ынтасын ояту, қызығушылығын арттыру. Дамыта оқыту қағидасын бүтін жүйе ретінде қарастыруды ұсынады. Оқу қызметі оқу мақсаттары мен міндеттерінен, оқыту әдістерінен тұрады. Оқу әрекетіне оқу операциялары (ұғымдарды түсіндіру) оқуды игеру, бақылау, оқылатын материалдарды меңгеру дәрежесі, ал қабылдау әрекетіне дағдылар мен біліктер жатады.

Оқыту технологиясын жетілдірудің психологиялық-педагогикалық бағыттарының негізгі ой-тұжырымдары төмендегіше сипатталады: есте сақтауға негізделген оқып-білім алудан, бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу; білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикасының құрылым жүйесіне көшу; оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп саралап оқыту бағдарламасына өту. Қазіргі кездегі білім беру орындары, педагогикалық ұжымдар ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуге мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай тандап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болу мүмкін емес. Қазіргі заманғы педагогикалық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалынып елеулі өзгерістер енді. Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне енгізу үшін жұмыс жасалынуда. Білім беру парадигмасы мен білім берудің мазмұны өзгерді. Заман талабына сай сапалы білім, саналы тәрбие беру, инновациялық, ғылыми-

педагогикалық білімді меңгеріп, жас ұрпаққа жеткізе білу маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Осыған орай қазіргі заманның мұғалімнің келбеті: педагогикалық үдерісте жүйелі жұмыс істей алатын, педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш; жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын, оқушымен ортақ тіл табыса алатын, білімді, шебер, іскер болуы тиіс.

Соңғы кездері білім беру саласында Инновация термині қазіргі білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр. «Инновация» ұғымы – педагогикалық сөздік қорына ежелден енген. Ол кейбір ғалымдардың еңбектерінде «жаңа», «жаңалық енгізу», деп көрсетілсе, кейбіреулер оны «өзгеріс» дер анықтайды. Инновация – латынның «novis» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді. С.Ожегова сөздігі бойынша жуақ арада пайда болған, бірінші рет, бұрынғының орын басатын, жаңадан енгізілген жаңалық дегенді білдіреді. Қазақстанда «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады [46,б.20].

Н.Нұрахметов «инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке-дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке- дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын). «Инновация» сөзі – қазіргі уақытта барлық өндіріс, медицина, техника салаларында өте жиі қолданып жүрген термин. Қазір бұл сөз «жаңа, өзгеру, жаңаша» деген мағынаны білдіреді және дәл қазіргі жаңа заманға да «жаңа, жаңаша өзгерудің» мазмұны терең және анық екендігі белгілі. Бұл әдістеменің негізінде үйренушінің дербес қабілеті, белсенділігін қалыптастыру, оқыту материалдарын өзінше пайдалану арқылы танымдық белсенділігін арттыру алға шығады. Оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық педагогикалық жаңалықтарды енгізудің кезеңдерін: жаңа идеяны іздеу, оны алғашқы байқаудан өткізу, жаңалықтарды енгізіп оқу-әрбие үдерісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану, сол жаңалықтарды бекітіп, нәтижесін бағалау жатады. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың пайдалану қызметі бойынша топтастырылуы:

І. Педагогикалық үдерісте жеке тұлғаның бағыты негізінде педагогикалық технология: педагогикалық қарым-қатынас технологиясы, Алтынсариннің педагогикалық технологиясы, Амоношвилидің ізгілік технологиясы, Ильиннің жүйесі.

II. Оқушының іс-әрекетіндегі белсенділікті арттыру негізіндегі педагогикалық технология.

Ойын технологиясы, проблемалық оқыту технологиясы, жан-жақты коммуникативті оқыту технологиясы, оқыту материалдарын тірек сызбалар, тірек конспектілері және модельдеу арқылы қарқынды оқыту технологиясы.

III. Оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру және басқару негізіндегі педагогикалық технология: миға тұтқиылдан шабуыл жасау технологиясы, перспективті жылдамдата оқыту технологиясы, деңгейлеп оқыту технологиясы (Қараев), деңгейлеп дифференциялау технологиясы, міндетті нәтиже негізінде деңгейлі-дифференциялап оқыту технологиясы (Фарсов), бала қызығушылығы арқылы дифференциялап оқудың тәрбиелік технологиясы (Закатова), жекелей оқыту технологиясы, бағдарламалық оқыту технологиясы. Ұжымдық оқыту технологиясы, топтық оқыту технологиясы, компьютерлік оқыту технологиясы.

IV. Дидактикалық білім көтеру және материалды педагогикалық технологиялар: дидактикалық бірліктерді ірілендіру, ақыл-ой іс-әрекетін сатылай қалыптастыру теориясын игеру технологиясы.

V. Жеке пәндік педагогикалық технологиялар: сауаттылыққа ерте және дамыта оқыту технологиясы, сатылай талдап оқыту технологиясы (Оразақынова), бастауыш мектептің жалпы оқу білігін жетілдіру технологиясы, Қ.Бітібаеваның дамыта оқыту технологиясы, математикалық есептер шешу негізіндегі педагогикалық технология, сабақтың тиімді жүйелік негізіндегі педагогикалық технология, Жанпейісованың модульдық оқыту технологиясы, оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы.

VI. Альтернативті педагогикалық технология: Фольдорф педагогикасы, еркін еңбек технологиясы, ықтималдық білім технологиясы.

VII. Табиғи байқағыштық технологиялар; табиғи байқағыштық арқылы сауаттылыққа тәрбиелеу, өзіндік дамыту технологиясы. VIII. Дамыта оқыту технологиялары: дамыта оқыту жүйесі, жеке тұлға бағытындағы дамыта оқыту жүйесі (Якиманская), дамыта оқыту технологиясы (Давыдов, Эльконин), өзіндік дамыта оқыту технологиясы (Семeko).

Жалпы, технологияның түрі көп. Қазіргі кезде мектептердің оқу-тәрбие үдерісі кезінде елуден астам педагогикалық технологиялар пайдаланылып жүр. Бірақ, ол технологиялардың бәрін бір сабақта қамтып біту мүмкін емес. Бірақ, әр сабақты жоспарлағанда технологияны дұрыс таңдап, іріктеу арқылы, іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының білімін арттыруға болады. Бұл жерде оқушының технологияны қабылдауына, құштарлығына, ынтасына назар аудару қажет. Енді, жоғарыда келтірілген технологияларға тоқталатын болсақ:

Құндылықтарға бағдарланған тәсіл - оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдалану тәсілі. Құндылыққа бағдарланған тәсіл оқушы тұлғасының бойында мақсатты түрде құндылықтарға бағдарланған тәсіл қазақстандық патриотизмді, толеранттылықты, өз елінің өткен тарихына, ата-бабалардың әдебиеті, мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына құрмет көрсетуді жүзеге асырудың мүмкіндіктерін көздейді. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет

сезімін қалыптастыру. Түрлі мәдениеттер мен көзқарастарға құрмет сезімі жеке тұлғалық, тұлғааралық, мәдениетаралық, құзіреттіліктердің ажырамас бөлігі болып табылады. Оқушыларға тиісті мінез-құлық ережелерін үйрету, көпмәдениетті қоғамның әлеуметтік және кәсіби өміріне белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Проблемалық оқыту технологиясы - білімді шығармашылық тұрғыдан меңгеруге негізделген дидактикалық жүйе. Проблемалы оқыту кезінде мұғалім оқушыларға тапсырма бойынша проблемалы жағдай жасап, оқушылар оны белсенді түрде шешуге тырысады. Нәтижеде, оқушылардың білім, білік дағдылары мен ойлау қабілеттері дамиды. Проблемалық жағдайды оқу үрдісінің кез-келген : жаңа тақырыпты түсіндіру, жаңа сабақты бекіту, үй тапсырмасын тексеру кезінде қолдануға болады. Проблемалық оқыту шығармашылық процесс. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша проблемалық оқыту оқу үрдісінде кеңінен қоланады. Мысалы: мұғалім жаңа білімді дайын түрде баяндамай, проблемалық сұрақ, ситуациялар қойып, оларды шешу жолы мен тәсілдерін оқушыларға іздеуге бейімдейді. Проблемалық оқытуды ойдағыдай іске асыру үшін мұғалім алдын-ала проблемалық сұрақтар жүйесін жасап шығуы тиіс. Кез-келген сұрақ проблемалық бола бермейді. Проблемалық сұрақтың жауабы немесе шешімі дайын бола бермейді. Сұрақтың жауабын оқушы өзі іздеуі шарт. Проблемалық сұрақ бір жағынан қиын, бір жағынан оқушының білім деңгейіне сәйкес болуы тиіс. Проблемалық оқытудың күшті жақтарыны тоқталар болсақ: оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, оқу еңбегіне қызығушылығын арттырады, саналы жұмыс істеуге үйретеді, оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізеді. Кемшілігіне келер болсақ: көп уақыт алады, оқушының танымдық іс-әрекетін басқаруға әлсіз ықпал етеді. Проблемалық оқыту технологиясының негізгі мақсаты: оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық, шығармашылық икемділіктерін дамыта отырып, оқу материалын баланы қызықтыратындай құпиясы бар мәнге жеткізу. Оқушы ізден барысында ақпаратты сезім мүшелері арқылы ғана емес, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді.

Ұжымдық оқыту технологиясы: қазіргі кезде ең көп қолданылатын әдіс-тәсілдің бірі. Оқу үрдісі барысында төрт түрлі ұйымдастыру түрі. Жекелей, жұптық, топтық және ұжымдық. Бұл технологияның мақсаты: әр оқушының жеке қабілеттерін дамыту, оқушылардың ұйымшылдығын дамыту, еңбекке баулу, оқушылар және мұғалім арасындағы ынтымақтастыққа тәрбиелеу. Әр оқушының өзін-өзі басқаруға, байқампаздық қасиеттерін дамытуға жетелеу. Ұжымдық іс әрекет барысында ұжым бір уақытта жұмыс жасайды, жұптық жұмыста екі, топтасып жұмыс істегенде ең азы үш оқушы, көп дегенде жеті оқушы, топтық жұмыста әр топ арасындағы топаралық мақсат, міндеттер айқындалады. Ұжымдық оқыту технологиясында оқушы-оқушы, оқытушы-оқушы, оқушы-үйретуші болып оқушылар өз міндеттерін атқарады. Ұжымдық оқыту үдерісінде оқушы: ұйымдастырушы, кеңесші, дәлелдеуші, тексеруші, жазушы, бағалаушы жазушы және жасаушы рөлдеріне енеді. Технологияның іске асуына тоқталар болсақ: бірінші тапсырмалар даярланады, топқа бөлінген

оқушылар тапсырмамен танысады, тапсырманыы шағын бөлімдерге бөледі, әр бөлімдерге ат қояды, жоспар құрып мәтін мазмұнын меңгереді, тексеру сұрақтары даярланады. Екінші кезеңде оқушы екінші оқушыға тапсырманы түсіндіруу кезеңі. Тақырыптың мақсаты не екендігі, жоспары, мәтін мазмұн, тексеру сұрақтары даярланып, бақылау сұрақтары бойынша түсінгендерін зерттейді. Соңында өз бетінше жаттығу жазып, тәжірибе жасап, өз түсінгендерін баяндайды. Бұл ұжымдық технологияның тәрбиелік мәніне тоқталар болсақ: оқушылардың қзін-өзі басқаруы, жауапкершілік сезімді сезінуі, басқаның еңбегін бағалай білуі, белсенді, ұқыпты, адал болуға, ұжымдық ынтымақтастыққа баулиды.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы. Оқушылардың сыныпта бір бағдарлама, бір оқулықпен оқу материялын түрлі деңгейде меңгеріп, оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін технология. Оқушының ойлауын, есте сақтау, қиялын, пәнге деген ынтасын , оқушының белсенділігін, әр оқушының білім сапасының дамуына ықпал етеді. Осы технология арқылы оқушының қабілетті, қабілетсіз деп бөлу стереотипы жойылады. Бәріміз білетіндей әр адамның түрлі болып келеді. Біреулер аудиал болса, біреулер визуал, басқалары кинестетик болып бөліне береді. Сондықтан, деңгейлеп саралап оқытудың мақсаты: әр оқушының өз мүмкіншілігі мен қабілет, мүмкіндігіне қарай білім беріп, оқыту. Оқытуды оқушының әр түрлі топтарының ерекшелігіне қарай ыңғайлау, бейімдеу. Бұл технологияның ерекшелігі: дарынды , білімді тез меңгеретін оқушылар өз білімдерін одан әрі бекіте түседі, әлсіз, білімді баяу меңгеретіндердің пәнге деген ынтасы оянады, Білімнің базалық деңгейі барлық оқушылар үшін міндеттеліп, оқушыларға берілетін тапсырманың саралануы. Оқушының базалық білім деңгейі бірте-бірте өрістеуіне мүмкіндік жасалына отырып, білімнің міндетті деңгейінен кем емес білім алуы. Деңгейлеп саралап оқыту барысында оқушылар үш деңгейлік тапсырмалар арқылы жұмыс жасайды. Алғашысы, оқушылық деңгей. Бұл тапсырманы барлық оқушы орындай алатындай болуы тиіс. Жаттап алуға оңай, алдыңғы сабақта меңгерілген ақпараттың өңін өзгертпей, қайталап, пысықтауға мүмкіншілік берілу керек. Мұндай тапсырмалар құрастырған кезде оқушыларға қызықты да танымдылығын арттыратындай болуы тиіс. Екінші, алгоритмдік деңгей. Өткен тақырыпты түсінуге жіне жүйелеуге берілген тапсырмалар тізбегі. Бұл деңгейде меңгерілген тақырып бойынша бқрынғы тапсырмаларға ұқсас болып келеді, бірақ оқушылар алғашқы алған білімдерін түрлендіріп пайдалану қажет болады. Келесісі, эвристикалық шығармашылық деңгей. Ізденіс барысында оқушылар алғашқы қарапайым білімдерін жетілдіріп, жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс. Анализ, синтез, салыстыру, негізін анықтау, қорытындылау сияқты кезеңдерден өтеді. Олимпиадаға дайындық, реферат, зерттеу жұмыстарына ұласады. Бұл технологияда оқушылардың орындаған тапсырмалары олардың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Кемшілік болған жерін мұғалім ескеріп, оны арттыру үшін қосымша тапсырмалар беріп оқушының білім деңгейін арттыруға мүмкіншілік жасайды. Саралап оқыту технологиясы оқу үдерісіндегі мұғалім, оқушының

білімін есепке ала отырып жұмыс істеуін, әр түрлі топтардың оқыту үдерісінде жалпы дидактикалық жүйенің бөлімін, когнитивті ерекшеліктерді есепке алу мақсатында мектеп пен сыныптар, топтар үшін оқыту үдерісіндегі дидактикалық жүйенің бөлімін атаймыз.

Саралау («Дифференциация» латынша айырмашылық) – білім беру мазмұнын табысты игеруге, оқушының қабілетін және икемін дамытуға барынша қолайлы білім беру ортасын құру. Педагогикалық жүйелерде өзіндік айқын мақсаттайтындығымен ерекше аталып жүр. Білім беру жүйесінде оқушыларды саралау жүзеге асып отырады. Саралап оқыту әдісінің өзі әртүрлі әдістемелік құралдарды қолдану арқылы кіріккен. Сыныптағы оқушыларды жас ерекшелігі бойынша, жынысына, қызығушылығына, ақыл-ой деңгейінің дамуы бойынша, тұлғалық, денсаулық сипаттары мен деңгейі бойынша оқыту. Озат оқушыны ары қарай дамытуға, нашар оқитын оқушыларға көмек беру мүмкіндігі, қиын мінезді, үлгерімі төмен оқушымен тиімді жұмыс жүргізу мүмкіндігі туады. Сынып ішіндегі оқушыларды саралау. Сыныпта неше түрлі үздік, орта, қанағаттанарлық оқитын оқушылар кездеседі. Мұғалім жаңа сабақ түсіндіргенде, ақпарат ұсынғанда, сабақты қорытындылағанда, қайталау, білімді тексеру барысында саралау жұмыстарын жүргізуі тиіс. Бұл әдіс оқушылардың қабілет немесе дарын бойынша іріктеуге бағытталмаған, қайта оқушының білім мазмұнын игеруге, мқғалімнің оқу үдерісінде оқушыларға барынша қолайлы жағдайлар жасауы.

Оқытуды саралау-оқушылардың қажеттіліктері, қабілеттеріне қарай сәйкес сынып, топ, мектептер үшін әртүрлі оқу ортасын құру. Әртүрлі топтарда оқытуды қамтамасыз ететін әдістемелік, психико-педагогикалық, ұйымдастырушылық шаралардың кешені. Ал, саралап оқыту-әрбір оқушының мақсатқа жетуіне оң ықпал ететін тиімді жол. Оқыту мен оқуға қатысты анықталған ортақ қасиеттерді ескере отыра жасалынған, оқушылар тобына мұғалімнің білім беру үрдісін ұйымдастыру нысаны. Әр оқушының қабілетіне қарай тапсырмалар беру, ол тапсырмалар қиындық деңгейі бойынша жіктеліп, оқушыларға беріле отыра сабақты ұйымдастыру талап етіледі. Саралап оқытудың тәсілдеріне келер болсақ, тапсырмалар жеке немесе топта орындалады.

Оқушылардың меңгерген білімдеріне қарай мұғалім әртүрлі тапсырмалар береді. Оқушының білім деңгейіне қарай, шығармашылық, қиындық деңгейі, көлемі бойынша үлестірмелі катрошкалар, кестелер таратылады. Мұғалім тапсырманы бәріне бірдей таныстырады, ал оны орындау барысында өзгерістер болады. Бір топ мұғаліммен бірге жұмыс істейді, екінші топ басында мұғаліммен, кейін өз бетінше, ал үшінші топ түгелдей өз бетінші жұмыс істейді. Оқушылардың шапшандығына қарай негізгі тапсырмалар, көлемі үлкен, кейін шығармашылық тапсырмалар ұсынылады. Саралауды қамтамасыз ететін ашық түрде орындалатын, қаламдық тапсырма ретінде орындалатын, тыңдау түрінде орындалатын тапсырмалар ұсынылады. Тапсырма беру барысында оқушыға жағымды, оқуға деген ынтасын арттыратындай болуы керек. Нәтижеде, оқушылар қойылған жалпы мақсатқа сәйкес бірдей тапсырмаларменмен жұмыс істейді, бірақ мұғалім балалардың алдыңғы

нәтижелерін ескере отырып, әр баладан әртүрлі нәтиже күтеді. Нәтиже дегеніміз-сабақтың соңында мазмұн бойынша оқушының алған білімін демонстрациялау әрекеті.

Мұғалім мазмұнды меңгерту мақсатында тапсырма береді, барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады. Оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді және жетпей тұрған білімдерін жетілдіру туралы ойлағандары маңызды. Сабақта мұғалім барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізулеріне әрекет жасайды. Бұл, оқыту үдерісінде мұғалім тарапынан оқушыларға дұрыс қолдау көрсете білу маңызды. Саралаудың бұл түрі барлығына ортақ оқу нәтижелеріне жету үшін, оқу материалдарын кең көлемде пайдалануға мүмкіндік береді. Оқу үдерісі кезінде визуалды оқулықпен қамтамасыз ету, аудиалға аудио жазбаларын тыңдату, кинестетиктерге тапсырмаларды өздеріне жасатуға мүмкіндік бере отыра ұйымдастыруға болады.

Келесі, *іскерлік ойынның* жүргізілу технологиясына тоқталар болсақ. Оқушыларды шығармашылық қызметке тартатын белсенді оқу әрекетінің бір түрі. Дайындық кезеңінен, ойынға кіріспе, ойынды жүргізу, топтық жұмыс, топаралық жұмыс, қорытынды және талдау кезеңдерінен өтеді. Іскерлік ойында ойыншыларда екі түрлі қозғалыс қалыптасады. Біріншіден, ойыншы образға кіріп, ойын образын жасайды яғни осы образды толық сіңіреді, басқалармен осы образда қарым-қатынаста болады. Екіншіден, бұл ойыншылар арасындағы нағыз қарым-қатынас орнығады, себебі әр ойыншы образды өзі деп есептейді. Образға кіру жолында ойын шарты тез ұғынылады сондай - ақ төзімділік, басқалардың ойын құрметтеу, бірігіп жұмыс атқару, жауапкершілік сезімдері қалыптасады.

Оқушының пәнге деген ынтасын арттыратын, шығармашылық ізденістерге жетелейтін, оқушының білім сапасын анықтауға бағытталған әдіс-тәсілдердің бірі - *модульдік оқыту технологиясы*. Пән бойынша оқушыға берілетін білімді модульдерге бөліп және оны үйрету тиімді нәтиже береді. Оқушыны білім деңгейіне қарай мәтін мазмұны бөліктерге бөлініп беріледі. Білім алушының ізденуіне жол ашады, бөлінген мәтіндер бойынша жұмыс істеп, ақпаратты толықтырады, қысқартады, мазмұнға сай өзгертулер жасай алады. Түрлі толықтыру, түзету жұмыстарын жасап дәстүрлі оқыту мен модульдік оқытудың ерешеліктерін, айырмашылықтарын танып біледі. Сондықтан да модуль - іріленген мазмұнды дидактикалық бірлік болып саналады. Бұл технологияның ерекшелігі-тұлғаның танымдық үдерісін дамытуға бағытталған. Модуль: тақырыппен таныстыру, негізгі түсініктерді беру, алған білімдерін бекітуден, теория бойынша сынақ өткізуден (сынақ-практикум), тереңдетіп білім беру және оқушылардың қабілеттерін дамыту, оқушы деңгейі бойынша бақылау жұмысын беру сияқты бес бөліктен тұрады. Ал, оқу модулі кіріспе, сөйлесу, қорытынды бөлімдерден тұрады.

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау дегенді сынау және ол тек ересек және жоғары сыныптарға тән деген теріс түсінік қалыптасқан. Сын тұрғысынан ойлау ол шындалған ойлау,

ол жас ерекшелікке қарамайды.«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік береді. Танымның үш жолы: еліктеу, тәжірибе, ойлау. Ішіндегі ең мәртебелісі- ойлау деп ежелгі философ ғалымдар айтып кеткен [47,6.23]. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан дамыту бойынша сабақ барысында: сабақты белсенді өткізіп, әр оқушыдан сұраққа еркін жауап алау, қиялын дамытып, «менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру, тіл байлығын дамыту үшін соңына дейін тыңдау, оқушы менін қалыптастыру өте маңызды. Бұл оқыту барысында берілген ақпарат жан-жақты ой-елегінен өтіп, жекеше емес, топтық түрде талқыланып игеріледі және шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталады.

СТО бағдарламасы балаларға мынандай мүмкіндіктер береді: мұғалімге деген тәуелділіктен арылып, өзінің білім игеру қызметін өздері басқаруға білім қажеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс- әрекетті белсене және өз бетінше орындап; жеке ерекшелігі мен қабілетіне сай тапсырмаларды өзі тандап, іздеп тауып, белсене орындауға; ілім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып және ұжымдасып мұғалім көмегінсіз, дербес атқаруға; құр мәлімет алумен шектелмей, сабақ барысында өз пікірін ашық айтып өзара сұхбат жүргізуге; ой өрісі ғана емес және әлуметтік жағынан өздерін-өздері дамытып тәрбиелеуге жетелейді. Зияткерлік қабілетті арттыруда оқушыларға сыни тұрғыда ойландыратын сұрақтар мен тапсырмалар беру маңызды. Мұғалім баянадап, түсіндіріп, әңгімелейді, ал оқушы болса тыңдап, ойланып, қабылдап тағы басқа да таным әрекеттерін жасайды. Қазақ тілі және басқа пәндерде сыни тұрғыдан ойлану өте маңызды.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы көптеген ағартушы ғалымдарың бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйелеген : Джинни Л.Ситл, Куртис С. Мередит, Чарльз Тэмбл және тағы басқалар. Пиаже және Л.С.Выготский болса жобаның теориялық негізін басшылыққа алады [48,6.526]. Сыни ойлау дегеніміз - ойлаудың толассыз түрі, ақылға қонымды ойды іздеу, мәселені әр қырынан көру қабілеті, өз көзқарасыңмен басқалардың пікірін ескере отырып, логикалық тұрғыдан қалай әрекет ету керектігін ойлану. Мұнда ойлану бір бағытпен емес, түрлі бағытта жүреді. Сыни ойлауда мәселенің нақты шешімін тауып қана қоймай, оқушылар қандай да ақпарат, мәселе бойынша өзіндік түсінік қалыптастырып, оған баға беріп, дұрыс шешім қабылдай алу керек. Адамға дайын, жауабы жоқ қанда да бір мәселені немесе жаңа ақпаратты берген кезде ол мәселенің жауабын табуға ұмылғанда, оның байыбына баруға тырысқанда адам терең ойлана бастайды. Философ Джон Дьюи «Ойлау тығырыққа тіреліп, таңдау жасау керек кезде басталды» [49,6.328] деп, ойланудың кез-келген қиындық, күмән,ыңғайсыздық кезде пайда болатынын айтқан. Рефлексия кезіне оқушы көптеген шешімдерді сараптап, өз ой-елегінен өткізіп, таразылап, мәселенің байыбына баруға тырысады. Сыни ойлау оқушылардың ойлау дағдыларын дамытып, оларды оқу мен өмірде туындайтын мәселелерді өздігімен шешуге бағыттап, ақпаратпен жұмыс жасап, шешім қабылдауға баулиды. Оқушылар тапсырма оырындау барысында өздеріне, өзгелерге көптеген сұрақтар

қойып, жауап іздеп, жауаптарды дәлелдермен айғақтайды. Кез-келген оқушы бір-біріне ұқсамайтын өзіндік ойлау қабілеті бар тұлғалар.

Оқушылардың өз ойын анық жеткізе алмай, шешім қабылдауларында қиындықтар туатыны анықталған екен. Осы себепті, оқушының ойын дамыту жұмыстарына көңіл бөлу керек екендігі анықталған. Бұл мәселені шешуде ең тиімді әдіс-«Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы[50,б.38]. Бұл технология оқушының педагогтың бағыттауымен өз бетінше білімді меңгеруі жатады. Сын тұрғысынан ойлау -оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушы мұғалімімен, сыныптастарымен еркін сөйлесіп, ойын ашық айтып, өзекті мәселенің шешімін табуға баулитын тиімді бағдарлама. Мұғалім оқушылардың сыни тұрғыдан ойландыру үшін: қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс сатыларынан өту қажет. Балаларға терең білім беріп, дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау мен жазуды дамыту» технологияның басты мақсаты. Жаңа технология ретінде ең озық әдіс-тәсілдерді уақытылы игеріп бала бойына дарытып, нәтиже шығару ұстаздардың міндеті.

Оқушылардың таным-белсенділігі деңгейіне қарай топтастырылған әдістер. Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс, басқаша рецепция, яғни қабылдау әдісі деп атаймыз. Бұл әдіс арқылы мұғалім ақпаратты түрлі құралдар арқылы ұсынады, оқушылар ақпаратты меңгереді, түсінеді, естерінде сақтайды. Ақпараттар әңгіме, кітап, дәріс, түсіндіру арқылы ақпарат беріледі. Оқушылар мұғалімді тыңдайды, көрнекіліктерімен жұмыс істейді, оқу материалдарын алдыңғы білімдеріне қосады, бақылайды. Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс арқылы көп ғасырлар бойы адамзат жинақтаған тәжірибені аз уақытта беруге болады. Оның пайдасы көп, және шет елдерде кеңінен қолданылады. Өткен ғасырлардағы оқу үдерісінде мұғалімнің сөзі, оқу кітаптары, көрнекі құралдар жұтандау болған. Ал, қазіргі кезде көрнекі, АКТ құралдары арқылы оқушыларды сыныпта суретшілермен де, ғалымдармен де, жазушы және тағы басқалармен кездестіруге болады. Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс арқылы білім дайын күйінде беріледі, мұғалім материалды қабылдауға көмектеседі, бірақ бұл әдісті шамадан тыс бере беруге болмайды.

Репродуктивтік әдіс. Бұл әдіс арқылы мұғалім оқушының іскерлігін және дағдыларын қалыптастырып, тапсырмалар беріп, өзі меңгерткен білімді, үйреткен іскерлік дағдыларын оқушыларға қайталайды. Оқушылар мұғалімнің есебіне ұқсас есептер шығарып, тіл сабақтарында үлгі бойынша жіктейді, септейді, жоспар құрып, мұғалімнің нұсқауымен станоктармен жұмыс істеп, химиядан, физикадан тәжірибе жасайды. Репродуктивтік әдіс мұғалімнен ұйымдастырушылық қабілетті талап етеді. Мұғалім сөздік, көрнекілік, тәжірибелік әдістер арқыл ы жаңа оқу материалын түсіндіреді, ал оқушылар оларды тапсырмаларды орындау үшін қолданады. Оқушыларға берілетін нұсқаулар жетілдіріліп, жауаптары бар бағдарламаланған оқулықтар жасалуда. Оларға ауызша түсіндіру, қалай жұмыс істеуді айтумен қатар, жұмыс істеуге керек сызбалар, кинодан үзінділер көрсетіледі. Білімнің көлемі көп болғанда репродуктивтік әдіс түсіндірмелі-иллюстративтік әдіспен бірге қолданылады. Оқушыларға алгоритм беріледі. Алгоритм-оқушыға зат не құбылысты толық

білуге көмектесетін бағыт беретін іс-әрекеттердің жүйесі. Оқушыларға конспектілеудің, салыстырудың, есеп шығарудың алгоритмдері беріледі.

Алгоритмдер бірнеше операциялары бар дағдыларды қалыптастыруға пайдалы, себебі күрделі іс-әрекеттен оның жеке операциялары бөлінеді. Репродуктивтік әдіс бағдарламалық оқытумен тығыз байланысты. Ол арқылы тәжірибелік жұмыстар атқарылады. Оқушылар өз бетімен меңгере алмайтынын, олар үшін мүлдем жаңа тақырыптарды репродуктивтік әдіспен беру керек. Аталған әдісті шектен тыс қолдану жаттандылыққа әкеліп, оқушының шығармашылығын, ақыл-ойын дамытпайды. Себебі репродуктивтік әдісті қолданғанда оқушылар үлгі, нұсқау бойынша жұмыс істейді.

Мәселелік әдісті қолданғанда оқушылар орындайтын іс-әрекеттен шығармашылық іс-әрекетке көшеді. Мектептің оқушылары мәселелік міндеттерді өз бетімен шеше алмайды, сондықтан мұғалім оларға мәселені шешу жолдарын көрсетеді, мәселені толықтай өзі шешеді. Оқушылар мәселені шешпесе де, танымдық қиындықтарды шешу жолдарын көреді. Мәселелік әдістің орта және жоғары сыныптарда пайдасы көп. «Токты күшейту және әлсірету үшін, температураны көтеру және түсіру үшін не істеу керек?» деген сұрақтар мәселелік сұрақтар. Қиын жағдаят мәселені шешуге керекті білімдерді, ақыл-ой жұмысына қабілетті, үлкен белсенділікті талап етеді. Оны оқушылар өз беттерімен немесе мұғалім көмегімен шешеді. Мәселелік жағдаятты тудырудағы мақсат - оқуды қиындату арқылы оқу материалдарын меңгерту, баланың ақыл-ойын жұмыс істету. Мәселелік жағдаят сұрақтар қою, болжам айту, дәлелденбеген пікірлерді талдату арқылы жасалады. Оқылып отырған құбылыстың сызбасы, диаграммасы жасалады. Оқушылар шығармашылықпен жұмыс істеп, білімдерін емін-еркін естеріне түсіреді. Мәселелік әдіс оқушыларды тапқырлыққа, қарама-қайшылықтарды түсінуге, болжамдар айтуға, дәлелдер келтіруге, шешім табуға үйретеді.

Ішінара ізденіс немесе эвристикалық әдіс. Оқушыға мәселені өз бетімен - шешуге үйрету үшін, оған шағын зерттеу жұмыстарын беру керек. Мұғалім картиналар, құжаттар көрсетіп, оларға сұрақ қоюды ұсынады, фактілерден қорытынды шығартады, ұсыныстар айтқызады. Эвристикалық әдіс арқылы сабақ өткізетін мұғалім алдын ала мәселені шешуге алып келетін, оқушылардың білімдерін еске түсіретін сұрақтар әзірлейді. Эвристикалық әңгіме үшін құрастырылған сұрақтар мәселелік сипатта болады. Оқушылар ізденеді, шығармашылықтарын көрсетеді. Оқушылар жеке мәселелік сұрақтарды шешсе, онда ішінара - ізденіс әдісінің қолданылғаны. Мұғалім тапсырма әзірлеп, оның қай жерлерін оқушылар зерттеу арқылы орындайтынын белгілейді.

Зерттеу әдісі шығармашылық жұмыс тәжірибесін жақсы үйрену үшін қолданылады. Зерттеу әдісі арқылы оқушы білімін қолданып, ғылыми таным әдістерімен жұмыс істеп үйреніп, жаңа мәселелерді шешу тәжірибесін жинақтайды. Зерттеу жұмыстары сабақта, үйде орындалып, бір аптада, бір айда орындалатын тапсырмалар жоспарланады. Мысалы, әдебиеттің мұғалімі «Қазақстан жазушыларының нарық кезінде жазған шығармалары» - деген тақырыпта тапсырма береді. Оқушылар барлық жұмысты өз беттерімен

орындайды. Өсімдіктер өсіру үшін қолданылған агротехникалық тәсілдердің пайдасын анықтау жөнінде тапсырмалар беріліп, зерттеу жұмысының жоспары жасалып, қорытындыларының дұрыстығы тексеріледі. Осы жоспармен туған өлке тарихын зерттеуге болады. Оқушылар эксперимент жүргізеді, ғылыми эксперименттерге қатысады, ұзақ уақыт кететін тапсырмалар көп болмау керек.

Әр пәннен жылына бір рет тапсырма берген жақсы. Бір оқу жылы ішінде барлық пәндерден зерттеу жұмыстарын беру тиімсіз. Зерттеу жұмысының түрлері: өсімдіктерді, жануарларды, табиғат құбылыстарын бақылау, баяндамалар оқу, технологиялық процестерді жетілдіру туралы ұсыныстар айту, ғылыми-көпшілік әдебиеттерді талдау, т.б. сынып оқушыларын әдебиетті іріктеуге, аннотация жасауға, конспектілеуге, картотекалар жасауға, жоспар жасауға, материал жинауға, оның жоспарын жасауға, құрастыруға, баяндауға үйрету керек. Зерттеу кезеңдері: 1) факті, не құбылыстарды бақылау, зерттеу; 2) зерттелетін мәселелерді анықтау; 3) мәселені шешу жөнінде жорамал айту; 4) зерттеудің жоспарын жасау; 5) зерттеу; 6) нәтиже; 7) оны қолдану туралы ұсыныс. Оқушының шешетін мәселелері оқу бағдарламасына ену керек.

Оқушының зерттеуі ғалымның зерттеуіне ұқсас, күрделі болмау керек. Оларды әдіскер-ғалымдар жасайды. Бүгінгі күннің талабына сай білім саласында жаңа технологияларды қолдану маңызды. Жаңа технологияларды әр пәнде кіріктіріп оқыту арқылы оқушының шығармашылығын, интеллектісін дамытуға, пәнге деген қызулығын арттырып, өздігінен ізденуге жол ашады. Қазіргі Z-ұрпақ өкілдерін дәстүрлі оқыту технологиясы арқылы пәнге деген ынтаны сөндіріп алуға болады. Мұғалім түрлі технологияларды қолданумен қатар АКТ құралдарын да жақсы меңгерулері керек. Жаңартылған білім мазмұны бойынша тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым арқылы тілдік дағдыларын қалыптастыруда цифрлық құралдарды да жетік меңгеруі тиімді. Себебі, гаджет қолдану арқылы оқушылар технологияның тек теріс жақтарын емес, оң да пайдаланады.

Тапсырмаларды цифрлық құралдар арқылы берілетін болса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады. Оқушыларға берілетін ақпарат мультимедиялық презентациялар арқылы берілсе визуалды дамыған оқушыларға оң әсер етеді. Мультимедиялық презентациялар жасауға арналған платформалар: genially, prezі, emaze, zoho show, visme, pickto chart, slidebean және тағы басқалары. Ақыл-ой карталары, блок-сызбалар, түрлі-түсті постерлер, флипбук құралдары оқушының таным белсенділігін, шығармашылық ой өрісін дамытады. Оқылым дағыларын дамытуда: quizizz, formative, socrative, emaze, genially онлайн платформаларын қолдану тиімді. Жазылым дағыларын дамытуда liveworksheets платформасы, лексика-грамматиканы меңгертуде - triventy, түрлі ойын, сөз жұмбақ, тест тапсырмаларын жасауда proprofs онлайн платформалары тиімді. Сабақ соңында кері байланыс жасауда: mentimeter, responster, testograf, typefrom, qualtrics онлайн-сервистерін қолдануға болады. Үй тапсырмасын бекітуде flipgrid, googlesites, padlet қосымшалары мұғалім мен оқушыға өз пайдасын тигізеді.

2.2. Қазақ тілі бойынша дарынды балаларға арналған жаттығу тапсырмалары үлгілері.

1-жаттығу. Тақырып: Қазақстандағы халықтар достастығы. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы бойынша тапсырма үлгілері.

Оқушыларға тыңдалым алды сұрақтар қойылады:

А) Ассамблея деген не? Қазақстан халықтар достығы туралы не білесіздер? «Бірлігі бар ел озар» деген мақалдың мағынасын қалай түсінесіздер? Оқушылар осы сұрақтар төңірегінде пікір алмасып, ой қозғайды, жұпқа бөлінеді, бейнероликпен танысады. Видео сілтемесі:

<https://www.youtube.com/watch?v=RuNvptwZIIo>

Ә) ЖЖ (жұптық жұмыс). Оқушылар тыңдалған мәтінді негізге ала отырып, БЛУМ жүйесі негізінде сұрақтар құрастыру. Кім? Не? (білу), Қашан? (түсіну), Не үшін? (қолдану), Қалай? (анализ), Не себепті? Неге? (синтез, бағалау). Сауалдары негізінде сұрақтар әзірлейді. Көршілес отырған жұптар әзірлеген сұрақтарымен алмасып, жауап береді. Жауаптарын тексеріп, өзара бағалайды, салыстырады, талқылайды. Жұптар өзара бірн-бірі тексеріп бағалайды.

Б) Келесі кезең. Оқушылар 5 топқа топтасады. (бірге жұмыс жасаған жұптар бір топ болуына болады). Қазақ, орыс, уйғыр, татар, неміс, кәріс, өзбек, қырғыз, шешен сияқты ұлт атаулары тақтада көрсетіледі. Олар топпен келісіп, ұлт атауларын тандап алады. Өздері тандап алған ұлт өкілдері атынан «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында ой-толғауларымен, мақтаныш сезімдерімен бөліседі. Дауыс ырғағына, интонацияға, сөз мәнеріне ерекше көңіл аударулары қажет. Бұл тапсырманы орындауда барлық оқушылар: сұрақтар дайындайды, мәселені анықтай алады, жауап береді, салыстырады, ойларын жеткізе алады. Көптеген оқушылар: Оқушылардың көбі ақпараттар бойынша сұрақтарға жауап береді, салыстырады, ойларын әсерлі жеткізеді, бағалайды. Кейбір оқушылар: Қабілеті жоғары оқушылар ұтымды ойлар айтады, мәселені жан-жақты талдай алады, сезімін ерекше жеткізеді және бағалауда нақтылық көрсетеді.

Бұл жаттығуды орындау арқылы оқушылар тыңдалым және айтылым дағдысы бойынша проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып дәлелді жауап беруді, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыруды, талқылауды. Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдануды үйренеді. Аналитикалық ойлау дағдысы дамиды.

2-жаттығу: Оқылым мәтіні. Мәтінді топқа бөлініп оқу.

1-топ. ГМО? Тұтынатын тамағыңыздың құрамымен таныссыз ба? Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі - бірінші кезекте адамның лайықты өмір сүруіне қажетті сапалы өнімдерді пайдаланумен анықталады. Ғалымдардың болжауы бойынша алдағы елу жылда жер бетіндегі халықтың саны 12 миллиардқа жететін көрінеді. Ал осыншама халықтың басқа да қажеттіліктерін ойламағанның өзінде, бір ғана ішіп – жеуге қаншама азық – түлік керек болады? Осы мәселенің алдын алу жолында ғалымдар суыққа және ыстыққа

химиялық қоспалар бар екені анықталған. Сондықтан, қазіргі жеміс-жидектерді тазартып жеу керек. Бірақ олар жай сумен жуғанға кетпейді, сондықтан ультрадыбыстық өңдеуден өткізу қажет дейді мамандар.

Көптеген жімістерді тұтынушыларға бұзылмаған күйінде жеткізу үшін оларды арнайы химиялық қоспалар сіңірілген қағазбен немесе торкөз орауышпен орайды, сырты жылтырап тұру үшін жылтыратқыш Вакса бүркіп өңдеуден өткізеді. Осындай өңдеуден өткізілген мандарин, ұзақ сақталады. Мысалы, химиялық зиянды Тебуканазол ерітіндісін бүркіп өңделген жүзім езілмейді. 2006 жылы арнайы зерттеу жүргізілген. Аталған химиялық қосылыстардың әсерінен көлбақаның бақашабағы құйрықсыз болып шыққан, ересектері кішкентай болып өспей қалған. Қазіргі кезде барлық цитрустар, банан, ананас, т.б. жемістер өсіргіш гормондар қосылған газбен дәріленгеніні шындық, Қытайда осындай өңдеудің барлық тәсілі қолданылады. Осының әсерінен неше түрлі аурулар, оның ішінде қатерлі ісік аурулары дамиды деген дәлелденген. Оқылымнан кейінгі тапсырма.

А) Мәтін негізінде «Блум таксономиясы» бойынша сұрақ түрлерін даярлайды. Жай сұрақ, бекіту сұрағы, интерпретация сұрағы, бағалау сұрағы, шығармашылық және практикалық сұрақ.

Ә) Топтар гендік өнімнің екі пайдалы және екі зиянды тұсын айтады. Ойын дәлелдер келтіре отырып жеткізеді. Оқушылар өз пікірлерін білдіруде логикалық екпінді түсініп, дұрыс қолданады. Б) Тақырып бойынша 5 сұрақ құрастырады. Тақырыпты өмірмен байланыстырады, дәлелдейді. Автор позициясы мен көтерген мәселесін қорытындылайды.

В) Мәтіннен салт және сабақты етістіктерді табу. Осы жаттығуды орындау арқылы оқушылар: тақырыпқа өз пікірлерін білдіруді үйренеді; проблемалық сұрақтар құрастыруды жіне оған жауап беруді; ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажыратуды, гендік өнімнің пайдалы және зиянды тұсын ажыратып; логикалық екпінді түсінеді және дұрыс қолдануды үйренеді;

3-жаттығу. Оқылым мәтіні бойынша мәтін тудыру тапсырмасы. Мейрамхана - қызмет көрсету деңгейі бойынша люкс, симпозиум қатысушыларына, банк және офис қызметкерлеріне арналады. Егер де бизнес-ланч үш тағамнан құралса, тұтынушылар төрт курстан тұратын жинақты таңдайды: бірінші курс-салқын және ыстық басытқылардың бірнеше варианттары; екінші курс-көжеселер; үшінші курс-негізгі ыстық тағамдар және төртінші-десерт.

А) Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу. Оқушылар мейрамханада ұсынылатын ас мәзірі туралы оқылған мәтін негізінде сөйлемдердің ішінен негізгі ойды анықтайтын сөздерді тауып, «Ас мәзірін» (жинақы мәтін) етіп жазып шығады. Көлемі 100-120 сөз.

Ә) Осы жаттығуға қосымша ретінде «Салауатты тамақтану – ұлт денсаулығының негізі» тақырыбында оқушылар padlet қосымшасына өз ойын қысқаша мазмұндап жазады. Блогқа жазу арқылы басқалардың пікірімен ой бөліседі. Оқушылар өз блогтарында төмендегілерді қамтулары қажет: Тамақ

құрамында негізгі қоректік заттардың болуы (белок, май, көмірсу); Тамақ рационында қосымша заттардың (витаминдер, микроэлементтер); болуы. Тамақ нәрлігі адам жасына, денсаулық күйіне, табиғат климатына байланысты; Тәулік бойынша тамақтану тәртібінің мөлшерін сақтау; Тамақтанудың санитарлық – гигиеналық нормаға сай болуы.

Бұл тапсырманы орындау арқылы оқушы оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыруды, жинақы мәтін жазуды өз бойларына қалыптастырады. Жинақы мәтін жазуға машықтанады.

4жаттығу. Мәтінтану бойынша тапсырма. Мәтіннің жанрына, стиліне қарай талда.

А) Бауыржан Момышұлының күнделігінен

«...Кештің өзі әсерлі өтті. Далаға төселген киіздің үстінде көп әңгіме айтылды. Баукең ерекше әңгіменің есігін айқара ашып тастады. Осыны пайдаланған ауыл азаматтарының бірі Баукеңе: «Бауке, сіздің Сталиннің қабылдауында болғаныңызды ел әр түрлі ерекше айтады. Аңызға да айналдырады. Егер мүмкін болса соны өз аузыңыздан естісек» деген тілек айтып еді, көпшілік:

– Рас, Бауке, соны өзаузыңыздан естісек.

– Біздің білгіміз келеді.

– Айтып берсеңіз, — деген тілектер қарша борады.

Бұл тақырыпқа Баукең көп бармайтын, бұл жолы қалай болар екен, айтса екен деп мен де айтып отырмын. Жоқ, Баукең көптің көңілін қайтарған жоқ. «Ал» ендеше, тыңдаңдар!» — деп бір гүр етіп алды да жайымен әңгімесін бастады.

Ә) Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан

1941-1945 жылдардағы Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы тарихқа мәңгі енді. Бұл соғыста Қазақстандағы әр отбасынан жүздеген мың адам қолына қару алып, ұрыстарға қатынасты. Соғыстың басталуы және оның сипаты туралы тарихи деректерге сүйенетін болсақ: Шабуыл жасаспау туралы (1939 ж. 23 тамыз) Кеңес Одағымен жасазан келісімді фашистік Германия 1941 жылы 22 маусымда бұзып, соғыс жарияламастан КСРО аумағына аяқ астынан басып кірді. 1940 жылдың орта кезеңінде-ақ (18 желтоқсан) Гитлер КСРО-ға басып кірудің «Барборосса жоспары» деп аталатын стратегиялық жоспарын жасауға кіріскен болатын. Бұл жоспардың басты мақсаты қысқа мерзім ішінде (3-4 ай), «қауырт соғыс» идеясы бойынша соғысты 1941 жылдың күзінде (қараша) аяқтау тиіс еді. Кеңес адамдарының патриоттық сезімі, әрине, бұл жоспарға қарсы тұра білді. Қазақстан халқы Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен жаппай жазыла бастады. Мысалы, Алматы медицина институтының студенті Манишүк Мәметова: «Отбасымыздан майданға жіберетін ешкім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан өзімді жіберуді өтінемін», — деп әскери комитетке өтініш берді. Қазақстаннан соғыс майдандарында 100-ге жуық ақындар мен жазушылар шайқасқан. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қырғызстаннан шақырылған жігіттерден 316-атқыштар дивизиясы құрылып,

оның командирі генерал М. В. Панфилов болды. Армия қатарына әрбір бесінші адам майданға аттанды.

Б) Әлия есімі әлі есімізде

Әлия Молдағұлованың есімі өз отанын шын сүйгендік пен халқына берілгендіктің жарқын бейнесіне айналғаны қашан. Әлия Молдағұлова 1925 ж. 25 қазанда, Ақтөбе облысының Бұлақ ауылында дүниеге келген. Бала кезінде әке-шешесінен айырылып, әке-шешесінің туыстарында тәрбиеленген. Туған-туысқандары ұжымдастырудың бірінші кезеңіндегі аштықтан қаза тапқан, бұл жөнінде майдан хаттарынан белгілі болды. 1935 жылы нағашысы Әскерикөлік Академиясына оқуға түседі. Молдағұловтар отбасы Әлиямен бірге Мәскеуге көшеді.

Ал бірнеше жылдан кейін Академия Ленинград қаласына көшіріледі, сондықтан да олар Лениградқа көшіп барады. 1939 жылдың күзінде нағашысы №46-шы мектеп-интернатына тапсырады. Соғыс кезінде бұл мектеп балалар үйінің қызметін атқарған. Әлия сынып-тастарының естеліктеріне қарағанда, ол өзіне сенімді болып, басқаларға да талап қойғыш болған.

Мінезіндегі негізгі қасиеттері: мақсат қоюшылық, адалдық, қайырымдылық. Ол сыныптастарымен тез тіл табысып, оның байланысқа бейімділігі көптегендерді таңқалдырған.

Бұл жаттығуды орындау арқылы білім алушы мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажыратуды, хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратуды үйренеді.

5-жаттығу. Қазақ-татулықтың қадірін білген, ынтымақтың ырысын бағалаған халық. Халқымыз өзінің татулығы мен ерлігінің арқасында осынау дарқан даланың иесі атанды. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Бірлік алды-ынтымақ», «Бірлік түбі-береке», «Бірлік түбі-тірлік», «Күш-бірлікте», «Төртеуі түгел бірлікке, достыққа адам сыйлауға, татулыққа жетелейтін меймандостық тәрбие берген. Қазақтың алыстығы ағайынмен жөн сұрасқанда, ең алдымен «Ел аман, жұрт тыныш па?» деп қалың жұрттың есендігін сұрауында үлкен мән бар. Алыстағы ағайынның амандығын естіп, есендігін білгеннен соң жөн арқасын кеңге салып марқайып қалады. Адам болмысы әрдайым тыныштықты, берекелі, баянды ғұмырды аңсайды. «Бірлігі бар ел озады, бірлігі кеткен ел тозады». Кезінде үш жүздің басын қосқан Абылай ханға ақылшы болған Бұқар жырау:

Мұсылманның баласы,

Сірә, бір кеңес құрыңыз,

Бірауыздан болыңыз!-

Деп халықты бәрінен бұрын ынтымақшыл, ұйымшыл болуға шақырған. Ал жыр алыбы Жамбыл атағы арындап тұрған от ауызды, орақ тілді ақын

Құлмамбетті:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,

Ел бірлігін сақтаған татулықты айт!- деген екі ауыз сөзімен жеңіп, татулық пен тыныштықтың қадірін ұқтырып кеткен...

А) Мәтінді оқи отырып мазмұны бойынша өз ойларыңды flipgrid онлайн платформасында түйіндеп, татулық жайлы түсініктеріңді кеңейтіңіздер.

Ә) Мәтіндегі есімше, көсемшеден жасалған етістіктерді тауып, қай шақта баяндалғанын анықтап padlet онлайн платформасында тапсырманы орындаңыздар.

Оқушылардың оқылым және тапсырманы орындау арқылы онлайн платформада айтылым дағдысы дамиды.

6-жаттығу. Маужырап атқан мамыр айының шапағы ал қызыл тудай шайқала қалған екен. Қызыл шапақ астынан күн төбесі көріне бастады. Мөлдір айдың бетінде құбылып күрең сәуле ойнайды. Көз ұшында шағаладай шаңқаң ақ желкендер көрінеді. Аршын мойындарын құрықтай иіріп, жұп-жұбымен аққулар жүр. Теңіз толқыны оларды ақырын гана тербең қояды. Көгілдір кеңістікте шоршып сары сазандар ойнайды. Бұдан қалса, түс ауа дауылданатын шығар. Алдыңда тұрса да, түсесің, не батасың, не шығасың. Осы бір таза ауаны кеудеңді толтыра жұта бергің келеді. (Ә.Сәрсенбаев ғаламтор бетінен).

А) Мәтіндегі сөйлемдерден рай формасында жұмсалған етістіктерді тауып жазыңдар.

Ә) Сөз тіркестерін тауып, мағынасын «Ұлттық корпус» сайтына кіріп түсіну, постер жасап келу.

Бұл тапсырманы орындау арқылы оқушылар сайтпен жұмыс істеуді, және етістіктің рай формасын ажыратуды үйренеді.

7-жаттығу. АКТ құралдарын қолдану бойынша тапсырма. Досы көпті жсау алмас. Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дер. Ынтымақ қайда болса, ырыс сонда барамын депті. Қадір тұт, бір-біріңе құрмет көрсет, тірлікте сыйластыққа бар ма жетер. Алақанмен күннің көзін жаба алмайсың. Ынтымақ болмай іс оңбас. Адам ұйымшыл, мал үйіршіл. Айырылған азады, қосылған бүлінеді. Бөлінген оңбас.

А) Берілген мақал-мәтелдерді керекті сөздерді пайдаланып аяқтап жазыңдар.

Ә) Етістіктерді тауып тұлғасына қарай талдаңдар.

Б) Қазақтың ынтымақ пен бірліке қатысты мақал-мәтелдерін пайдаланып, ынтымақ, бірлік, татулық сөздерімен мәндес сөздерді табыңдар. Мұндай мағыналас сөздердің 40-қа жуығы бар екен. Ал сендер қаншасын табасыңдар ?

Бұл тапсырмалар quizlet платформасында берілгендіктен оқушылар тапсырманы дұрыс орындап, өз бетімен қатамен жұмыс істеуді үйренеді.

8-жаттығу. Мәтінтудыру бойынша тапсырма.

Жасыл жайлау, түкті кілем, көк кілем

Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем

Маңдайымнан сипап өткен самалды

Қазағымның алақаны-ау деп білем

Қайда жүрсем Атамекен

Көкейіңде жатады екен
Күннің өзі ұясына
Қимай оны-ай батады екен
Жасыл жайлау, түкті кілем, көк кілем
Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем
Күннің нұрын, айдың аппақ сәулесін
Қазағымның махаббаты-ау деп білем
Жасыл жайлау, түкті кілем, көк кілем
Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем
Асқар тауын аспаныммен таласқан
Қазағымның мәртебесі-ау деп білем
А)Әнді қосылып айтындар.

Ә)Ән мәтініндегі етістіктердің шағын тауып, дәптерге жазындар.

Б)Әдеби тіл нормаларын сақтай отырып өленді сюжетті мәтінге айналдырындар.

Бұл тапсырманы орындау арқылы оқушылар өлең жолдарын мәтінге айналдыруды. Көркем сөздерді пайдалана отыра әңгімелеу мәтінін жазуды үйренеді.

9-жаттығу.

... Біз бір сыныпта жеті қазақ баласы, екі орыс, екі неміс, бір шешен, бір татар-бес ұлттың балалары оқитынбыз. Бәрі де соғыс басталғаннан бері жаңадан көшіп келгендердің балалары. Келгенкездерінде бірауыз қазақша білмейтін балалар бірер жылдан кейін аққзімізді сөзден жаңңылдыратындай боп сайрап шыға келді. Ауылымыз-қазақ ауылы, сондықтан күнделікті тірліктің бәрі қазақша: ойын қазақша, мектептегі оқу қазақша, дмеке қазақ тілі бүкіл ауылға ортақ тіл және қазақ тілі үйренуге оңай тіл сияқты. Мысалы, Отто көшіп келген соң үш күннен кейін көшеде өзімізбен бірге «Түлкі-тазы» ойнап, қазақша айтатынымыздың бәрін айна қатесіз түсініп, ойын үстінде біздің сұрақтарымызға «бар, жоқ» деп жауап қайтарып, лезде тобымызға қсылып кетті. Орыс баласы Петке мен шешен баласы Бәкке де солай болды. Ала жаздай өзімізбен қосылып ойнап жүрді де, күзде мектепке қазақ кластарына кеп қзімізбен бірге бір партағатотырды.

Мұқан ағай әуелде : «Әй, бұл балаларға қиын болады - ау»,-деп біраз абыржыған. Артынан әлгі балалардың оқуға деген ынтасын көріп: «Ойпыр-ай, мына балалар зерек екен», - деп сүйсіне мақтаған. Сөйтіп, әліппені бірге үйреніп, хатты бірге таныған балалар қай-қайсысымыздың да қай ұлт екенімізді еске алып, сөз етіп көрген емеспіз...

Қысқасы, бүгін Петке де, Отто да, Бәкке де, майданға хат жазғанда өзімізден кем түспейтін, қазақша мақал-мәтеліңе де, қарасөз бен қлең сөзіңе де желдей есіп тұрғандар. Ал кейбір балалар бұлардай емес, тілге әлі де болса шорқақ болатын. Көптеген сөздердің мағынасын түсіне алмай, дұрыс айта алмай қиналатын кездері бар. Сондай балалардың бірі Бели еді. Өзі мінезі аңқылдақ, айтқаныңды тез үйрене қойғысы кеп тұратын елгезек-ақ бала. Бірақ, ылғи күлкіге қап жүреді...

А) Бір сыныпта қандай ұлт өкілдері оқып жатыр? Балалардың есімдері кім? Өзге ұлттың балалары қазақ бааларымен қалай араласып кетті? Балалардың зеректігі неден байқалады? Оқиға қай тарихи кезенді сипаттап отыр?

Ә) Мәтіннен етістіктерді табыңдар.

Б) Етістіктерге морфологиялық талдау жасандар.

Бұл жаттығуды орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдылары дамиды. Мәтіннен етістіктерді тауып оған талдау жасауды үйренеді. Әдеби тілдік нормалары дамиды.

9-жаттығу. Логикалық тапсырма.

Бетің былғанса, су тазарады. Бөгемендер, жол беріңдер. Ерлік белгі көрсеткісі келгенімен, Қожантайдың өзі де ойға қала бастады. Осылар айта берсе екен, араласа берсе екен. Көңілдегідей орындап шықса, жауынгерлерге де сыйлық берілсін. Асқар оянса, ұйқысы қанып, денесі сергіп қалған екен. Топырақ жұмса, майда болса, дән еркін өседі. Мұныңыз ілімге сәйкес келсе игі еді. Қарсыласуға, тіпті тоқтатып қоюға еркі бар. Сенің де айтқаның болсын.

А) Етістіктерді рай түрлеріне қарай ажыратып жазыңдар.

Ә) Бұйрық рай жекеше, көпше түрде. Шартты рай үш жақ бойынша және қалау рай.

Бұл жаттығуды орындау арқылы оқушылар сөз бен сөйлемді дұрыс байланыстыруды және рай түрлерін дұрыс қолдануды үйренеді.

10-жаттығу. Құндылықтар негізінде білім беру бойынша мәтінтану тапсырмасы.

Қазақ халқы ас-су, азық-түлік тазалығы тәрбиесінде ұрпақтарына «Тазалығың жақсы болса, денің сау болады», «Лас су ішіп, бұзылған тамақ жеген аурудан айықпас», «Ауру мен дерттің анасы-ластық», «Қол мен ауызды жумай ас ішкенің - тас ішкенің» деп сусын мен азық-түлік тазалығына мұқият қараған. Тіпті «Тазалығы жоқтан ар-ұят сұрама» деп тазалықты ар-ұятпен сабақтастырған.

Бұл тәрбиеде қазақ халқы перзенттеріне ас-тағам әзірлейтін кезде немесе түйе, қой, бие, сиыр сауу алдында қолды, ыдысты таза сумен жуып, онан соң ас-су әзірлеп, мал сауу керек екендігін ұғындырады. Асқа отыратын кезде міндетті түрде қол жуып, оаң соң ас ішілетіндігін, қонақ келсе қолына су құйып, таза орамал ұсыну қажеттігін егжей-тегжейлі үйретеді.

Қазақ халқы ауызсу тазалығына да ерекше көңіл бөлген. Ұрпақтарына таза бастау, бұлақ сулары мен құдық суларын пайдалануды үйретіп, лас, жарамсыз суларды пайдалануға қатаң тыйым салған. Ас-тағамдарды таза қолдану, ет-сүтті әбден пісіріп барып пайдалану, тамақтың алдында, соңынан қол жуып, ауыз шайқау, азық-түліктердің бетін ашық-шашық тастамай жасауып жүру, жатып, жүрелеп отырып ас ішпеу, тамақ іш сала жата кетпеу сияқты толып жатқан ғылыми қағидаларды түсіндіріп, ұрпақтарына таза, ретті азамат болып жетілуіне күш салды. «Тал бесіктен жер бесікке дейін» кітабынан.

А) Мәтінді оқып негізгі ойды 3-4 сөйлеммен жеткізіндер.

Ә) Мәтін бойынша дұрыс, бұрысты анықтаңдар.

Азық-түліктің, тамақтың беті ашық тұру қажет. Дұрыс/бұрыс
Тазалығы жоқ адам ұяттың не екенін білмейді. Дұрыс/бұрыс
Тазалықты ар-ұятпен салыстырмаған. Дұрыс/бұрыс
Асқа отырар алдын қол жуудың қажеті жоқ. Дұрыс/бұрыс
Келген қонақтың қолына су құю қажет.

Тамақты жатып ішу пайдалы.

Б) Мәтіннен қарамен берілген сөздерге сәйкес еліктеуіш сөздері табындар.

В) Ұрпақтарына таза бастау, бұлақ сулары, құдық сууларын пайдалануды үйретіп, лас, жарамсыз суларды пайдалануға қатаң тыйым салған. Сөйлемге синтаксистік талдау жасаңдар.

Г) Мәтінде берілген тыйымдардың ғылыми дәлелін тауып келіңдер.

11-жаттығу. Шылау түрлеріне байланысты дегейлеп-саралап оқыту технологиясы бойынша тапсырмалар.

А) Мақал-мәтелдерді оқып, септеулік шылауларды тауып, шылаулардың қай септіктермен келіп тұрғанын анықтаңдар.

Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі.

Ақсұңғар ұшар жем үшін,

Ер жігіт туар ел үшін.

Еріншек түске дейін ұйықтайды.

Отан үшін күрес-ерге тиген үлес.

Ә) Мақал-мәтелері оқып, септеулік шылауларды тауып, шылаулардың қай септікте тұрғанын анықтаңдар.

Б) Көп нүктенің орнына шылауларды қойып жазыңдар.

Әдебиет, өнер ... рухани дүниелер-халықтың байлығы. Ана баласы ... түн ұйқысын төрт бөледі. Қазақ халқының айран, қымыз, шұбат, шалап ... ұлттық сусындары бар. Сүттен құрт, кілегей, қаймақ, сарымай ... өнімдер алынады. Сүтпісірім уақыт ... келіп қалды. Саба-саба қымыз ... бүкіл қонақтардың шөлін қандыруға болады.

В) Өлшем атаулары мен шылауларды қолдана отырып сөйлем құрап жазыңдар. Бірсалым тұз, бірқайнатым шай, біршымшым шай, біржұтым су, бірасым ет, бір шыны шай, біртегілім нан, бір жапырақ ет, біртегілім ет, бір білем құйрық, бір қарын май, бір табақ ет, саба-саба қымыз, астау-астау ет, тегене-тегене сүт.

12-жаттығу. Сыни тұрғыда ойлануға арналған тапсырмалар.

Гендік өзгеріске ұшыраған өнімдерге гендік кодына бөтен ген қосылған ағзалар жатады. Мысалы, картоп геніне сарышаян генін қосу нәтижесінде біз ешқандай жәндік түрі жемейтін картоп түрін аламыз. Ал, күнделікті пайдаланып жүрген қызанақты алсақ, оған солтүстік қамбала балығының генін пайдаланған. Енді, ол аязға төзімді, үсімейді. Бұл бізге не үшін қажет? Ғалымдар аштықтың алдын алудың жолы осы деп шешті ме? Гендік жағынан жаңартылған картоп енді колорадо қоңызынан зардап шекпейді, қызанақты солтүстік аязында да өсіруге болады. Сонымен бірге әдемі, бірақ дәмсіз алмалар әбден шіріп біткенше керемет иісін сақтай алады. Қазір байқап қарасақ, сатылатын жемістер сондай әдемі, біркелкі, ұзақ сақталатын болып келеді.

Ең кең тараған гендік өзгеріске ұшыраған дақылдарға соя, жүгері, бидай, рапс, картоп, мақта, қызылша жатады. Гендік өзгеріске ұшыраған азықтарды пайдалану өте зиян. Себебі өте қауіпті аллергиялық реакциялар пайда болады. Мысалы, АҚШ-та гендік өзгерістерге ұшыраған өнімдерді еркін қолданады. Аллергиямен ауыратындар саны 70 пайызды құрайды. Ал Швецияда 7 пайыз, бұл өнімдерді пайдалану тыйым салынған: Мұндай өнімдерді пайдалану асқазанның сілейлі қабатының құрылымын бұзады. Бұл зат алмасудың бұзылып, иммунитеттің төмендеуіне әкеледі, ісік ауруларының көбеюіне себеп болады, жасушаларды мутацияға ұшыратады. (Ғаламтор бетінен).

А) Оқушыларды 3 топқа бөлеміз. 1-ші топқа жеміс жидектердің суреті мен қоса, сарышаян, дәрі-дәрмектің, ГМО деген жазуы бар карточкалар үлестіріледі. 2-ші топқа ноутбук пен құлақшындар үлестіріліп видео көреді, 3-і топқа жоғарыдағы мәтін беріледі. Оқушылар бүгінгі тақырыптың не жайлы болатыны туралы сөз өрбітеді. ГМӨ өнімдердің пайдалы, пайдасыз тұстарын талқылайды.

Ә) Алма, картоп, қызанақтың генетикасы өзгергенге дейін және кейін қандай өзгеріске ұшырайтынын салыстырып жазады.

Б) Мәтіннен шылауларды тауып, талдаулары қажет.

Бұл тапсырманы орындау арқылы оқушылардың таным көкжиегі артады. Жаңа терминдермен танысады. Мәтін түрін ажыратуды үйренеді. Айтылым дағдылары жетіледі.

13-жаттығу. Quizizz платформасы арқылы қайталау тапсырмаларына тест. Жалпы оқушыларға логикалық тапсырмаларды түрлі цифрлық құралдар арқылы беру тиімді. Оқушылар тапсырманы орындап, соңында өздерінің жіберген қателерімен жұмыс істей алады.

Еліктеу сөздің мағыналық түрі нешеу? Негізгі еліктеу сөзді табыңыз. Елпең зың шұбалаң жымың ақсаң, Көп нүктенің орнына қойылатын еліктеу сөзді табындар. Ол ... еткен дыбысты алыстан естиді. Бұрқ-бұрқ, зың-зың, борш-борш, маң-маң, сарт-сұрт. Баяндауыш жасауға қатысып тұрған бейнелеуіштерді табындар. Көксеректің жанына дүрс етіп сұлап түсті. Үлкен өткір көздері жалт-жұлт етеді. Бүйір жағынан келіп арс етіп қауіп түсті. Ол бетін жастыққа басып, солқ-солқ жылап жатыр. Әлгі адам сәл бөгеліп, тау шыңына қарай көз жіберді.

Бұл тапсырманы орындау арқылы оқушылар еліктеу сөздерді қолдануды, өздігімен жұмыс жасап, қатемен жұмыс жасауды үйренеді.

14-жаттығу. Padlet платформасына жағымды және жағымсыз кейіпкері бар қиял-ғажайып ертегі ойластырып жазындар. Сөйлем ішіндегі тыныс белгілерге назар аударындар. Бір-бірлеріңе комментарий жазындар.

Бұл тапсырманы орындау арқылы оқушылар ғаламтор бетіне сауатты жазуды, padlet платформасында жұмыс істеуді үйренеді.

2.3 Қазақ тілі пәні бойынша дарынды балалармен жүргізілген эксперимент нәтижелері.

Қазақ тілін оқытуда қолданылатын технологиялар іріктеліп, оқу әдістемелік материалдар дайындалып эксперименттік оқу жүргізілді. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың таным белсенділіктерін арттырудың маңызын әрі тиімділігін айқындауда 8 сыныпқа белсенді және бейтарап эксперименттер жүргізілді. Қазақ тілін оқытуда, сыни тұрғыдан оқыту әдісі, проблемалық әдіс, жаттығу әдісі (аналитикалық, логикалық жаттығулар, танымдық тапсырмалар, тапқырлық ойындар), интерактивтік әдістер, жоба әдістері қарастырылып, эксперименттен өтті.

Эксперимент жасалатын топтарға алдын-ала бақылау әдісі қолданылды. Нысанға алынып отырған бақылау және эксперимент сыныптарға айтылым дағдысы, тапсырма жасаудағы белсенділіктері мен грамматиканы меңгеру деңгейлері бойынша алғашқы мониторинг жүргізілді. 8-сыныптардың сабақтарына қатысып, оқушылардың тақырып меңгерудегі тапсырмалардың сан алуандығы маңызды екендігі аңғарылды. Оқушылардың бар зейінімен сабақты тыңдауы, тапсырмаларды жасауы, белсене араласуы сабақ мазмұнының біркелкі болмауына байланысты деген болжам мен пайымдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының нәтижелі болуы үшін әр сыныптан екі топ алынды. Бірі экспериментті топ, екіншісі бақылау тобы. Эксперимент сыныбына жұмысымыздағы таңдалған әдістермен тапсырмалар берілсе, бақылау сыныбында оқыту өзгеріссіз жүргізілді. Бір сыныпты екі топқа бөліп оқытатын мектепте, әр топ шамамен 12-13 оқушыдан тұрды. Оқушылардың даярлығы мен үлгерім дәрежелері бірдей болды.

Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы. Орфография бойынша тапсырма. Оқушыларға Рабиға Сыздықованың еңбегінен мәтін берілді. Оқушылар мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжаулары және оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазулары керек болатын. Оқылым мәтіні.

XX ғасырдың 10-жылдарына дейін қазақтың өз жазуы болмаған еді. Өзге көршілес түркі халықтары сияқты қазақтар да араб таңбаларын қолданып келді. Араб әліпбиі қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сай келмейтіндігін, бұл таңбалармен қазақ сөздерін дұрыс, сауатты жазуға мүмкіндіктің аздығын, оқыту ісінде келтіретін қиындығын анық байқаған қазақ зиялылары ана тіліміздің өз жазуын жасау керектігін сөз ете бастайды. Әлеуметтік пікірге «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті де үн қосып, мақалалар жариялайды.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ мектептерін ашып, оқуды қазақ тілінде жүргізу үшін, ең алдымен, ұлттық жазуы – әліпбиі болуы қажет деп білді. Ғалым өз жобасын ұсынып, оған «қазақ жазуы» деген айдар тақты. Бұл әліпбидің негізі араб таңбалары болғанымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріліп, жаңаша түзілген. Қазақ тілінде жоқ дыбыстардың таңбалары шығарылып тасталған, араб әліпбиінде жоқ кейбір таңбалар

қосылған мүлде жаңа әліпби болды. 1912 жылдардан бастап қолданыла бастаған әліпбиді қазақ жұртшылығы, әсіресе, мұғалімдер қауымы еш талассыз, бірден қабылдап, іс жүзінде қолданды. «Қазақ жазуы» Қазақстанда 17–18 жылдай жақсы қолданылып, енді тұрақтай бастағанда, күшіпен тарих сахнасынан түскенімен, мүлде құрдымға кеткен жоқ, бұл жазумен қалдырылған мол мұра қазіргі мәдениетімізге де орасан зор қызмет етіп отыр. Қытайдағы, Иран мен Ауғанстандағы қандастарымыз күні бүгінге дейін Байтұрсынұлы жазуын қолданып отыр.

Бұл тапсырманы орындауда оқушылар көтерілген мәселені болжады, мәтін ішіндегі ақпараттарды іріктеп, тірек сөздерді анықтады. Мәтіннің баяндау желісін сақтай отыра жинақы мәтін (тезис) жазды. Сабақта берілген тың ақпараттар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арта түсірді. Барлықтары мәтінді мұқият оқып, сауатты сұрақтар дайындады. Оқушылардың сұрақтары: Жауаптар: Қазақтар өз жазуы болмағандықтан қай уақытқа дейін араб таңбасын қолданды? Қазақ зиялылары ана тіліміздің өз жазуын жасау керектігін сөз ете бастауының себебі неде? Қай басылымдарда осы тақырыптағы мақалалар жарияланды? Ахмет Байтұрсынұлы қандай жоба ұсынды? Жаңа әліпбидің негізгі ерекшеліктері қандай? «Қазақ жазуы» Қазақстанда қанша уақыт жақсы қолданыста болды? Күні бүгінге дейін Байтұрсынұлы жазуын қай елдегі қандастарымыз бүгінге дейін қолдануда? Секілді ашық, жабық, проблемалық сұрақтар құрастырды.

Әдеби сөздерді пайдалана отырып сұрақтарға жүйелі түрде жауап беруге тырысты. Мәтінде көтерілген негізгі мәселені анықтады. Мәтінде көтерілген негізгі мәселе – қазақ халқының өз ұлттық жазуының болу қажеттілігі турасында. Келесі оқушылар әдеби тілдік норма және жоспар бойынша орфографиялық принцип тақырып өтіп жатқандықтан түрлі грамматикалық тапсырмалар берілді. Оқушыларға берілген мәтін бойынша фонетикалық, морфологиялық, дәстүрлі принципті табу керек болатын. Бақылау тобына мәтіндер үлестірілді. Эксперимент тобына Iearnings app бағдарламасы бойынша электронды түрде жасалынды. Оқушылар бағаланды (1-диаграмма). Нәтижеде бақылау тобы тапсырманы сол қалыпта, эксперимент тобының тапсырма орындауда және қатемен жұмыс істеуде пәнге деген қызығушылығының артуын байқауға болады. Оқушыларға арнайы бағалау критерилері беріліп сол бойынша бағаланды.




Жас туристің жаднамасы

Денсаулық саяхат кезінде ерекше күтімді қажет етеді. Адам баласының ағзасына демалыс кезінде жол ауыртпалығын көтере алмау, жаңа ортаның климаты, тамағы, уақыттың ауысуы әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ, халық көп шоғырланған жерде түрлі бактериялар мен инфекциялар өршіп жүреді. Сол себептен де саяхат кезінде денсаулығыңызға салғырт қарамаған жөн. Жолға шықпас бұрын дәрігерге барып, денсаулығыңызды тексеріп алыңыз. Саяхат кезінде денсаулығыңыз с

ыр бермесін десеңіз, дәрігер кеңесіне зер салып, өзіңізді күтіңіз. саяхатқа шықпас бұрын, саяхат кезінде, өзіңізбен бірге міндетті түрде ала жүріңіз. Келесі оқушыларға зат есімнің сөйлемдегі қызметін анықтауға арналған аналитикалық жаттығу берілді. Туризм тақырыбына жазылған мәтінді «В» деңгейіндегі оқушы мәтінді түсініп, тақырыбын қоя алды. Мәтін ішіндегі зат есімдерді, тауып қай түріне жататынын барынша табуға, айтуға тырысып бақты. «А» деңгейіндегі оқушы тақырыбын қойып, зат есімдерді сөйлем ішінен тауып, түрін ажыратып, зат есімнің сөйлемдегі қызметін толықтай түсінді.

Оқушылардың зат есім оның сөйлемдегі қызметі, мағынасына қарай түрлерін ажырата білулері үшін әрі теориялық білімдері кеңейе түсіп, ойлана отырып өздігінен жұмыс істеу мақсатында логикалық жаттығулар берілді. Тапсырмада жалпы зат есім, оның сөйлемдегі қызметіне, жасалу жолдарына қарап, қай түрі екенін ажыратып, кестені толтырулары тиіс. Оқушылардың басым бөлігі логикалық тапсырмада қиналды. Себебі өздігінен ойланып, берілген әдеби мәтіннен зат есімді тауып оны сөйлем мүшелеріне талдау оңайға соқпады. Жұмысты «өте жақсы» деген бағаны 6 оқушы, «жақсы» деген бағаны 3 оқушы, «қанағаттанарлық» деген бағаны 4 оқушы алды. Практикалық тапсырмаға көшпес бұрын логикалық жаттығу барысында жасалған қателермен жұмыс жасалынды. Содан соң барып теорияны практикаға қолдану мақсатында жұптастыру тапсырмасы жүргізілді. Берілген түрлі мәтіндерді оқып, талдап, жұптастыра білуде «өте жақсы» деген бағада 11 оқушы, «жақсы» деген бағада 2 оқушы жазып шықты. Бақылаушы топқа жұптастыру тапсырмасына сай келетін тапсырма барысында 13 оқушының тек 6 «өте жақсы» деген бағада жазып тапсырды. Логикалық жаттығу (төменде көрсетілген 2-диаграмма) орындау барысында оқушылардың өз күштерімен, еш жерден көшірмей, қиналып, ойлана отырып түрлерін табудың нәтижесінде теориялық білімі нығая түсіп, келесі берілген тапсырманы қиналмай тез орындауға жол ашты.

Логикалық жаттығулар нәтижесі




Саяхаттау тақырыбына байланысты көзқарастары мен проблемалық сұрақтарды шешу арқылы, сыни ойлау дағдысын қалыптастыру мақсатында проблемалық әдіс алынды. Оқушылар жұппен жұмыс істеп, грамматикалық тапсырманы тез орындады. Келесі мәтінмен жұмыс барысында, проблемалық сұрақтың шешімін табуда өздері сұрақты өзара талқылап, ойларымен бөлісті. Әр оқушы алдымен өз ойларын айтып, кейін ортақ бір шешімге келді. Өзара ақылдаса отырып, сұрақтарға жауап берді. Мәтінмен жұмыс істеу барысында айтылым дағдыларын жетілдіре түсті.

Оқушылардың әдеби тілдік нормалар бойынша жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің аражігін ажыратып, мағынасына қарай құрмалас сөйлемге айналдырып, салыстыра отырып ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында салыстыру әдісін эксперименттен өткіздік. Тапсырманың мысалы оқушылармен талқыланып, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтары көрсетілді. Кестеде берілген бірыңғай мүшелі жай сөйлемді келесі бағанаға құрмалас сөйлемге айналдырып жазу тапсырмасы орындалды. Тапсырма орындауға оқушылар біраз уақытын жұмсады. Өз бетімен ойланып, мұғалімнің бағыт-бағдары арқылы орындап шықты.

Оқушыларға түрлі технологиялармен оқытуда жасалынған экспериментте тапсырмаларды орындаудағы белсенділіктері, айтылым дағдылары, грамматиканың меңгерілуі басты назарға алынды. Жасалған оқушылардың сараптай отырып, диагностикаға салу арқылы нәтижесін шығарылды.

Екі топтағы оқушылардың орындаған жұмыстарын сараптай отырып, нәтижелерін талдай келе, төмендегідей (3-диаграмма) мониторинг нәтижелері шығарылды.



Қорыта келе, мониторинг нәтижелерін салыстыра отырып, оқушылардың тапсырмалар нәтижесінде пәнге деген қызығушылықтарының артуы, тапсырмалар орындауда белсенділіктерінің артқандығы, айтылым дағдысында жағымды өзгерістер мен грамматиканың меңгерілуінде оң нәтижелер бергендігін байқауға болады. Зерттеу жұмысы барысында оққышылардың қазақ тілін оқытуда олардың зияткерлік қабілетін тағы да қалай арттыруға болады деген сұрақта түрлі технологияларды қолдана отыра таңдалған әдістер іріктеліп, олардың тиімділігі анықталды. Бақылаудан өткен әдістер оқушылардың өзіндік көзқарастарын білдіруде, осыған дейін жинақтаған білімін іс жүзінде пайдалана білуде, таным көкжиегін кеңейтуде, сабаққа деген ынтасын ашуда әрі грамматиканы оңай игерулерінде ұтымдылығы жоғары болды. Әдістер балалардың қызығушылығымен, дүниетанымымен санаса отырып, оқу мақсаттарымен үйлесім тапса, нәтижелердің ілгерілеуін байқауға болады. Яғни қазақ тілі сабақтарын түрлі оқытудың қызықты әрі маңызының жоғары екендігі дәлелдене түсті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ғылым мен техника дамыған заманда қарқындап дамып келе жатқан білім деңгейіне, мәдениет, әдебиет, ел экономикасына өз үлесін қосатын функционалды сауатты тұлға қалыптастыру басты назарда. Әлемдік өркениетті жүйеге ену үрдісі еліміздегі білім беру саласының барлық деңгейінің сол стандарттарға бейімделу механизмін қалыптастыра бастады. Қазіргі таңда дарынды балалармен жұмыс жүргізу, оқушылардың зияткерлік қабілетін арттыру қазақ тілі сабақтары арқылы ұйымдастыру, оның практикалық жүйесін жасап, ұсыну маңызды.

Зерттеу жұмысымда қазақ тілі пәнінің білім беру бағдарламасына, оның құрылымына талдау жасалды. Зияткерлік, дарындылық ұғымдарына психологиялық-педагогикалық аспектіде ғалымдардың еңбегіне сүйене отыра талдаулар жүргізілді. Зияткерлікті анықтау, оны арттыратын әдіс-тәсілдер жүйеленіп, тапсырмалар құрастырылды. Дарынды балаларға арналған мектептер оларға түсу шарттары сараланды. Ол жақтағы қазақ тілі пәнінің оқытылуына назар аударылды. Дарынды балаларға арналған мектептердегі білім беру мазмұнына шолу жасалды. Қазақ тілі пәні арқылы оқушылардың зияткерлік қабілетін дамытуға бағытталған жұмыстар, олардың дүниетанымын, оқутанымын дамыту жолдары ұйымдастырылып жазылды.

Қазақ тілі сабағында қолданылатын технология түрлері (құндылықтар негізінде білім беру, сыни тұрғыдан ойлану, проблемалық оқыту, ұжымдық, жеке оқыту әдістері, оқушылардың таным белсенділігін арттыратын әдіс-тәсілдер) топтамасы талқыланды.

Оқушыларға түрлі әдіс тәсілдерді пайдалану арқылы эксперимент жүргізілді. Эксперимент оң нәтиже көрсетті. Оқушылардың айтылым, тыңдалым, оқылым дағдылары дамыды. Түрлі технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артты. Зерттеу жұмысым өз мақсатына жетті, барлық міндеттер орындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кант И. Критика чистого разума - М.: ЭКСМО, 2006. -736 с.
2. Гегель Г. Философские сочинения. — М., 1959. — Т. 9.-457 с.
3. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения, М. 1995.- 360с.
4. Песталоцци И.Г. Личность. Деятельность. Коллектив. М.:Политиздат,- 1982.-255с.
5. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. М.: Педагогика, 1972. - 168с.
6. Ушинский К. Д. Избранные педагогические сочинения/Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии (1861).-М.: Изд-во Академии наук РСФСР, 1945. - С. 475
7. Жарықбаев Қ.Б. Психология. Алматы: «Білім», 1993.-158б
8. Нарикбаева, Калиева С.И. Подготовка будущего учителя к работе с одаренными детьми: Методическое пособие.- Алматы,- 2001-15б.
9. Платон. Государство: Сочинения.-М., 1971.- Т.3, ч.1.-315 с.
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ресми сайты //https://daryn.kz/kk (қаралған күні 01.01.2022).
11. Назарбаев Зияткерлік мектебінің ресми сайты//https://www.nis.edu.kz/ (10.01.2022).
12. Қазақстан Республикасы Білім туралы заңы//adilet.zan.kz (қаралған күн 15.01.2022).
13. Абай атындағы РММИ ресми сайты//https://abaimekter.kz/ (қаралған күні 10.02.2022).
14. Білім-Инновация халықаралық қоғамдық қоры ресми сайты// https://bil.edu.kz/ (қаралған күн 15.01.2022).
15. Платон. Государство: Сочинения.-М., 1971.- Т.3, ч.1.-315 с.
16. Хуан Уарте. Врачи-философы. -М,: Медицина, 1990.— 384 с.
17. Джон Локк .Воспитательный потенциал поликультурного образования и его реализация в современной школе.-М., 2005. - 259 с.
18. Құнанбаев А. Қара сөздер. — Алматы: Өнер, 2006. -118 б.
19. Жұмабаев М. Педагогика.- Алматы. 1993, -201 б.
20. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды: в 2 т. - М.: Педагогика, 1980, т. I - 230с; т. II - 287с.
21. Джавич Д. Управление процессом усвоения знаний. – Изд. Моск. Унта, 1975.-343с.
22. Уиннер Э. Интеллектуальная активность как психологический аспект изучения творчества. // Исследование проблем психологии творчества. - М.: Наука, 1983. - С. 182-195.
23. Роппер А.Сознание. Личность. – М., 1975. – 304с.
24. Клэр Х. Избранные философские сочинения. 2-х том. Т.1, М., Соц.-экон.лит. 1960- 537.

25. Колесников. В.Б. Психологические основы профессиональной подготовки педагогов и психологов дошкольного образования: автореф. ... д. психол. наук. – 1999. - 47 с.
26. Р.Дж. Хавингхурст. Н.Ф. Управление процессом усвоения знаний. – Изд. Моск. Ун-та, 1975.-343с.
27. С.В.Кузнецова. Формирование умственных действий. М.,– 1999. - 47 с.
28. Теплов Б.М. Избр. труды: в 2-х т.- М.: Педагогика, 1985.-Т.1- 329 е., Т.2- 359 с.
29. Пиаже Ж. О природе реактивности//Вестник МГУ. Сер.14, Психология.- 1996.-№3.-С.8-17.
30. Холодная М.А. Психология интеллекта: парадоксы исследования. М. - Томск: Изд-во ТГУ, 1997.-205с.
31. Выготский Л.С. О связи между трудовой деятельностью и интеллектуальным развитием ребенка.- В кн.: Хрестоматия по возрастной и педагогической психологии / Под ред. И.И. Ильева и В.Я. Ляудис.- Изд-во МГУ, 1980.- С. 114-120.
32. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды: в 2 т. - М.: Педагогика, 1980, т. I - 230с; т. II - 287с.
33. Ожегов, С.И. Словарь русского языка: ок. 53000 слов / С.И. Ожегов; под общ. ред. проф. Л.И. Скворцова. – 24-е изд., испр. – М.: ООО «Издательство Оникс»: ООО «Издательство Мир и образование», 2007. – 640 с.
34. Алексеев И.С. Об универсальном характере понимания // Вопросы философии. 1987, №76. С.13-18.
35. Блонский П.П. Избранные психологические произведения. М., 1964, 313с
36. Левитов Н.Д. «О психических состояниях человека». М., «Просвещение», 1964, Психология характера. Изд. 3-е, испр. и доп. М.: Просвещение, 1969.- 195с.
37. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка / С.И. Ожегов, Н.Ю.
38. Шведова. - М.: Азбуковник, 1999. - 944 с Растяников А.В. Рефлексивное развитие компетентности в совместном творчестве / А.В. Растяников, С.Ю. Степанов, Д.В. Ушаков. - М.: ПЕР СЭ, 2002. - 320 с.
39. Gordon, L. M. (2006). Howard Gardner. // «The encyclopedia of human development.» Thousand Oaks: Sage Publications, 2, 552-553.
40. Окушыларды психологиялык колдау сайты //https://www.wisefull.org/ (каралган күн 20.03.2022)
41. Щукина Л.А. Становление и развитие профессионального самосознания будущего педагога / Е.И. Исаев, С.Г. Косарецкий, В.И. Слободчиков // Вопросы психологии. - 2000. - №3. - С.57-66.
42. Лихачев Б.Т. Психология профессионального развития учителя. М.: Флинта: Моск. психолого-соц. ин-т, 1998.-286с.
44. ошанов М.Становление и развитие профессионального самосознания будущего педагога / Е.И. Исаев, С.Г. Косарецкий, В.И. Слободчиков // Вопросы психологии. - 2000. - №3. - С.57-66.

45. Скаткин. М.Н. Высшая школа России: проблемы сохранения интеллектуального потенциала. - М.: Мысль, 1998. - 215 с.
46. Давыдов В.В. Методология образования. - М. 2002.-247с.
47. Нұрахметов Н. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 206.
48. СТО. Темпл Ч., Стилл Дж., Мередит К. Сабақтарды жоспарлау және бағалау. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірленген VI-кұрал. – Алматы, 1998. 236.
49. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. М.: 1999. - 526 с.
50. Джон.Д. Психология индивидуальных различий. - М.: Планета детей, 1997. - 328с.
51. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 386.